Халифа Алтай

ХҰТПАЛАР

Діни уағыз - насихаттар

УДК 297
ББК 86.38
Х 17

Халифа Алтай.
Х 17 **Хұтпалар** – Алматы: Халифа Алтай Халықаралық қайырымдылық қоры, 2009. – 128 бет.

ISBN 9965-9205-4-0

Х 0403000000
00(05)09

УДК 297
ББК 86.38

ISBN 9965-9205-4-0

© Халифа Алтай Халықаралық
Қайырымдылық қоры, 2009.

БИСМИЛЛАҺИРРАХМАНИРРАХИМ

Хұтпаға байланысты бір екі ауыз сөз

Қадірлі мұсылмандар! Дініміздің біздерге міндетті түрде орындалуын парыз еткен ғибадаттарын зерттеп қарағанда, Жаратқанға бойсұнып, құлшылық етумен қатар, жаратылғандарға да қамқорлық жасап, қорғай отырып, көркем мінез-құлықтарға және рухани қасиеттерге ие бола өзара береке-бірлік, қарым-қатынастарды нығайтуға тығыз байланысты елеулі де мықты қоғамдық маңыздарды қамтығанын айқын көруге болады.

Айталық: жамағат болып, көңшілікпен өтелген намаздардың анағұрлым артық сауабы болатындығы және аптасында бір рет жиналып, жамағатпен өтслетін Жұма намазынын парыз болуы, нслам дінінің жеке даралық емес, қоғамшыл, ұйымшыл бір дін екендігін ортаға ашық түрде коюда. Қорытып айтқанда Ислам дініндс жамағаттың, қоғамнын, сондай-ақ қоғамшылдыктың өте елеулі маңызы, аса жоғары мәні бар екендігі түсінікті. Сондықтан Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Жамағатпен оқыған намаздың жеке оқыған намаздан жиырма есе артық сауабы бар», – деп, елеулі түрде ескерткен.

Және Құран Кәрімде «Жұма» сүресінің 9-шы аятында: «Әй, мұсылмандар! Жұма күні намаз үшін азаһ айтылған кезде, дереу Аллаһты еске алуға (намазға) ұмтылындар. Және сауданы қойындар. Егер білгсн болсаңдар сендер үшін жаксы» – делінген бейнеде әмір беріледі. Міне бұл аяттын әмірі бойынша әр мұсылман Жұма намазының азаны айтылғанда істерін, жұмыстарын тастап, мешітке ұмтылулары шарт. Жұманын шартына толмайтын қандай да бір жагдай болмағанда Жұма намазын өтемегендерге байланысты ескертулер бар. Жоғарыдағы Аллаһты еске алуға (зікірге) деген сөз туралы көптеген ғалымдардың бағалаулары бойынша «зікір» – әрі хұтпаны, әрі Жұма намазын қамтиды. Оның үшін Жұма намазынан бұрын хұтпа оку парыз болған.

Ал, енді хұтпаның да өзіне тән шарттары бар. Мысалы уақыт кіргеннен кейін Жұма намазынан бұрын оқу. «Әлхамдулилаһ» деп бастау. Аллаһ Таьаланың ұлы снпаттарын зікір ету. (Баяндау). Аллаһтың бірлігіне, Пайғамбардың, Оган Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, растығына куәлік ету, салауат оқу, жамағатка такуалық және жұма күнінін, намазының ерекшеліңтері мсн ержелері жайлы уағыз айта, әр түрлі дінн мәселелерге байланысты үгіт, насихат сөйлеу. Хұтпаны екіге бөліп, бірінші және екінші хұтпада Аллаһ Таьаланы сипаттарына лайык мадактау. Пайғамбарымызға, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, салауат айта отырып, бүкіл

мұсылмандар үшін ізгі дұғада болу. Хұтпаны оншалық ұзатпау қажет. Өйткені Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, хұтпаны үнемі жағдайға сәйкес оқушы еді. Сондай-ақ жалпы түрде барлық хұтпалары орташа дәрежеде болушы еді. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, «Бір кісінің намазын ұзақ, хұтпасын қысқа оқуы ғалымдықтың белгісі. Сондықтан намазды ұзақ, хұтпаны қысқа оқыңыздар!», – деп бұйырған. Былай айтқанда, уақытты, жағдайды көз алдыға ұстай, кейде ұзын, кейде қысқа оқу қажет.

Қадірлі жамағат! Берілген қысқаша түсінік бойынша, хұтпа – Аллаһ Таъаланы еске алуды (зікір етуді) қамтыған бір ғибадат болумен қатар, мұсылмандардың білуі қажет болған діни үгіт, насихаттарды ішіне алады. Сондықтан хұтпанын уағыз бөлімінде жағдайға сәйкес түрде мұсылмандардың дүние, ақыретіне байланысты керекті мәселелеріне тоқталып, мұсылманшылықтың жол-жора және әдет-ғұрыптары түсіндіріледі.

Хұтпа қайсы тілде оқылса да, оның өзіне тән қағида және заңдылықтары ескеріліп, дұрыс әрі терең мағыналы түрде оқылуы жөн.

«Хұтпа» деген атаудың мағынасы – сөйлеу. «Хатіптің» мағынасы – сөйлеуші деген болады. Хұтпаның тек қана арабша оқылуы арабша білмейтін мұсылмандардың үгіт-насихат алуларына мүмкіндік бере қоймайды. (Басылуы мүмкін болмағандықтан бұл хұтпада дәлел ретінде келтірілген аят және хадистердің тек қана мағынасы беріледі).

Сондықтан бүгінге дейін қалыптаса, жалғасып келе жатқан мұсылмандар арасындағы қоғамдық тұлғаға оғаштық тудырмау және арман етілген мақсатты орындау үшін, хұтпаның Аллаһты зікір ету, Пайғамбарға, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, салауат айту ережелерін қамтыған тұстарын ғана араб тілінде оқып, уағыз бөлімін жамағаттың білетін тілдерінде баяндау шарт.

Атап айтқанда оқылған аят, хадистердің мәні, маңызы халық тілінде түсіндірілгені абзал. Бірақ әр адамның аяттар мен хадистердің ұғымын халыққа түсіндіре алу қабілеті бола қоймайтындығын ескере отырып, соларға жетекші ретінде бұл кітапта, бір жылдық жұма, екі айт және неке хұтпасы қамтылған.

Сондай-ақ осы азғантай еңбегім елдің кәдесіне жараса өзімді зор бақытты есептеймін.

Аллаһ тауфиқ, хидаят берсін. Әмин.

ХАЛИФА АЛТАЙ ҒАҚЫПҰЛЫ

1992 Ақпан, Ыстамбұл

БІРІНШІ ХҰТПА

АЛЛАҺ ТАҢАЛАҒА ИМАН КЕЛТІРУ ЖАЙЛЫ

Қадірлі жамағат! Аллаһ Таңала «Юнус» сүресінің 101-ші аятында Өзін тану жайлы: «Әй, Мұхаммед! (Оларға) қараңдар! Көк пен жерде не бар? – де. Сенбейтін қауымға дәлелдер, ескертулер пайда бермейді», – деген. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жаратушыны тану үшін жаратылғандарға ой жүгіртіңдер. Негізінде Аллаһ Таңаланы затынан ойлап біле алмайсыңдар!», – деген. Және бір сөзінде: «Бір сағат Жаратушыны ойлау – алпыс жыл (Аллаһ Таңаланы еске алмай) құлшылық еткеннен жақсы» – деген.

Бұл кең әлемдегі жаратылыстардың жалғасты түрде еш ауыспай жүріп тұрған тамаша заңдылығы ешбір иесіз өзінеи-өзі кездейсок бола алмайды. Меңіреу табиғат, әлемді қайтіп барлыққа келтіреді? Меңіреу табиғат тауықтың балапанына жем шоқитын тұмсықты, қозыға енесін еметін ыңғайлы ерінді, құстарға ұшатын қанатты қайдан біліп береді? Көр табиғат мұндай ұшы-қиырсыз әлемді бұлжымайтын тәртіппен қайтіп басқара алады?

Әрине, басында миы бар ақылды адам осыларға зер салып терең үнілсе, меңіреу табиғаттың үстіне өте күшті, аса шебер жаратқанның барлығын еріксіз мойындайды.

Сондықтан бұл әлемдегі жаратылысқа ой жіберіп шын мәнінде Аллаһ Таңаланың барлығына және бірлігіне шынайы жүректен сеніп әрі тілмен де айтуы «Иман» – сену деп, сенушіні «Мүмин» – сенуші деп атайды. Осы негіздегі Ислам дінін мойындаушыны «мұсылман» – мойындаушы, мойындамағанды «кәпір» – қарсы болушы деп атайды.

Әлхамдулиллаһ, біз мұсылманбыз! Аллаһ Таңала біздерге ақыл-ой, сана-сезім берді. Бұларды меңіреу табиғат бере алмайды.

Қадірлі жамағат! Жаратканның біздерге көзге көрінбейтін етіп берген ақыл-ой, сана-сезімін пайдаланып, бұларды берушіні көзбен көрмедік деп мойындамасақ, өзімізден-өзіміз жаралдық немесе бізді табиғат жаратты десек, сонда жаратушының өзімізге берген ақылын пайдаланбаған, не теріс-қағыс пайдаланған боламыз.

АЛЛАҺ ТАҢАЛАНЫҢ СИПАТТАРЫ

Аллаһ Таңаланың заттық сипаттары алтау:

1 – «Ұжуд» – Аллаһ Таңала ежелден, әр заман, әр жерде бар. Бірақ барлығында денеге, бейнеге мұқтаж емес.

2 – «Қыдем» – Аллаһ Таңала бұрыннан бар. Барлығының әуелі жоқ.

3 – «Бәқа» – Аллаһ Таңала ұдайы бар. Бар болуының соңы ақыры жоқ.

4 – «Уахданийет» – Аллаһ Таъала жалғыз, біреу-ақ. Ешбір ортағы, жолдасы, серігі, көмекшісі жоқ.

5 – «Мұхәләфәтүн лилхауадис» – Аллаһ Таъала жаратылғандарға ұқсамайды. Теңдесі жоқ.

6 – «Қиям бинәфсиһи» – Аллаһ Таъала өзінен-өзі бар. Еш нәрсеге мұқтаж емес.

Аллаһ Таъаның бекітілген сегіз сипаты бар:

1 – «Хаят» – Аллаһ Таъала тірі, ежелден үнемі тірі. Өзіне тән тіршілік сипатымен тірі. Еш өлмейді. Тіршілігінде денеге, жанға мұқтаж емес. Хаят сипаты.

2 – «Ғылым» – Аллаһ Таъала Өзіне тән білу сипатымен әр нәрсені әр уақыт, әр жерде болған немесе болашақ құбылыстарды, жүректегі ойды, көрнеу, жасырынды толық біледі. Аллаһ Таъаланың білуінен тыс ешнәрсе жоқ. Ғылым сипаты.

3 – «Сәмәғ» – Аллаһ Таъала әр нәрсені әр заман толық естиді. Ұзақ, жақын, қатты, ақырын есеп емес. Естуде құлакқа мұқтаж емес. Аллаһ Таъаланың есту сипаты.

4 – «Басар» – Аллаһ Таъала әр заман әр нәрсені толық көреді. Ұзақ-жақын, жарық-қараңғы, көрнеу-көмескі есеп емес. Аллаһ Таъаланың көру сипаты.

5 – «Ирада» – Аллаһ Таъаланың қалау сипаты. Әлемдегі әр нәрсе бүкіл құбылыстар Аллаһ Таъаланың қалауымен болады. Аллаһ Таъала қаламаса болмайды. Аллаһ Таъаланың қалау сипаты.

6 – «Құдірет» – Аллаһ Таъала өте күшті. Әлемдегі әр нәрсеге күші басым. Табиғат күштерінің үстінде шексіз күшке ие. Күштілік сипаты.

7 – «Кәлам» – Аллаһ Таъала сөйлейді. Сөйлеуде тілге, ауызға, дауысқа мұқтаж емес. Өзіне тән сипатымен сөйлейді. Сөйлеу сипаты.

8 – «Тәкуин» – Аллаһ Таъала жоқтан бар етіп болдырады. Аллаһ Таъала бұл әлемдегі болған, болатын, білінген, білінбеген бір тұтас әр нәрсенің жаратушысы. Жаратуда құралға мұқтаж емес. «Бол» дейді – болады.

Қорытып айтқанда, Аллаһ Таъала ежелден ұдайы бар. Басқа ешнәрсеге ұқсамайды. Еш нәрсеге мұқтаж емес. Жолдасы, ортағы, теңдесі жоқ. Үнемі тірі, Білгіш, Қалаушы, Күшті, Сөйлеуші, Естуші, Көруші, Жаратушы. Осы сипаттарға толық ие. Жаратқан, жасаған «Аллаһ»: түрікше «Тәңір», парсыша «Худа», қазақша «Құдай» деп аталады. Бірақ – тәңір, худа, құдай деген сөздер «Аллаһ» деген атаудың орнын толтырмайды. Аллаһ Таъала «Лә иләһә иллаАллаһ Мұхаммадур расулуллаһ» делінген көркем сөзге жүрекпен сеніп, тілмен айтқан – иманды құлдарынан ете көрсін! Әмин.

ЕКІНШІ ХҰТПА

ТАУХИД – АЛЛАҺ ТАЪАЛАНЫ БІРЛЕУ ЖАЙЫНДА

Қадірлі жамағат! Аллаһ Таъала «Ыхлас» сүресінде Өз затының біреу ғана екендігі жайлы: «Әй, Мұхаммед! Аллаһ Таъаланың қандай зат екенін бізге түсіндір», – дегендерге: «Ол Аллаһ біреу-ақ. Аллаһ Таъала мұнсыз. Еш нәрсеге мұқтаж емес, барлығы Оған мұқтаж. Тумады да туылмады. Әрі еш нәрсе Оған тең емес» – деп айт», – деп түсіндіреді. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Кімде-кім нағыз ықыласымен: «Аллаһтан басқа ешбір Тәңір жоқ» – десе жәннатқа кіреді. Және «Аллаһтан басқа ешбір Тәңір жоқ» деген сөз жәннаттың жемісі», – дейді, басқа бір риуаятта: «Жәннаттың кілті» – деген.

Қадірлі жамағат! Аллаһ Таъала бұл «Ыхлас» сүресінде – Ол Аллаһ жалғыз, бірнешеу емес, әрі мұн-мұқтажы жоқ, мұнсыз, тумады. Орынбасары, мираскоры жоқ. Туылмады. Жаңа емес, ежелден бар және ешнәрсе Оған тең бола алмайды, – делінген бейнеде баяндаса, Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, егер кімді-кім шынайы ықыласымен Аллаһ Таъаланың бірлігін мойындаса, оның жәннатқа кіретінінен, қылмыстары себепті жазаланса да, ақыр мұратқа жететінінен, сондай-ақ жәннаттың жемісін жейді, есігін бір ашады деген мазмұнда үміт береді. Жаратушының бар және теңдессіз екендігіне сенген, Оған ешнәрсені теңемеген мұсылман тозақта мәңгі қалмайды, инша Аллаһ бір құтылады.

Қадірлі жамағат! Сонау көне дәуірде де, осы кезде де дүние халқының арасында екі түрлі көзқарас немесе екі түрлі сенім бар. Біреуі – бұл әлемде ие жоқ, өзінен-өзі кездейсоқ түрде жаралды. Өзінен-өзі құбылып, иесіз басқарылып тұрады-мыс дейді. Бұл хурапи көзқарасты – «атеизм» (Аллаһсыз) деп атайды.

Екінші көзқарас – (сенім) бойынша, әлемді басқарып тұрған, табиғаттан үстем бір күш бар. Бірақ ол жеке-дара емес, оның серігі не *серіктері бар деп, кейбір табиғат күштерін, айталық: айға, күнге, жерге, отқа, суға тағы басқаларға* сиынып, табынатындар болған. Мұндай сенімдерді «ширк» – серік қосу деп, мұндай сенімдегілерді «мушрик» – серік қосушы деп атайды.

Баяғы заманнан бері Аллаһ Таъала тарапынан дүниеге жіберілген бүкіл пайғамбар атаулылар, осы жоғарғы екі түрлі көзқарасқа тойтарыс бере отырып, елді таухидке (Аллаһты бірлеуге) шақырып, Аллаһ Таъаланың бірлігін үгіттеген. Дәлірек айтқанда, барлық пайғамбарлар (таухидті) жаратқан Аллаһ Таъаланы бір деп сенуді, яғни ислам дінінің негізін уағыздаған. Сондықтан Құран Кәрімде біздерге ғибрат үшін сол пайғамбарлардың қиссасы, сондай-ақ пайғамбарларға сенбей қарсы келгендердің жағдайы егжей-тегжейлі түрде баян етілген.

Ал, кадірлі жамагат! Аллаһ Таъала тарапынан дүниедегі бүкіл адам атаулыға елші етіп жіберілген ең соңғы Мұхаммед, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, пайғамбар дүниеге келген араб елдері Аллаһ Таъаланың барлығын мойындап, бірлігін мойындамаушы еді. Сондықтан тікелей Аллаһ Таъалаға жалбарынбай, өздерінше – «Аллаһ Таъалаға датымызды жеткізеді» – деп пұттарға сиынатын еді. Қағбадағы және оның маңындағы үш жүз алпыс пұттын ішіндегі Құранда аттары аталған – «Лат», «Узза» және «Манат» делінген пұттар өздерінше ең қасиетті деп сенгендерінің мүсіндері еді. Және олар Аллаһ Таъаланы – «Аллаһ» деп, пұттарды – «иләһ» дейтін еді. Сондықтан пайғамбарымыз Мұхаммед, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оларға: «Лә иләһә иллаАллаһ», яғни «Аллаһтан басқа ешбір тәңір жоқ», – деп иман келтіріңдер дегенде, араб елі: «Ата-бабаларымыздың жолынан айрылмаймыз» деп бас тартып қасарысты. (Бұл тарихи хұтпа мәуліт хұтпасында да қысқаша жазылған). Қадірілі жамағат! Бұл Аллаһ Таъалаға серік қосушылық екі түрлі, біреуі Аллаһ Таъаланың затына ортак қосу. Мысалы: христиандар Ғайса (ғ.с.) пайғамбарды, яһудилер Ғұзайыр (ғ.с.) пайғамбарды Аллаһ Таъаланың ұлы дейді. Және бұрынғы арабтар періштелерді Аллаһ Таъаланың қыздары деп телитін еді.

Ал, кейбір елдер Аллаһ Таъаланың затына серік қоспай, сипаттарына басқаларды теңеген. Мысалы: өлген ата-бабаларының немесе өздерінше қасиетті деп бағалаған адамдардың әруағы бұл әлемде рөл атқарады, бізді қорғап-қоршап, көмек етіп қолдап жүреді деп үміт артып, не кесірі тиеді деп қорқып, негізсіз сеніммен әруаққа сиынған, барабара әруақтардын мүсіндерін жасап алып, соларға табынатын болған. Қорытып айтқанда, пұтка табынушылық – әруаққа сиынушылықтан пайда болған. Бүгінге дейін кейбір елдер әруаққа сиынады.

Әруаққа сиынушылықты кейбір тарихшылар, өте арырақтан көне сенім десе, кейбіреулері шынайы діннен адасқан кейбір елдерді кейініректе тапқан сенімдері «Анимизм» деп атайды.

Тарихи деректер бойынша орта азиялық түрік тектестердін ислам дініне кіруден бұрын «шаман» дінінде болғандығы мәлім. Зерттеушілер шаманизмді «баксылық» яғни жынға сиынушылық – дейді. Ал бүгінгі көрініс те бақсылар ғана жынға сиынып немесе жын шақырып, жалпы елдің әруаққа сиынғаны байқалады. Негізінен, шаманизмде әруаққа сиынушылықтын болғандығы көрінеді. Өкінішке орай, қазақ елі мұсылман болғаннан кейіп, тіпті бүгінге дейін де әруаққа сиынушылықты тастамай келе жатыр. Зерттеушілер: «Қазақ жарым мұсылман. Өйткені исламнан кейін де көне сенімдері бойынша, әруаққа сиынушылықты тастамады» – деп жазады. Қазақ тарихының I том, 202-ші бетінің 6-шы жолында: «Ислам дінінің қосуына қарамастан, қазақтар ата-баба әруағына сиынуды тастамады» – деп жазылған. Негізінен алып қарағанда, қазак қауымы әруаққа сиынушылықты ұзақ уақыттан кейін

де тастаған жоқ. Күні бүгінге дейін үздіксіз жалғастырып келе жатыр. Бұған байланысты арнаулы бір хұтпада жазған едім.

Өйткені ислам дінінде бір Аллаһ Таъалаға ғана сиыну шарт. Ислам діні неғізінен «Таухид» яғни Аллаһ Таъаланы бір деу діні. Аллаһ Таъаламен араға ешбір дәнекер қоймай тікелей сиынуды әмір етеді.

Қадірлі жамағат! Құран Кәрімнің беташары, сондай-ақ бір тәулікте оқылатын бес уақыттық қырық рәкағаттық намазда қырық рет: «Иякә нәъбуду уә иякә нәстәъин», яғни, «Саған ғана құлшылық қыламыз әрі Сенен ғана жәрдем тілейміз» деген ұғымда Аллаһ Таъала біздерге Өзінен басқаға құлшылық етпеуді, әрі Өзінен басқадан көмек тілемеуді әмір етеді.

Араб елдері нслам дінімен қоса ата-бабаларымыздың да дінін тастамай алып жүрсек – деген ойда болғанда, «Исламға бүтіндей кіріңдер!» деген әмір түскен. Және олар: «Аллаһ Таъала бізге қаншалық жақын?», – деп сұрағанда: «Әй, Мұхаммед! Егер құлдарым Мен туралы сенен сұраса өте Жақынмын, қашан Менен тілесе, тілеушіпің тілегін қабыл етемін. Ендеше олар да Әмірімді қабыл етсін. Және маған сенсін. Әрине тура жол тапқан болар еді»$_{\text{Бақара, 186}}$ – деген мазмұнда Аллаһ Таъала құлдарына тым жақын екендігін, тілегін қабыл ететіндігін, сондай-ақ Аллаһ Таъалаға тілегін білдірсе: «Оған күре тамырынан да жақынбыз»$_{\text{Каф,16}}$ – деп, Аллаһ Таъала Өзінің адамға күре тамырынан да жақын екендігін ескертеді.

Қадірілі жамагат! Аллаһ Таъала бізге мұншалық жақын болганда, тікелей Аллаһтын Өзіне сиынбай, әруаққа сиыну әсте дұрыс емес. Құранның әмірлеріне мүлде қайшы екендігі айқын. Сонымен қатар Аллаһ Таъалаға ортақ қосылған болын кешірілмейтін күнәға жатады. Дәлірек айтқанда, діннен шығады.

Пайғамбарымыздан, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Рух не нәрсе?» – деп сұрағанда, ол, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Мұхаммед, олар сенен (рух) жан туралы сұрайды: «Ол Раб-бымның әмірінен. Сендерге өте аз мәлімет берілді»$_{\text{Хыжыр,85}}$ – деп қана жауап берілген. Бұл жерде әруаққа сиыну жайлы ешбір дәлел жоқ.

Қадірлі жамағат! Құран Кәрім «таухид», яғни Аллаһ Таъаланы бірлеу мәселесін «Фатиха» сүресінде: «Саған ғана сиынамыз, Сенен ғана көмек тілейміз» деп бастаған бойда, 114 сүреде егжей-тегжейлі түрде ашық дәлелдей отырып, «Ыхлас» сүресінде: «Аллаһ Таъала біреу, мұнсыз, тумады да туылмады және оған ешнәрсе тең емес» деп Аллаһ Таъаланың бірлігіне кесімді пәтуа беріп аяқтайды. Сондықтан «Фатиха» сүресі – Құранның кілті, «Ыхлас» сүресі – Құранның жүрегі деп өте жоғары багаланған. Егер үш «Ыхлас» бір «Фатиха» оқылса, Құран Кәрімді хатым еткенмен тең сауап болатындығына тығыз байланысты екені айқын. Аллаһ Таъала біздерді тек қана Өзіне сиынған құлдарынан ете гөрсін! Әмин.

ҮШІНШІ ХҰТПА
ИМАН ЖӘНЕ АМАЛҒА БАЙЛАНЫСТЫ

«Адамдар: «Сендік (иман) келтірдік» деумен сыналмай қалмайтындықтарын ойлай ма? Расында олардан бұрынғыларды да сынаған едік. Сондай-ақ Аллаһ Таъала шындықты да өтірікті де біліп отырады. (немесе екеуін де мәлімдейді)»Ғанкәбут, 2-3.

Қадірілі жамағат! Біреу: «Лә иләһә иллаАллаһ Мұхаммадур расулуллаһ», яғни «Аллаһтан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Аллаһтың елшісі» деп тілмен айтып, жүрекпен бекітсе ғана мұсылман болады. Басқаша айтқанда ислам дінін мойындаған болады. Бірақ «кәлима таииба» деп аталатын осы көркем сөзді тек қана ауызша айтып, жүрегін бермеген, сондай-ақ сол сенімі бойынша Аллаһ Таъаланың бұйырғанын орындамаған, дұрыс іс істемеген адамдардың иманы қауіпті болады. Өйткені құр ғана иман келтірумен іс бітпейді. Сол иманды сақтау және қорғау шарт. Сол иманды әуелі шын жүректен бекітіп, қорғай отырып, о дүниеге сол сенім және иманға лайық амал істеп толық мұсылман бол-ған түрде кету керек. Осындай мұсылман екі дүниеде де қауіп-қатердеп құтылады. Сондықтан мол мархаметтің иесі Аллаһ Таъала жоғарыда оқылған аяттарда мұсылмандарға осы жағдайды ерекше ескертеді.

Мысалы: құлшылықсыз, амалсыз құр сенім: «Ашық жерде жанған шам тәрізді, үп еткен жел оны өшіре алады. Сондықтан иманды, амал әрі дұрыс іс істеумен нығайту мойнымызға борыш. Былай айтқанда, сол иманға өзіңіз ие болмасаңыз, дұрыс амал істеудің орнына діннің тыйым салған: зина, арақ, ұрлық, өтірік, кісі хақысын жеу, шадыр мінезділік, тәкаппарлық, ғайбат, өсек-аян, мақтаншақтық, құмар ойнау, уәдеде тұрмау тағы басқалар сияқты тағы басқа жамандықтардың ортасында жүзіп жүрсеңіздер, бара-бара көңілдеріңіз қарайып, имандарыңыз нашарлай бастап, бұл дәулет құсының бастарыңыздан ұшып кеткенін сезбей каласыздар. Аллаһ Таъала оның бетін ары қылсын!»

Қадірлі көшшілік! Әрине, мұсылмандар о дүниеде жәннатқа кіру үшін, бұл дүниеде еңбек етуі, мейлінше тырысуы шарт. Құр сөзбен бола қоймайды. Дүниенің рахаты да еңбекпен қолға келеді. «Дәнді ексең орасын».

Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Дүние – ахиреттің егіндігі», – деген. Жан қиналмай мал табылмайды. Сол сияқты жәннат та оп-оңай қолға келмейді. Сенімі күшті, нманы кәміл

мұсылман істеген қылмыстарының сазайын тартқаннан кейін жәннатқа кіреді.

Ислам діні сынақтан өткізбей тек қана: «Аллаh Таъала бір, пайғамбар хақ» десе болды жәннатқа кіреді де кетеді демейді.

Сондықтан құрметті жамағат! Амалсыз құр иманға сеніп босқа жүрмей маңыз беріп еңбек істесеңіздер, дініңізге, дүниеңізге тең қарап, шынайы ынтамен тырысып, Аллаh Таъаланың бұйрығын орындап, Пайғамбардың жолымен жүріңіздер. Ұдайы ғибадат етіп нмандарыңызды қорғаңыздар. Діни сенім бойынша өмір сүрсеңіздер, бұл дүниеде рахат күн кешіріп, о дүниеде жәннатпен сыйланасыздар. Аллаh Таъала біздерді толық иман иесі етіп иманын қорғап, сеніммен амал істеген шынайы мұсылман құлдарынан ете гөрсін! Әмин.

ТӨРТІНШІ ХҰТПА

ҒИБАДАТ ЖӘНЕ ШАРИҒАТ ЖАЙЛЫ

Қадірлі жамағат! Аллаһ Таъала Құран Кәрімнің көптеген жерінде: «Иман келтіргендер әрі салих (ізгі) амал істегендер», – деп ескертіп отырады. Ал бұл жердегі «Ғамал салих» (ізгі амал) түзу амал; негізінен ғибадатты қамтумен қатар, барлық ізгі қайыр істерді де қамтиды. Қысқасы, Аллаһ Таъалаға құлшылық етумен қатар, дұрыс амал істеу керек. Яғни дұрыс амал деп Аллаһ Таъаланың бұйырғанын орындап, шектегенінен тыйылуды айтады.

Жоғарыда оқылған аятта: «Әй, адамдар! Сендерді, сендерден бұрынғыларды да жаратқан Раббыларына құлшылық етіңдер, әрине, сақтанған боларсыңдар»Бақара, 21 – деп әмір береді.

Міне бұл аятта Аллаһ Таъала барлық адамзатты: «Өздеріңді және бұрынғыларды жаратқан Аллаһқа құлшылық етіңдер. Сонда ғана дүниеде қате көзқарас пен жаңсақ істерден «Ахиретте азаптан сақтанған боласыңдар» деп, Өзіне ғана құлшылық етуге шақырады.

Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Шын мәнінде Аллаһ Таъала бейнелеріне, байлықтарына көз салмайды. Тек қана жүректеріне, істегендеріне қарайды», – дейді. Яғни Аллаһ Таъала байлықтарына, сыртқы бейнелеріне мән бермейді. Алайда ықыластарың мен істеген істеріне мән беріп, ықыластарың таза, амалдарын дұрыс болса, жоғары бағалап мукапаттандырады.

Кейбіреулер: «Құлшылық істемесек те жүрегіміз түзу» – дейді. Бірақ бұл хадис бойынша жүрек түзу болуымен қатар, амалы да болуы қажет. Сондықтан жүрек те түзу, амалы да болуы тиіс.

«Ғибадат» деген сөздің ұғымы – «Құлшылық». Ал құлшылық – жаратқан Аллаһ Таъаланын біздерге берген әртүрлі ізгіліктерінің шүкіршілігі үшін бұйрықтарын орындап, тек Оған ғана жалбарына сынып, тілек тілеумен атқарылады. Сондай-ақ Аллаһ Таъаладан тілейтін тілекті «дұға» деп атайды. Сондықтан дұға қылу – тілек тілеу деген ұғымды береді. Дұғаның немесе Аллаһ Таъаладан тілейтін тілектің ең абзалы – «Фатиха» сүресі. Сондықтан намаздың әр рәкағатында «Фатиха» сүресін оқу уәжіп болып бекітілген.

Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Тілек – ғибадаттың миы», яғни «тілексіз ғибадат – мисыз адамдай», – деген ұғымда және «Ғафыр» сүресінің, 60-шы аятында: «Раббыларыннан (Иелеріннен) ғана тілеңдер, тілектеріңді қабылдаймын. Шын беріліп Маған құлшылық етуден паңсынғандар қор болып тозаққа кіреді», – делінген.

Ал ғибадаттың ең кәмалы – намаз. Өйткені намаз, әуелі әртүрлі ластықтан тазарып, дәрет алып, Аллаһ Таъаланын құзырында бар

ықыласпен қайта-қайта тік тұрып, қол қусырып: «Саған ғана ғибадат етеміз, әрі Сенен ғана жәрдем тілейміз» деп жалбарына иілген бойда етпеттеп сәждеге бас қойып жатып және отырып тілеген тілектерден тұрады. Сол себепті Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын,: «Намаз – діннің тірегі», – деген.

Қадірлі жамағат! Біз Аллаһ Таъалаға құлшылық етпесек те Аллаһ Таъалаға ешқандай пайда, зиян келмейді. Сондай-ақ Аллаһ Таъала пенделерінің ғибадат-құлшылығына мұқтаж емес. Құлшылық істесек пайдасы, істемесек зияны өзімізге болады.

Бұл жерде сіздерге ескерте кететін жайт: жоғарыдағы аят, хадис арқылы дәлелденгеніндей дұға ету немесе тілек тілеп сиыну ғибадаттың негізі болғандықтан, тек қана Аллаһ Таъаладан тілеп, Аллаһ Таъалаға сиыну – Аллаһ Таъалаға еткен құлшылығың болып табылады. Ал, Аллаһ Таъаладан басқаға сиынып, одан тілек тілеу – Аллаһ Таъалаға теңдес етілген болып, кешірілмейтін күнәға душар етеді.

ФАТИХА СҮРЕСІНІҢ ТІЛЕК ТҮРІНДЕГІ ҰҒЫМЫ

Бұл ұшы қиырсыз дүниедегі көрнеу, көмес, білінген, білінбеген, болған немесе болатын әр нәрсені, тіпті біртұтас әлемді жоқтан Өз құдіретімен бар етіп жаратушы, ежелден мәңгілікке дейін тәрбиелеп, меңгеруші ұлы Аллаһ Таъалаға, сондай-ақ бұл дүниеде Өзін таныған, танымаған, барлығын, бірлігін мойындаған, мойындамағандардың бар екендігіне сенген, сенбегендердің, тіпті жоқ деп мүлде нанбағандардың немесе көп деп затына, сипатына теңеу етіп, ортақ қосқандардың баршасына және жер шарында топырақты, суды, ауаны, күннің жарығын, ыстығын, айдың сәулесін, жаңбырдың берекетін, өсімдіктерді, кендерді және хайуанатты пайдаланып өмір сүрулеріне «Рахман» сипатымен кеңшілік етіп, мүмкіндік беруші ұлы Аллаһ Таъалаға, ал, ахиретте болса, Өзін танып бар және бір екендігіне толық сеніп, иман келтіріп бұйрықтарын орындап, құлшылық істеген, бірақ кейбір кемшіліктермен құзырына барған иманды құлдарына «Рахим» сипатымен ерекше мархамет етуші ұлы Аллаһ Таъалаға, сондай-ақ қиямет күнінің де Иесі болған Аллаһ Таъалаға барлық мақтау лайық. Ол әлемдерді меңгеріп, тәрбиелеуші Иесі! Аса қамқор ерекше мейірімді және қиямет күнінің де Иесі. Ұлы Аллаһ Таъала, барлық мадақ Өзіңе тән. Сондықтан Саған ғана құлшылық етіп сиынамыз. Әрі Өзіңнен ғана жәрдем тілейміз. Біздерді Өзің әртүрлі нығметпен сыйлаған, Қаһарыңа ұшырамаған, жолдан адаспаған бақытты құлдарыңның тура жолына сала гөр! Әмин!

ШАРИҒАТ ЖАЙЫНДА (ҚОСЫМША ХҰТПА)

Шариғат деп діңің заңды ережелерінің жиынтығын айтады. Ал бұл шариғат:

Бірінші: «Ығтиқад» – сенім,

Екінші: «Ғибадат» – құлшылық,

Үшінші: «Мұғаміләт» – қарым-қатынас, іс жүзіндегі шарттар болып үш түрлі негізге бөлінеді.

Пайғамбарымыз Мұхаммед, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қайтыс болғаннан кейін де ислам діні барган сайын етек алып, араб елдерінен тыс елдерге мейлінше жайыла бастағандықтан, ислам ғұламалары мұсылмандарға оңайлық тудыру үшін белсене кірісіп, міндетті түрде тырыса отырып, Құран Кәрім және хадис шарифке сүйене жоғарыдағы үш тақырыпқа байланысты кітаптар жазып шығарды. Сенімге байланыстысын «Ғақайд», кейінгі екі тақырыпты қамтыған кіташтарды «Фиқых» деп атайды. Егер мұндай болмағанда әр адамның немесе елдің Құран мен хадистерден шешім шығарып, соған сәйкес амал жасауы мүмкін емес еді.

Бұл ғалымдардың көрнектілері төртеу:

1. Нұғман Сабитұлы, (имам ағзам) зор имам, әбу Ханифа деп те аталады. Һижра (80-50) Куфа қаласында туылып, Бағдат қаласында қайтыс болған.

2. Имам Мәлік Әнасұлы, Һижра (93-179) Мәдине қаласында туылып, сонда қайтыс болған.

3. Ахмад Ханбалұлы, Һижра (124-241) Бағдаг қаласында туылып және сонда қайтыс болған.

4. Мұхаммед Шафиғ Ыдырысұлы, Һижра (150-206) Ғазза қаласында туылып, Мысырда қайтыс болған.

Бұл төрт белгілі имамдардың араларында кейбір ұсақ мәселелерде ғана қайшылық бар. Бірақ Ғақайыдта қайшылық болмағандықтан төртеуін де мойындаймыз. Имам Ағзамның Ғақайыд жөнінде жазған «фиқхи әкбар» (ұлы фиқых) атты кітабы бойынша ығтиқад еткен, сенген төрт мазхабтағыларды: әһли сүннат уәл – жамағат немесе сүнни, яғни пайғамбардың жолымен жүргендер деп атайды. Дүние жүзіндегі бір миллиардтан артық мұсылмандардың төрттен үші сүнни жолын ұстанғандар болып табылады. Біз солардың ішінде имам Ағзамның мазхабында ханафи боламыз. Басқа төрттін үшеуі – мәлики, ханбали және шафиғи болады. Намазда осы төрт мазхабтағы мұсылмандар бірбірінің имамдарына ұйып оқи береді. «Әһли сүннәт уәл жамағат» деп «ығтиқадта» және амалда Пайғамбарымыз бен, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сахабаларына (жолдастарына) ергендерді атайды.

ШАРИҒАТТЫҢ ДӘЛЕЛДЕРІ

Негізінен шариғат төрт түрлі дәлелге сүйенеді. Мұны «төрт дәлел» деп атайды.

Бірінші: «Кітап» – Құран Кәрім. Құран Кәрімнің басқа тілге аударылғанын «тәпсір» деп атайды.

Екінші: «Хадис шариф». Бұл хадис шариф үш негізге бөлінеді:

1. Хадис қаули – Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сөйлеген сөздері.

2. Хадис фиғли – Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, істеген істері.

3. Хадис тақрири – Сахабалар істеген кейбір істі көргенде Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ешнәрсе демегендері.

Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бұл мүбәрак хадистері жинақталып бірнеше кітап халына келтірілген. Бұл хадистерді жатқа алып жалғастырушыларды – «рауи» деп, ал жинақтап кітап қалпына келтірушілерді – «мұхаддис» деп атайды.

Бұл хадис кітаптарының ішіндегі ең мықтылары алтау.

«Сыххахи ситте», яғни «алты дұрыс кітап» деп атайды. Бұл хадис кітаптарының әрқайсысы бірнеше том кітаптан тұрады.

Бірінші: «Сахих әл-Бұхари». Бұқаралық Мұхаммед Исмайылұлы жинақтаған. (194-256 h.) Мәшһүр имам Бұхари. Құраннан кейінгі ең мықты кітап.

Екінші: «Сахихи Муслим». Муслим Әлхажжажұлы (204-261 h.) Нышапұр Хорасандық. Жинақтаған.

Үшінші: «Сунани әбу Дауд». (202-275 h.) Жыстандық Дауд Ашғашұлы жинақтаған.

Төртінші: «Суннани Тирмизи». Тирмиздік Ғайсаұлы Мұхаммед жинақтаған (209-289 h.).

Бесінші: «Насаи». Жинақтаушы – Ахмед Шұғайыпұлы. (216-303 h.) Хорасанның Ниса деген жерінде туылып, Ремла деген жерінде қайтыс болған.

Алтыншы: «Суннани ибн Мәжа». Жинақтаған – Қазуындық әбу Абдуллаһ Мұхаммедұлы (207-275 h.).

Мужтаһид – ыждиһад ету сипатына ие болған кісі. Яғни діни үкімдерді, зор еңбек етіп дәлелдеген кісі деуге болады. Сондықтан мужтаһид болу оңай-оспақ бір жұмыс емес. Ыжтиһад жасау үшін арабшаны, Құран және хадистерді барлық егжей-тегжейлерімен білу қажет. Сондай-ақ фиқых қағидалары бойынша ыждиһат жасаудың нелерде дұрыс, нелерде бұрыс екендігіне байланысты мәселелерді білуімен катар, мол мәденистке, әрі терең сезім және зеректік қабілетке ие болу керек.

Үшінші: «Қияс». Мужтаһидтер Құран немесе хадистерде ашық дәлелі шықпаған кейбір мәселер жөнінде ойластырып, сондай не соған

жақын бір мәселеде аят, хадистерде қандай шешім болған болса, соны негізге ала отырып шешім жасаса, мұны қиястық дәлел деп атайды. Ал, аят, хадистердегі ашық дәлелдерді «нас» деп атайды. Сондықтан нас болмаған жерде қияс дәлел болады дейді.

Ижмағ – яғни, мужтаһидтердің нас болмаған бір дәлелде бірлесуі. Мұны «ижмағ үммет» (үмметің бірлесуі) деп атайды. Ислам шариғаты осы төрт түрлі дәлел арқылы бекіген. Сол себепті осы төрт түрлі дәлелдін біріне сүйенбеген мәселе ислам шариғаты тұрғысынан кәдеге аспайды.

Мүкәллаф, балиғ – есі дұрыс, ересек дегенді білдіреді. Шариғат бойынша ер бала он екі жасында, қыз бала тоғыз жасында ер жетіп «балиғ» болады. Бұлар балиғатқа толды делінеді. Сондықтан бұлардың шариғат бұйрықтарын орындаулары, тыйған істерінен міндетті түрде тиылулары шарт. Әрине, есалаң, жындылар мен балиғатқа толмағандар міндетті емес.

ШАРИҒАТ ҮКІМДЕРІ

Шариғат бойынша мүкәллафтар мен ер жеткендерге жүктелетін немесе тиятын сегіз түрлі хүкім бар. Олар мыналар: парыз, уәжіп, сүннет, мустахаб, мубах, харам, мәкруһ, муфсид.

1. Парыз – тұжырымды түрде әмір беріліп, ашық дәлел арқылы бекітілген үкімдер. Парызды орындаушылар зор сауапқа ие болса, орындамаушылар зор азапқа душар болады. Парызды мойындамаған діннен шығады. Исламның бес парызы бар.

Парыз екі түрлі: парыз ъайн, парыз кифая.

Парыз ьайнды әр мүкәллаф міндетті түрде дербес өзі орындауы шарт. Мысалы: бес уақыт намаз, рамазан айының оразасы, зекет, қажылық және әке-шешелерін бағу тәрізділер.

Парыз қифаяны мүкәллафтардын кейі орындаса, орындамағандардын да мойнынан түседі. Егер түгел орындамаса барлығы жауапкер болады. Жапаза намазын өтеу, сәлем алу тәрізділер.

2. Уәжіп – негізінен тұжырымды болмаған, ой дәлел арқылы бекітілген үкімдер. Орындаушылар сауапқа ие болады да, орындамаушылар азапқа душар болады. Уәжіпті мойындамаған діннен шықпайды, күнәһар болады. Үтір намазы, екі айт намазы, құрбан шалу, жақын туыстарын асырап бағу сияқтылар.

3. Сүннет – Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, парыз, уәжіптен басқа өздігінен істеген істері. Сүннет екі түрлі:

А) Сүннет муаккада – бекітілген сүннет. Сүннетті орындамағандар Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын,

шапағатына лайық болмайды, орындағандар ғана лайық. Таң намазы, бесін, ақшам, құптан намаздарының және жұма намазының сүннеттері сияқтылар.

Б) Сүннет ғайри муаккада – бекітілмеген сүннет. Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көбінесе орындап, кейде калдырған істері. Екінті және құптан намаздарының алдындағы төрт рәкағат сүннеттері сияқтылар.

4. Мустахаб – Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кейде орындап, кейде калдырған істері. Бұларды орындаушы сауапқа ие болып, орындамаушыларға ешнәрсе болмайды. Бұларды: мәндуб, тәтауыг деп те атайды. Нәпіл намаз, нәпіл ораза, нәпіл садақалар тәрізділер.

5. Мубах – сауабы да, күнәсі де жоқ істер. Мысалы: отыру, тұру, ұйықтау, ішіп-жеу сияқтылар.

6. Харам – істелмеуіне тұжырымды түрде әмір беріліп, ашық дәлел арқылы бекітілген үкімдер. Харамды істеушілер зор азапқа душар, (харамнан) сақтанушылар зор сауапқа ие болады. Харамды (харам деп) мойындамағандар діннен шығады. Мысалы: Аллаһқа серік қосу, кісі өлтіру, зина істеу, ұрлық жасау, арақ ішу, құмар ойнау, біреудің бір нәрсесін тартып немесе алдап алу. Тікелей айтканда кісі хақын жеу сияқтылар. Сондай-ақ парыз болған шариғат үкімдерін орындамау да харамға жатады.

7. Мәкруһ – негізінен тұжырымды болмаған, ой дәлел арқылы үкім етілген, жек көрінішті істер. Одан сақтанушылар сауапқа ие болады, оны істеушілер азабын көреді. Мәкруһті мойындамағандар діннен шыкпайды. Күнәһар болады. Мәкруһ екіге бөлінеді: «мәкруһ тахрими» – харамға жақын мәкруһ, «мәкруһ танзиһи» – халалға жакын мәкруһ. Уәжіп болған бір амалды орындамау – харамға жақын мәкруһке жатады да, харамға жақын мәкруһтен бой тарту уәжіпке жатады. Негізінен халалға жақын мәкруһті істеуші азапқа душар бола қоймайды. Сүннет және мустахаб болған амалдарды орындамау – халаға жақын мәкруһ болады. Сондай-ақ халалға жақын мәкруһтен аулақ болу – мустахаб болады. Мысалы: дәл күн батып бара жатқанда намаз оқу – харамға жақын мәкруһ, оң қолмен сіңбіру – халалға жақын мәкруһ болып табылады.

8. Муфсид – бұзушы деген ұғымда, негізінен бұл өз алдына бір үкім болмаумен қатар, басталған бір ғибадатты бұзатын бір әрекет. Айталық: намаз оқып тұрып сөйлеу – намазды, ораза кезінде ішіп-жеу оразаны бұзады.

Аллаһ Таъала біздерді, шариғатына бойұсынып, тыйған істерінен сақтанған ықыласты құлдарынан ете ғөрсін! Әмин.

БЕСІНШІ ХҰТПА

ПЕРІШТЕЛЕРГЕ, КІТАПТАРҒА, ПАЙҒАМБАРЛАРҒА, АХИРЕТ КҮНІНЕ ЖӘНЕ ТАҒДЫРҒА СЕНУ ЖАЙЛЫ

Қадірлі жамағат! Аллаһ Таъала «Ниса» сүресінің 136-шы аятында, Аллаһ Таъалаға, пайғамбарларына, кітаптарына, періштелеріне және ахирет күніне сену жайлы: «Әй, мүминдер! Аллаһ Таъалаға, пайғамбарына және пайғамбарына түсірген Құранға, сондай-ақ одан бұрынғы түсірген кітапқа иман келтіріңдер. Ал, кімде-кім Аллаһ Таъалаға, періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне және ахирет күніне қарсы шықса, сонда ол қатты адасты», – деген. Және Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Періштелер Аллаһ Таъаланын көктегі айғақтары, сендер жердегі айғақтарысыңдар», – деген.

Өткен хұтпаларда Аллаһ Таъаланың барлығына, бірлігіне иман келтіру туралы қысқаша түсінік берілген еді. Ал, енді бұл хұтпада періштелер, кітаптар, пайғамбарлар, ахирет күні және тағдырға байланысты негізгі мәселелерге біраз тоқталып өтейік. Бұл сенімді «иман муфассал» – «толық иман» деп атайды. «Әманту биллəhи» – Аллаһ Таъалаға иман келтіру. Бұл жоғарыдағы хұтпада айтылып отті.

«Уə мəлəикəтиhи» – періштелерге иман келтіру. Періштелер Аллаһ Таъаланың нұрдан жаратқан ақыл иесі құлдары. Олар нұрдан жаратылғаны үшін біз оларды көре алмаймыз. Басқаша айтқанда оларды көре алатын (бізде) қабілет жоқ. Мысалы, біз микробты, рухымызды және ауаны көре алмаймыз. Біздің бір затты көре алмауымыз, ол нәрсенің жоктығын дәлелдемейді. Періштелердің бар екендігі, әрі сипаттары Құран Кәрімнің сексеннен астам жерінде баян етілген. Сондықтан періштелердің барлығына нақты сенеміз. Періштелер әртүрлі бейнеге кіреді, аталық, аналық (жыныстық) сипаттары жоқ. Ішіп, жемейді. Аллаһ Таъалаға мұқият ғибадат етумен болады. Еш қарсы келмейді. Кейбірі жер жүзінде, кейбірі көкте болады. Қанаттары бар, ұшады. Кейбірі Ғарш аълада болады. Адам баласының жарылкануы үшін тілектес болады. Аллаһ Таъалаға жақын, әрі төрт ірі періште: Жәбрәйіл, Микайыл, Исрафил және Өлім періштесі.

Жәбрәйіл – Пайғамбарларға Аллаһ Таъаланың әмірін уахи етеді. (Жалғастырады).

Микайыл – Аллаһ Таъаланың әмірі бойынша бұл әлемдегі табиғат құбылыстарын басқарады.

Исрафил – Қиямет күні сұр үрлеуші періште. (Бірінші сұр үрлегенде барлық тірі жан өліп, екінші сұр үрлегенде қайта тіріледі.)

Өлім періштесі – Ажалы жеткендердің жанын алады.

Кираман Катибин (Ардақты жазушылар) адам баласының әрекеттерін жазады.

Мункир-Накир – екі періште: қабірге қойылғандардан сұрақ алады.

«Забани» деп аталатын он тоғыз періште тозақ істерін басқарса, тағы бір періштелер жәннатқа кіргендерді қарсы алу міндеттерін атқарады. Аллаһ Таъала кейде періштелер арқылы көмек берсе, кейде (солар арқылы) апатқа ұшыратады. Басқаша айтқанда рахмет періштелері және азап періштелері бар. «Рағыд» сүресінің 11-ші аятында: «Әркімнің алды-артын Аллаһ Таъаланың әмірі бойынша қорғаушы (періштелер) бар», – деген мазмұнда Аллаһ Таъаланың әмірі бойынша періштелердің қорғайтындығы ескертіледі. «Тахрим» сүресінің 6-шы аятында: «Олар Аллаһ Таъаланың өздеріне берген әмірлеріне қарсы келмейді», – деп, періштелердің Аллаһ Таъала нені бұйырса соны орындайтындықтарын айтқан. «Нәжім» сүресінің 26-шы аятында: «Көктерде қаншалаған періштелер бар. Аллаһ Таъала қалап разы болған кісісіне рұқсат бермейінше олардың шапағаты (болысуы) ешнәрсеге жарамайды», – деген. Демек, Аллаһ Таъала қалап, рұқсат бермесе періштелердің шапағат етулері, яғни болысып, арашалаулары кәдеге аспайды. Періштелердің санын Аллаһтан басқа ешкім білмейді.

Аллаһ Таъала тарапынан дүниедегі және ахиреттегі елеулі құбылыстарға қатынастырылып, жұмсалып отырған періштелердің – қорғап, арашалап, болысуларын, яғни шапағат етулері Аллаһ Таъаладан бұйрықсыз іске аспайтындығы ескертіліп, «Аъузу билләһи» делінген түрде бір Аллаһқа ғана сиынып жалбарыныңдар деген ашық бұйрық беріліп отырғанда екі дүниеде ешбір рөлі болмаған әруаққа сиыну мүлдем қате, ислам дініпің негізгі сеніміне үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Әруаққа сиынушылықтың «Анимизм» делінген ежелден халық арасында қалыптасып сіңген көне қурафи дінінің қалдықтары екендігін, өкінішке орай халқымыз білмейді. Бұл негізсіз сенімге қарсы шығуды, сондай-ақ оны тастауды ата-бабаны қорлау деп ойлайды. Сондықтан бұл қурафи, ислам дініне қайшы сенімді тастауға батылдық ете алмайды. Өйткені «Анимизм» сенімі ислам діпінеп көптеген ғасыр бұрыннан жалғасып келе жатыр. Бұл сенімнің дұрыс емес екендігін түсіндіріп айтқан да кісі болмаған. Сондықтан бұрынғы моллалар неге айтпаған дейтіндер де болады. Бірақ бұрынғылардың айтпағандығы бұл мәселенің дұрыстығына дәлел бола алмайды. Аллаһ Таъала Өзі оңғарсын.

«Уә кутубиһи» – Кітаптарына иман келтіру. Аллаһ Таъала, ақыл-ой, сана-сезімдермен толық қамдап, жіберген елшілермен бірге, әлеуметке бұйрықтары мен тыйымдарын білдіру үшін пайғамбарлардың кейбіріне бірнеше жапырақ түрінде бұйрықтар түсірген. Бұларды – «Сахифа сухуф», яғни жапырақ – жапырақтар деп атайды. Адам (ғ.с.)-ға он, Шид

(ғ.с.)-ға елу, Идрис (ғ.с.)-ға отыз және хазірет Ибраһим (ғ.с.)-ға он сахифа түсірілген. Ал ірі кітаптар төртеу:

Дауд (ғ.с.)-ға – Забур,

Мұса (ғ.с.)-ға – Тәурат,

Ғайса (ғ.с.)-ға – Інжіл және пайғамбарымыз Мұхаммедке, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, – Құран Кәрім түсірілген.

Бірақ Құран Кәрімнен басқасында сенім калмады. Өйткені көп өзгерістерге ұшыраған. «Бақара» сүресінің 79-шы аятында: «Сондай кітаптарды қолдарымен жазып, сонан соң аз ақшаға (дүниелікке) сату үшін «осы Аллаһ Таьаланың қасынан келгені» дегендерге, олардын қолекі жазғандарына, оны сатып тапқан табыстарына қандай өкініш», – деген.

Бүгінгі қолдағы – Зәбур, Тәурат және Інжілдердін Аллаһ Таъала тарапынан жіберілді деген құр аты ғана бар. Өйткені бұлардын кімдер тарапынан жазылғаны белгісіз. Тіпті, егер нағыз негізгі нұсқалары болса да, Құран түскеннен соң олардың үкімдері күшінен калды. Біз мұсылмандар негізгі нұсқаларына сеніп иман келтіреміз. Бірақ яһудилер мен христиандар Құранды мойындамайды.

Тәураттың негізгі нұсқасы жоқ. Өйткені ұрпақтарының бастарына түскен (келген) ұзақ тарихи күйзелістер, аянышты ауыр азаптар мен құлдықтар және тұтқын болу салдарынан жойылып кеткен. Түгел жатка алған да ешкім болмаған.

Ал, Інжілге келсек, негізінен Тәураттың жалғасы болып, біраз үгіт-насихаттар қосылған. Тәураттың үкімдері бойынша амал істелетін еді.

Ғайса (ғ.с.)-нын үш жылдық пайғамбарлық дәуірінде небары он екі немесе он жеті хауарилардан басқа ешкім мойындап иман келтірмеген. Сондай-ақ яһудилер өте қатты қарсылық көрсетіп, тіпті Ғайса (ғ.с.)-ның көзін жоймақшы болған. Ғайса (ғ.с.)-ның заманында етек алып жайыла алмаған Інжілдің қайда қалғаны белгісіз. Өйткені яһудилер Інжілге де мейлінше қарсы еді. Бүгінігі христиандардын колындағы Інжіл Ғайса (ғ.с.)-нан көптеген заман кейін жазылған. Бір замандарда әркім Інжіл жаза-жаза өте көбейіп кеткендіктен, Шығыс Рома императоры Константин Милади 325 жылы Ыстамбұл қаласының шығыс жағындағы «Ізнік» қалашығында бір діни жиналыс жасауға әмір береді. Міне, сол жиналыста бұрын жазылған көптеген Інжілдердің ішінен Матта, Юханна, Лұқа және Марқос атты төртеуі қабылданады.

Ал, Құран Кәрім, Аллаһ Таъала тарапынан ең соңғы пайғамбар Мұхаммедке, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Жәбрәйіл (ғ.с.) арқылы (611-632) жиырма үш жылда араб тілінде түсіріліп, тәмамдалған болатын. Бұл касиетті Құран Кәрім – 30 пара, 114 сүре, 6228 немесе одан шамалы артығырақ аяттан тұрады. Құран Кәрім

аяттарының тәртібі, сондай-ақ ешбір сөзі өзгертілмей, пайғамбарымыз Мұхаммедке, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қандай түсірілген болса, сол қалпында түп-түгел жалғасты түрде сақталып келді. Өйткені Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Аллаһ Таъала тарапынан әр келген сүренің қай орынға жазылатынын, арнаулы уахи жазушыларына дұрыс жаздырып отырған. Сонымен қатар көптеген сахабалар жаттап алып отырған. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қайтыс болғанда, сахабалардың саны неше жүз мыңға, Құран жаттаған қарилардың саны жүзге жетті десек артық айтылған болмайды.

Әбу Бәкірдің халифалығы тұсында, әрі уахи жазушысы, әрі қари Сәбитұлы Зәйдтің қарамағындағы бір қоғам тарапынан өте ұқыпты түрде ел арасындағы Құран беттері бір ортаға жиналып, әр сүренің аяттары Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көзі тірісінде жаздырған тәртібі бойынша, кітап етіліп жазылып, әрі жүздеген қаридың жадында сақталған бойда бүгінгі күнімізге дейін жетті.

Ал, бүгін дүниенің төрт бұрышында ең соңғы техникалық мүмкіндігі бар баспаханаларды миллиондаған нұсқасы басылумен қатар, миллиондаған карилер жатқа оқуда. Бұдан былай қияметке дейін жалғаса беретіндігі сөзсіз. Онымен қатар бүкіл мұсылман тілдеріне, сондай-ақ басқа да тілдерге аударылуда. Аллаһ Таъала «Хыжыр» сүресінің 9-шы аятында: «Расында Құранды біз түсірдік. Әрі шын мәнінде оны біз қорғаушымыз», – деген.

«Уә русулиһи» – пайғамбарларына иман келтіру. Аллаһ Таъала құлдарына бұйрықтарын жалғастыру үшін ел арасынан елші белгілеген. Бұны пайғамбар дейді. Періштелер арқылы пайғамбарларға берілген бұйрықтарды «уахи» деп, пайғамбарлар арқылы халыққа көрсетілген ғажайып нәрселерді «мұғжиза» дейді. Пайғамбаралар – іші-тысы бірдей таза, аса зерек, тым парасатты, Аллаһ Таъаланың әмірлерін халыққа толық жалғастырарлықтай қабілетті майталман тұлғалар болып, өтірік, өсек, арсыздық, қиянат сияқты күнәлардан мүлде пәк. Бастарына қандай қауіп-қатер төнсе де бұлжытпай Аллаһ Таъаланың бұйрықтарын орындаудан әсте бас тартпайтын аса сабырлы, ерекше қажырлы, өте батыл, мызғымас толғамды кісілерден болған.

Аллаһ Таъала тарапынан кітап түсірілгендерді «расул мурсәл» – (елші) деп, кітап түсірілмегендерді «нәби әнбия» – (хабаршы) деп атайды.

Пайғамбардың ең бастапқысы – Адам (ғ.с.). Ең соңғысы пайғамбарымыз Мұхаммед, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын. Бұл екеуінің арасында қанша пайғамбар келгені мәлім смес. Қаншпа пайғамбар келген болса да барлығын мойындаймыз. Барлығы хақ пайғамбар, Аллаһтың елшісі.

Құран Кәрімде аттары аталған пайғамбарлар мыналар:

Адам, Идрис, Нұх, Һуд, Салих, Лұт, Ибраһим, Исмаил, Исхақ, Яқуб, Юсуф, Шұғайып, Мұса, Харун, Сүлеймен, Айюб, Зулкафил, Юнус,

Иляс, Әлясағ, Зәкәрия, Яхя, Ғиса(Ғайса) және Мұхаммед, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Лұқман, Ғузайыр және Зұлқарнайын – үшеуінің пайғамбарлықтарында қайшылық (күмән) бар. Пайғамбарлардың толық жағдайын Құран Кәрімнен және «Қасасул әнбия» – (Пайғамбарлар қиссасы, Пайғамбар-лар тарихы) деген кітаптардан оқуға болады.

«Уәл қадари хайриһи уә шәрриһи миналлаһи таъала» – яғни, жақсы, жаман, болашақ тағдырдың Аллаһ Таъаладан екендігіне иман келтіру. Аллаһ Таъаланың ежелден мәңгілікке дейін болатын құбылыстардың мезгілін, орнын, бейнесін, қайтіп, қашан, қалайша болатындығын білетіндігін – тағдыр деп атайды. Қорытып айтқанда, ешбір нәрсе өзінен-өзі болмайды, Аллаһ Таъаланын білуі, қалауымен болады. Бұл жерде «қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі», «Аллаһ Таъаладан бұйрықсыз шыбын шақпайды» деген екі мақалды ескерткім келеді.

«Уәл яумәл ахири уәл бағсу бағдәл мәут» – яғни, ахирет күніне және өлгеннен кейін қайта тірілуге иман келтіру. Ахирет күніне және өлгеннен кейін қайта тірілуге сену – Аллаһ Таъалаға сену болып табылады. Өйткені өлгеннен кейін қайта тірілу Аллаһ Таъаланың құдіретінің елеулі бір дәлелі және Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бекітуі болғандықтан ахирет күніне және өлгеннен кейін қайта тірілуге сенбеу – ислам дінінің негізін мойындамаған болады. Ойлап қарасақ, тірі құстан өлі жұмыртқаның шығуы, жансыз жұмырткадан жанды, тірі балапанның шығуы, міне, бұл құбылыстардың мылқау, олақ табиғаттың ғана жұмысы емес, бір шебер Құдіреттің ісі екендігі талас көтермейді. Ал, өзіміз де бір күндері дүниеде жоқ едік. Бір тамшы жаңсыз судан пайда болып, дүниеге келу қарсаңында бірнеше құбылыс кезеңдерінен өтіп барып дүниеге келдік және бұл дүниеден жоқ боламыз. Әрине, бұған ешкім таласпайды. Тағы Аллаһ Таъаланың құдіретімен және қайтадан бар боламыз.

Біз, мұсылмандар, Қияметтің болуына, аят, хадистер бойынша дәлелденіп, бекітілгені үшін күдіксіз сенеміз. Шын жүректен бекітіп, тілмен айтамыз. Әрине, бұл дүниенің соңы бар. Бір күні әлемнің тәртібі өзгеріп Қиямет-қайым болады. Басқаша айтқанда заман ақыр болады. Бірақ қашан болатыны мәлімсіз болғанмен біздің өміріміз шекті. Өлгеннен бастап қиямет табалдырығын аттаған боламыз. Қияметке дейін «Барзах әлемі» делінген көмескі өмір жалғаса береді. Қиямет басталғанда бір Аллаһ Таъаладан басқа бүкіл жан иесі өледі де, Аллаһ Таъаланың құдіретімен қайта тіріліп, ғарасат майданына жиналады. Әркімнің дүниедегі жақсы, жаман істері есептеліп, таразыға тартылады. Кімнің кімде хақысы болса алынып, жақсылығы ауыр тартқандар Сират көпірінен өтіп, жәннатқа кіреді де, жамандығы ауыр тартқандар тозаққа түседі. Аллаһ Таъала біздерді жәннатқа кіретін құлдарынан ете көрсін! Әмин.

АЛТЫНШЫ ХҰТПА

НАМАЗДАҒЫ ШАРИҒАТ ҮКІМДЕРІ ЖАЙЛЫ

Қадірлі жамағат! Аллаһ Таъала Құран Кәрімнің көптеген жерінде намазға байланысты дәріптеу, ескерту және бұйрық түрінде баян еткен. Сондай-ақ «Бақара» сүресінің 238-ші аятында: «Намаздарға, сондай-ақ орта намазға сақтық істеңдер. Аллаһ Таъалаға бойсұнған түрде тұрындар», – делінеді. Яғни, «Әй, мүминдер, ұқыпты және жалғасты түрде намаздарды уақытында өтеңдер. Әсіресе екінті (намазына сақ болыңдар). Өйткені екінті намазына періштелер куә болады. Және бойұсына отырып, шын ынтамен ғибадат етіп, намазға тұрындар» – деген мазмұнда намаз оқуды әмір етті.

Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сахабаларына: «Көрдіндер ме? Егер бірсулеріннің есігінің алдыпда бір өзен болып, әр күп соған бес рет шомылса, кірден жұрнак қалар ма еді?», – дегенде сахабалар: «Әрине, кірден ешнәрсе қалмас еді», – деп жауап береді. Сонда Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын,: «Міне, намаздар сол сияқты, Аллаһ Таъала қателіктерді сонымен жояды», – дейді. Намазға байланысты бұл хадистің ашық түндегі «соқырға таяқ ұстатқандай» миға қонымды етіп айтылғандығы айқын.

Ислам дінінің бес парызының ең маңыздысы болған намаздың, өзіне тән шарттары, белгілі қағидалары, сондай-ақ арнаулы ережелері бар. Сондықтан бір әдет тәрізді қалай болса солай орындамай, өзіндік тәртібіне сай орындау шарт. Аллаһ Таъала Құран Кәрімде «Ақимуссалат», яғни, «намазды толық орындаңдар», – деп бұйырады. Сондықтан ислам ғалымдары намазға байланысты – парыз, уәжіп, сүннәт, мустахаб, мубах, муфсид, харам, мәкруһ, делінген үкімдермен арнаулы ережелерді қамтыған қыруар кітаптар жазған. Негізінен дәрет және намаздың егжей-тегжейін сол арнаулы кітаптардан оқуға болады. Әрине бұл хұтпада – «Намаздағы шариғат үкімдері» делінген айдармен қысқаша мәлімет беріледі.

Қадірлі жамағат! Намазға байланысты он екі парыз бар. Бұлардың алтауы намаздың сыртында, алтауы намаздың ішінде. Ал, намаздың сыртындағы алтауын «шарт» деп атайды. Бір нәрсенің шарты деп онсыз болмайтын нәрсені айтады. Басқаша айтқанда бұл алты шарттың біреуі кем болса, намаз орындалған болмайды. Ал, алтауы намаздың ішінде. Бұларды «рүкін» (тұлға) деп атайды.

Намаздың сыртындағы алты шарт мыналар:

Бірінші: Хадастан тазару. Немесе рухани тұрғыда таза болу. Яғни (жағдайға қарай) дәрет алу, шомылу, таямум соғу.

Екінші: Намаз оқушының денесі, киімдері және намаз оқитын орны нәжістен таза болу.

Үшініші: Ұятты жерлердің жабық болуы. Ерлердің намаз үшін ұятты болатын жерлері – кіндік пен тізенің екі арасы. Әйелдердің екі қол, екі аяғынын басы мен жүздерінен басқа бүкіл денелері.

Төртінші: Намаз оқырда бетті құбылаға қарату.

Бесінші: Намазды белгілі уақытында оқу.

Алтыншы: Намаз оқуға ниет ету.

Намаздың ішіндегі алты парыз мыналар:

Бірінші: Бастауыш тәкбірі. Мұны «тәкбір тахрима немесе ифтитах тәкбірі» деп атайды. Яғни намаздың ниетімен бірге орындалатын алғашқы құлақ қағу тәкбірі».

Екінші: «Қиям» – намазға тік тұру.

Үшінші: «Қыраъат» – Құран оқу.

Төртінші: «Рукуъ» – енкейіп, жарым иілу.

Бесінші: «Сәжде» – маңдайды (және мұрынды) жерге тигізу.

Алтыншы: соңғы отырыс, яғни тәшаһһуд оқырлықтай отыру.

Намаздың уәжіптері:

Намазға тәкбірмен «Аллаһу әкбар» деп кірісу. Парыз намаздарының алғашқы екі рәкағаттарында, сүннәт және нәпіл намаздардың әр рәкағаттарында «Фатиха» сүресін оқу. Парыз намаздардың алғашқы екі рәкағатында, басқа намаздардың барлық рәкағаттарында «Фатиха» сүресіне бір ұзын, не үш қысқа аят, не бір қысқа сүре оқу. Сәждеде мандай мен мұрын бірдей жерге тигізілуі, екі сәжде бірінен кейін бірі екі бөлек орындалуы керек. «Тағдилул әрқан», яғни тұлғаларды нақ орындау. Мысалы: рукуъта арканы түп-түзу ұстап иілу, қайта бас көтергенде тіптік тұрып, сәл кідіру, екі сәжденің арасында отырыш, сәл кідіру. Үш, не төрт рәкағаттық намаздарда екінші рәкағаттан кейін отырып «Ъабдуһу уә расулуһуге» дейін «Әттәхият» дұғасын оқу. Үш, не төрт рәқағаттық намаздарда «Әттәхият» дұғасын оқи сала дереу үшінші рәқағатқа тұру. Жамағатпен оқылған таң намазы, акшам намаздарында және жұма намаздары мен үтір, екі айт намаздарында «Фатиха» мен косымша сүрені жариялап (дауыстап) оқу. Бесін, екінті намаздарында «Фатиха» және қосымша сүрені жасырын (іштен) оқу. Имамға ұйып окушылар бұл намаздардың барлығында да, «Фатиха» мен қосымша сүрені окымай, (имамға ұйып) тыныш тұру.

Үтір намазында «Құнұт» дұғасын оқу. Тарауих намазынан кейін жамағатпен окылатын үтір намазында «Құнұт» дұғасын имам да, жамағат та жасырын оку. Намаздын соңында сәлем беру. Намазда жаңылса, жанылғандығы үшін «сәжде сәһу» – жаңылу сәждесін жасау. Сәһу сәждесі былай орындалады: намаздың ішкі парызының бірі жаңылыстан кешіктірілсе немесе жаңылыстықтан уәжіптердің бірі қалып қойса, соңғы отырыста «Әттәхият... ъабдуһу уә расулуһуден» кейін бір жағына сәлем беріп, кәдімгідей екі сәжде орындалып ба-

рып, «әттәхият салауат» оқылып, екі жаққа сәлем беріледі. Және айт намаздарындағы артық жасалатын тәкбірлер. Құрандағы сәжде аяттары окылғанда сәжде ету.

НАМАЗДЫҢ СҮННЕТТЕРІ

Намаздардың бастауыш тәкбірлерінде, үтір намазындағы құнут тәкбірінде және айт намаздарының артық тәкбірлерінде қол көтеру (ерлер қолдарын құлактарынын тұсына, әйелдер иықтарының тұсына дейін көтереді). Екі алақан құбылаға каратылып, саусақтардың аралары ашық болады. Имамға ұйып окушының бастапқы тәкбірі имаммен бірге болу немесе жақын болу, бастапқы тәкбірден кейін дереу қол байлау. Қол байлағаннан кейін «Субханәкә»-ні оқу. Бұдан кейін «Аъузу бисмиллаһ» оқу (бұл алғашқы рәкағатта ғана оқылады), кейін «Фатиха» сүресін оқу. Бұлар іштен окылады. «Фатихадан» кейін және іштен «әмин» деу. Рукуъқа иілерде «Аллаһу әкбар» деп тәкбір айту. Рукуъта үш рет «Субхана раббиял ъазыйм» – деу. Рукуътан бас көтергенде «СамиъАллаһу лимән хамидаһ, Раббәнә уә ләкәл хамд» – деу. Имам: «Самиъ аллаһу лимән хамидаһ», ал ұюшы: «Раббәнә ләкәл хамд» – деу. «Қиямда» – намазға тік тұрғанда екі аяқтың арасы төрт елі қашық болу. Рукуъта тізелер шеңгелденіп, саусақтар ашық (тізенің үстінде), шынтактар қабырғадан аулақ, тізе бүгілмей; жота түзу, бас пен құйрық бір деңгейде болу. Рукуътан қайта тік тұрғанда «Субханаллаһ» дерліктей сәл кідіру. Сәждеде қарын саннан, шынтақ қабырғадан, білек жерден аулақ болу. (Сәждеде екі аяқтың басы тіреле құбылаға каратылып, екі тізе, екі алақан және мандай, мұрын болып жеті мүшемен орындалады). Кәрі, наукас кісілер шамаларына карай орындайды. Сәждеге барарда, бірінші сәждеден бас көтергенде, екінші сәждеге барарда және екінші сәждеден бас көтергенде «Аллаһу әкбар» делініп тәкбір айтылады. Екі сәжденің арасында құйрық өкшеге тиіп, бір рет «Субханаллаһ» дерліктей сәл отырылады. Екі сәжденің арасындағы отырыста және Әттәхиятқа отырғанда екі қол тізенің үстіне қойылады. Ал, отырыста сол аяктың өкшесі тысқа, басы ішке қарай төселіп, оң аяқтың басы тіреле саусақтар құбылаға каратылып отырылады. Әттахият, салауат және дұға іштен оқылады. Екі жаққа сәлем бергенде: «Әссәләму ғаләйкум уә рахматуллаһ» – делінеді. Жамағатпен оқылған намазда кейінірек келіп кейбір рәкағатқа үлгере алмаған ұюшы, имамның солға сәлем беруін күтеді.

НАМАЗДЫ БҰЗАТЫН НӘРСЕЛЕР

Намазда сөйлеу, ішіп-жеу, өзі естірліктей күлу. (Басқалар естірліктей күлсе намаз да, дәрет те бұзылады). Намазда тұрғанда кеудесін

құбыладан бұру. Намазда тұрып бір іске айналу. (Мұны екі қолмен істеу не бір қолмен екі рет істеу немесе сырттан көрген кісі «бұл адам намазда емес» дерліктей селсоқ әрекет істеу.) Намазда сәлем беру, сәлем алу, дүние ісі үшін дыбыс шығарып жылау. Себепсіз тамақ қыру. Бір нәрсені үрлеу. Аят арқылы болса да біреуге жауап беру. Таямуммен намаз оқып тұрып су көру. Таң намазын оқып тұрғанда күн шығып кету. Намазда тұрғанда мәсіге тартылған масихтың мезгілі толу. «Фатиханы» не қосымша аяттар мен сүрелерді мағынасын бұзарлықтай қате оқу. Намазда тұрғанда ұятты жері ашылу. Құйып оқушы имамнан бұрын рукуъ, сәждеге бару. Намаздың рүкіндерінің бірі қалып қою.

НАМАЗДЫҢ МӘКРУҺТЕРІ

Намазда өне бойдың, киімнің бір жерімен ойнау. Саусақтарды шақырлату. Ауызды ашып есінеу, ойы бөлінерліктей бір жағдайда намаз оқу. Бір ірі адамның алдына барғанда ұяларлықтай жөнсал киіммен намаз оқу. (Әрине, жоқ болса бір сәрі, жамау болса да кірсіз таза болу). Намазда саусақтарды бір-біріне киғізу, бүйір таяну, екі қолды сыбанып тұру. (Егер әйелдер сыбанып тұрса намаз бұзылады). Себепсіз малдас құрын, жүрелеп, бір тізелеп отыру. Отырып тұрғанда киімді түзеу, сілку. Киімді бүркеніп, жамылып тұру. Қыраъатты рукуъта бітіру. Екінші рәкағатта, алғашқы рәкағатта оқылған қосымша сүре не аяттардың жоғарғы жағынан оқу. Біле тұра аят аттау. Намазда тұрып көзді жұму. Жол үстінде, қабірдің үстінде, көң қорада, моншада, жақынында пәжіс болған және иесі разы болмаған бірсудің жерінде намаз оқу. Сәждеде мандайды жерге қойып, мұрынды қоймау немесе мұрынды қойып мандайды қоймау. Жанып тұрған жалынға, шоққа қарап намаз оқу. Алдынан адамдар өтетін жерде намаз оқығанда, бір далда (бөгет) қоймау (ең болмаса бір таяқ шаншып қою керек). Жан-жаққа қарау (егер құбыладап кеудесі бұрылса намаз бұзылады). Бір нәрсеге сүйеніп, кісіге қарсы қарап намаз оқу. Екінші рәкағатта алғашқы рәкағаттан ұзын сүре оқу. Рукуъта басты құйрықтың деңгейінен жоғары не төмен ұстау. Далада намаз оқып тұрып, сәжде орнындағы тастарды қолмен сыпыру. (Мандайға бататын тастарды алудың оқасы жоқ). Жатқа білетін сүрелері бола тұра, екі рәкағатта бір сүрені қайта қайталап оқу т.б. Қорытып айтқанда сүннетке қайшы келетін әрекеттер мәкруһ болып табылады. Және намазда жан-жағына, көкке қарау, екі өкшенің үстіне отыру сияқтылар – харам. Бұлардың сыртындағылар мустахаб не мубахқа жатады. Аллаһ Таъала біздерді шынайы ықыласпен тұрып намаз оқыған құлдарынан ете гөрсін! Әмин.

ЖЕТІНШІ ХҰТПА

НАМАЗДЫҢ МӘНІ, МАҢЫЗЫ ТУРАЛЫ

Қадірлі жамағат! Аллаһ Таъала «Әнбия» сүресінің 45-ші аятында: «Мұхаммед, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын! Кітаптан саған уахи етілгенді оқы да намазды орында. Күдіксіз намаз арсыздықтан жамандықтан тыяды. Әрине, Аллаһ Таъаланы еске алу (намаз оқу) аса үлкен ғибадат. Сондай-ақ Аллаһ Таъала не жасағандарыңды біледі», – дейді. Құран Кәрімді Аллаһ Таъаланың сөзі екендігіне сене отырып оқудың өзі өз алдына бір ғибадат. Мағынасын біліп, мақсатын түсініп, бұйрықтарын орындаушы екі дүниеде мұратына жетеді. Ал, намаз кісіні әртүрлі жамандықтан тыяды. Егер біреудің оқыған намазы оны жамандықтан тиып, жақсылыққа бастамаса, оның намазы шынайы намаз емес, басқаша айтқанда намазды ықыласымен оқымаған.

Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Зор күнәлардан бой тарта отырып, намаз оқыған кісінің кішігірім күнәлары жойылады», – дейді.

Бұл дүниеде әртүрлі жамандықтардың Жаратқанды ұмытумен байланысты екені түсінікті. Былай айтқанда, оғаш қылықтар Жаратқанды ойламаудан келіп шығады. Аллаһ Таъаланы ұмытқандардан қорқылады. Аталарымыз: «Құдайдан қорықпағаннан қорық» деп текке айтпаған. Сондықтан күніне бес уақыт намаз оқу, бес уақыт Аллаһтың құзырына шығу – жамандыққа жол қоймайды. Ал Раббысын ойламаған кісіден әртүрлі жамандық күтіледі. Ол өз пайдасынан басқаны ойламайды да, ойына не келсе соны істейді. Көңілі неге соқса, соны қолына түсіруге тырысады. Ол хақ, құқық танымайды. Ол обал, сауапты білмейді. Орайы табылып, қылмысы жарыққа шықпайтын жағдай кездессе, қолынан келгенін істеуден тартынбайды.

Сондықтан адам баласының бұл халге келмеуі, сондай-ақ Жаратқан Иесін ұмытпауы үшін бір күзетші керек. Міне, сол күзетші – намаз. Өйткені нағыз ықыласпен оқылған намаз адам баласына Жаратқан Иесін ескертеді. Сондықтан жамандық жаққа батылы бармайды. Намаз адамға ой салып, түзу жолға бастайды. Намаз адамды Аллаһ Таъаланың алдына шығарады. Атап айтқанда, намаз кісіге әр уақыт Аллаһ Таъаланың құзырында екенін білдіреді. Ойлап қарағанда бір тәулікте бес рет дүниенің шырғалаңынан арылып, Аллаһ Таъаланың құзырында тұру, елеусіз бір жұмыс емес екені айқын. Әрине, осындай ұдайы Жаратқан Иесін есінен шығармаған мұсылман әсте жамандыққа жоламайды. Өйткені ол, өзін мұқият Жаратқанмен біргемін деп сезінеді. Сондықтан бұл дәрежеге жеткен бір мұсылман елдің малына, жанына, намыс-абыройына көз тікпейді. Сондай-ақ ондай жайсыз, тұрпайы іс

істеуге ауытқымайды да ондай оғаш нәрселерді өзіне лайық көрмейді. Ал, намазшыл кісі әмісе денесін, киімін, орнын өте пәк, ерекше таза ұстауға әрекет етеді. Сондай-ақ, шынайы ықыласпен намаз оқыған кісінің көңілі жай тауып, рахаттанады. Әрі жүрегі де тыныштық табады.

Қадірлі жамағат! Шынайы көңілмен зер салып, жете түсініп, намаздың мән-маңызын анықтап зерттеңіздер. Аллаһ Таъала біздерге құр бекерге «Намазды толық орындаңдар!» деп бұйырмаған. Намаздың мән-маңызын білмегендер немесе намаздан жақсы нәр ала алмағандар, намазды тек кана тұрып-жығылу деп ойлайды. Негізінен намаздың толық ғибадат екенін білу керек. Сондықтан біз намазды толық, шынайы ықыласпен орындап, мән-маңызын жақсы біліп, құлшылық етуге міндеттіміз. Күнінде бес уақыт намаз оқу – әрбір мұсылманның мойнына парыз енендігі талассыз. Намазды селқостықпен шала-шарпы, көңілсіз окымай, нынайы ынтамен толық оқу керек. Маңдай сәждеде, көңіл басқа жақта болмасын. Атап айтқанда, намазды денемен ғана емес, нағыз жүрекпен оқу қажет. Көңілсіз, немқұрайлы оқылған намаздап пайда шықпайды. Ондай шала намаз адамды Аллаһ Таъаланың құзырына жанастырмайды. Бір адам қырық жыл пейілсіз тауық жерден жем тергендей етіп оқыса, оның жүрегі жұмсармайды да, мінезі түзелмейді. Егер біреу әрі намаз оқып, әрі жамандық істесе, сонда намазды шынайы жүрегімен дұрыс оқымаган, рухы намаздан нәр ала алмаған болып, жамандықтан аулақ бола алмайды. Сондықтан шын намаздың не екенін біліп, намазды Аллаһ Таъаланың әмірі екендігін жаксы түсініп оқыған жөн. Пайғамбарымыз Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Мұсылман мен қәпірдің айырмашылығы намазда», – дейді, және бір хадисінде: «Намаз – діннің тірегі», – десе, енді бірде: «Намаз – мұсылманнын миғражы», – деген. Міне, бұл хадистердің бәрі де намаздың мән-маңызымен тығыз байланысты. Аллаһ Таъала біздерді Өз мархаметімен намазды нағыз ықыласымен дұрыс оқитын құлдарынан ете гөрсін! Әмин.

СЕГІЗІНШІ ХҰТПА

ЖҰМА НАМАЗЫНА БАЙЛАНЫСТЫ

Қадірілі жамағат! Аллаһ Таъала «Жұма» сүресінің 9, 10, 11-ші аяттарында жұма намазына байланысты: «Әй, иман иелері! Жұма күні намаз үшін азан шақырылған кезде дереу Аллаһты еске алуға (намазға) ұмтылыңдар. Және сауданы қойыңдар. Егер білген болсаңдар, сендер үшін жақсы», – делінген түрде «жұма күні азан айтылғанда дүние істерін қойып, намазға ұмтылыңдар, егер сезе алатын болсаңдар, сендер үшін қайырлы» – деп жұма намазының парыз болғандығын ескертсе, Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Біреу жұма күні шомылып, шамасы келгенінше тазаланып, майланып, хош иістеніп алғаннан кейін үйінен шыққан бойда, ешкіммен қақтығыспай, жұма намазын оқып, хұтпасын тыңдаса, келесі жұма мен екі арадағы күнәлары кешіріліп, жарылқанады», – деген.

Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Меккеден Медннеге көшіп келген кезде Мединелік сахабалар қарсы алып Құба деген жерде бірнеше күн тұрып, бір жұма күні Медннеге кірердегі жол Бәну Салимде жұманың хұтпасын оқып, тұңғыып рет жамагатпен жұма намазын өтеген.

Сондықтан әр мұсылманның жұма намазын өтеуі парыз. Сондай-ақ жұма намазы дүние-ақыреттің игіліктерін бірдей қамтыған, ерекше ірі ғибадат екені даусыз. Жұма күні шомылып, тазалану – сүннет. Яғни, Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, біздерге қалдырған ең абзал өнегесі.

Дінге байланысты үгіт-насихат тыңдаудың бір орайы болғандығы үшін, Құран Кәрімде: «Аллаһ Таъаланың үгіт-насихаттарын тыңдау үшін ұмтылыңдар», – деп ашық әмір берілген. Сондықтан хұтпаның (жұманың) уағызын тыңдау парыз.

Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Жұма – сондай бір қасиетті күн. Онда көмес тұрған тілектің кабыл болатын бір сағаты бар. Кімде-кім сол сағатқа кез-келіп тілек тілесе, Аллаһ Таъала оны мұратына жеткізеді», – деген. Тағы бір сөзінде: «Кімде-кім себепсіз үш жұманы қалдырса – мунафиқтарға (екі жүзділерге) жазылады», – деп қатаң ескертілген. Әне, бұл аят, хадистерде жұма намазынын қаншалық жоғары дәрежеде екендігі байқалып тұр. Ол әлеуметтік тұрғыдан қарағанда, аптасына бір рет бас қосып, бір араға жиналу өзара қарым-қатынасты нығайтып, сүйіспеншілік тудырып отырады. Қорыта келгенде, жұма күні, әрі жұма намазы дүние-ахирет игіліктерімен өте тығыз байланысты, елеулі бір орай екендігі түсінікті.

Жұма намазының парыз болуының бір шарттары

1 – мұким болу, 2 – еркек болу, 3 – азат болу, 4 – ержеткен болу, 5 – дені сау болу, 6 – көзі сау болу, 7 – аяғы сау болу, 8 – есі дұрыс болу.

Яғни, жолаушыға, әйелге, құлға, сәбиге, ауруға, соқырға және есаланға жұма намазы парыз емес. Онымен катар бұлар мешітке барып жұма намазын оқыса бесін намазы мойындарынан түседі.

Жұма намазын дұрыс оқудың шарттары – алтау

1. Қала болу, не кала үкімінде болу.
2. Үкімет, не муфти тарапынан рұқсат берілген имам немесе уәкілі болу.
3. Имамнан басқа ең азы үш кісілік жамағат болу.
4. Жұма намазын оқитын жер әркімге ашық болу.
5. Бесін намазының уақыты болу.
6. Жұманың парызынан бұрын, имам хұтпа оқу. Міне, осы алты шарттың бірі кем болса, жұма намазы оқылмайды.

ЖҰМА КҮНІНІҢ ӘРІ ЖҰМА НАМАЗЫНЫҢ МӘНІ, МАҢЫЗЫ

Жұма күні мұсылмандар үшін елеулі бір мереке болып табылады. Сондай-ақ дұға-тілектердің, ғибадат-құлшылықтар қабыл болатып ірі мүбәрак күн. Сондықтан әрбір мұсылман бұл ардақты өте жоғары бағалап, құрметтеуге тиісті. Жәпе жаман істерден сақтанып, ізгі істер істеуге тырысып, ата-ана, ағайын-туыстармен көрісіп, хал-жағдайын сұрап, жоқ-жітіктерге қол ұшын беріп, олардың мұң-мұқтажын қамтамасыз етуге тырысу қажет. Сондай-ақ бұл дүниеден кеткендерді де еске алып, қабірстанға барып немесе үйде Құран оқып, не садақа беріп, оларға сауабын бағыштауды ұмытпаған жөн. Өйткені ғруақтар бізге мұқтаж.

Жұма күні Құран оқып, зікір айтып, Аллаһ Таъаладан шынайы ықыласпен жалбарына тілек тілеп, істеген кылмыстарына өкіне тәубе ете отырып, нағыз ынтамен хұтпаны, уағыз-насихатты тыңдап, міндетті түрде жұма намазын өтеу – әр мұсылманға парыз ъайн. Яғни, әр адамнын өз басына міндетті парыз.

Аллаһ Таъала біздерді шынайы ықыласпен барлық ережелеріне сәйкес жұма намазын өтеп, жарылқанған құлдарынан етс гөрсін! Әмин.

ТОҒЫЗЫНШЫ ХҰТПА

ҰЛЫ РАМАЗАН АЙЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАСИЕТТІ АЙЛАР ЖАЙЛЫ

Қадірлі жамағат! Аллаһ Таъала «Бақара» сүресінің 185-ші аятында он екі айдың сұлтаны аталған рамазан айына байланысты: «Рамазан айы сондай бір ай, ол айда адам баласына тура жол, ақ пен қараны айыратын Құран түсірілді. Сендерден кім рамазан айында болса, ораза ұстасын. Ал біреу науқас, не сапарда болса басқа күндерде санын толтырсын. Аллаһ Таъала сендерге жеңілдікті қалайды. Ауыртпалық қаламайды. Сендерді тура жолға салған Аллаһ Таъалаға шүкіршілік етулерің үшін санын толтырындар, әрі Аллаһ Таъаланы ұлықтаңдар», – деген. Яғни, бұл аятта Аллаһ Таъала рамазан айының қасиетін білдіре отырып, бұл айда үйде, дені сау болғандарға бір ай ораза ұстауды, ал науқас немесе сапарда болғандарға ораза ұстамай-ақ басқа күндерде күніне күн ораза ұстау арқылы төлеу салуды, осылайша Аллаһ Таъаланың құлдарына ауыршылық емес, жеңілдік қалағандығын ескерте келіп, мұндай оңайшылық көрсеткен Аллаһ Таъалаға шүкірлік етіп, ұлықтауды әмір етеді.

Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Ислам діні бес негіз үстіне құрылған: Аллаһтан басқа ешбір тәңірдің жоқтығына, Мұхаммед, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Аллаһтың елшісі екендігіне сену, намазды орындау, зекет беру, хажыға бару және рамазан айында ораза ұстау», – деген. Тағы бір хадисінде: «Рамазан айының басы рақмет, ортасы жарылқау, соңы тозақтан азат болу», –деп рамазан айын аса жоғары бағалап, ерекше дәріптеген.

Жыл он екі айдың ішінде рамазан айы артықша қасиеттерге ие болғандығы үшін «Он екі айдың сұлтаны» деген. Өйткені Құран Кәрім осы айда түсірілген. Мың айдан артық қасиетке ие Қадір түні де осы айда. Аллаһ Таъала Құран Кәрімде тек кана осы рамазан айының атын атап, ардақтап көрсеткен. Басқа айлардың аты аталған емес.

Расында Аллаһ Таъаланың қасында көк пен жерді жаратқалы Аллаһ Таъаланың кітабындағы айлардың саны он екі. Рамазаннан басқа төрт құрметті ай – мухаррам, раби ул әууәл, режеп және шағбан.

1. Мухаррам – ислам есебі бойынша бірінші ай. Жылдың басы. Бұл айдың онын «ашура» күні дейді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Рамазаннан кейінгі ең абзал ораза Аллаһ Таъаланың айы болғандықтан мухаррам айының оразасы», – деген. Риуаяттар бойынша атамыз Адам (ғ.с.)-ның жаратылуы, жер жүзіне түсуі, Нұх тоианы, Нұх (ғ.с.) кемесінің Жуди тауына токтауы, Ибраһим (ғ.с.)-ның туылуы, пайғамбар болуы, Намрудтың отынан құтылуы. Идрис (ғ.с.)-ның көтерілуі, Айюб (ғ.с.)-

ның сақаюы, Мұса (ғ.с.) елінің Перғауыннан құтылуы, Ғайса (ғ.с.)-нын туылуы, көтерілуі тағы басқа елеулі, зор оқиғалар осы айдың онында болған. Сондықтан жер жүзіндегі мұсылмандар осы қасиетті айға, әсіресе «ашура» күніне өте мән беріп, құттықтап, арнаулы ашура тәттісін жасап тарқатады. Сондай Аллаһ Таъалаға жалбарынып, ғибадат етіп, тілек тілейді. Жоқ-жітікке қарасады. Айдың басынан бастап он күн ораза ұстауда зор сауап бар.

2. «Рәби ул әууәл» – ислами үшінші ай. Бұл айдың он екісі дүйсенбі күні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) дүниеге келген.

3. «Режеп» – ислами жетінші ай. Бұл режеп айының екі ерекшелігі бар.

4. «Шағбан» айы. Ислами сегізінші ай. Бұл айдың он төрт пен он бесі арасындағы кешті «бәраат» кеші деп атайды.

Қадірлі жамағат! Аллаһ Таъаланың құлдарына заттай және рухани түрде жарылқау-сыйлықтары бар. Міне, сол арнаулы кештерінің бірі осы бәраат кеші. Намаз осы кеште Қағбаға қарап окылатын болған. «Дұхан» сүресінің 2, 3-4-ші аяттарында: «Ашык баян етуші Құранға серт. Шын мәнінде оны құтты бір кеште түсірдік. Расында біз ескертушіміз. Ол кеште барлық хикметті істер айрылады», – деген. Бұл кештің аса қасиетті бір кеш екендігі ескертілсе, Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Аллаһ Таъала шағбан айының жартысындағы кеште бүкіл құлдарын жарылқайды. Бірак Аллаһ Таъалаға серік телуші мен сараңды жарылкамайды», – деген. Жыл ішіндегі болашақ, жақсы, жаман істер, ризық, тағы басқа табиғат құбылыстары осы кеште белгіленеді. Сондықтан бұл ерекше қасиетті кеште Құран оқып, қаза, нәпіл намаздарын орындап, тілек тілеп, түрлі ғибадат етілсе, Аллаһ Таъала Өз мархаметімен жарылқап мұратқа жеткізетіндігі үміт етіледі. Режеп, шағбан және рамазан айын «үш айлар» деп атайды. Осы үш ай бойынша тұтас ораза ұстаса мол сауапқа ие болады. Ең болмаса режеп айында тоғыз күн, шағбан айында үш күн ораза ұстау сауап. Режеп, шағбан және рамазан үшеуі ғибадат айы. Және мухаррам, режеп, зылқағда, зулхижжа, төрт ай соғысуға болмайтын құрметті айлар. Әрине, жау өзі тиссе, қорғаныс соғысы болады. Ал және шәууал айының басындағы ауыз ашар айтымен зулхижжа айының онындағы Құрбан айты ислам дінінде ең зор діни мереке болып табылады. (Бұл екі айтқа байланысты арнаулы хұтпалар бар).

Арабша ай аттары: 1. Мухаррам, 2. Сафар, 3. Рәби ул әууәл, 4. Рәби ул ахыр, 5. Жимадий ул әууәл, 6. Жимадий ул ахыр, 7. Режеп, 8. Шағбан, 9. Рамазан, 10. Шәууәл, 11. Зылқағда, 12. Зулхижжа.

ОНЫНШЫ ХҰТПА

ОРАЗАНЫҢ МӘНІ, МАҢЫЗЫ ЖАЙЛЫ

Қадірлі жамағат! Ислам дінінің бес парызының бірі рамазан оразасы. «Бақара» сүрсінің 183-ші аяты арқылы: «Әй, мүминдер! Сендерге бұрынғыларға парыз қылынғандай ораза парыз қылынды. Әрине, сақтанарсындар», – делінген әмір бойынша парыз ъайн болып бекітілген. Онымен қатар, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Исламның бес шартының бірі – рамазан айының оразасы», – деп бекіткен. Және хұтпада оқылған құдси хадисте: «Расында, Раббыларың әрбір игілікке – бірден он еседен жеті жүз сеге дейін артық сыйлық бар», – дейді. Бірақ Аллаh Таъала оразаның сыйлығын Өзім беремін. Ол Маған тән. Құлдарым Мен үшін жыныстық нәпсісін, қорегін қояды. Ораза ұстаушыда екі сүйініш бар: бір сүйініш ауыз ашқан кезде, бір сүйініш Раббына жолыккан кезде. Ораза ұстағанның аузының иісі Аллаh Таъаланың қасында жұпардың иісінен де жақсырақ. Және бір хадисте: «Кімде-кім рамазан айында сеніммен, сауабын үміт ете отырып ораза ұстаса, бұрынғы өткен бүкіл күнәлары кешіріледі», – деген.

ОРАЗА ЖАЙЫНДА ТҮСІНІК

«Ораза» деп – ниет ету шартымен таң раундаудың алдынан күн батқанға дейін ішіп-жеу мен жыныстық қатыпастан тиылуды айтады.

Оразаны бастау үшін нәпсіні тыятын мезгілді «имсак» деп, сол уақытта ішетін тамақты «сәхарасы» деген сөзден шыккан «сәресі» және ауыз ашуды «ифтар» деп атайды. Рамазан айында есі дұрыс, балиғатқа толған, дені сау, етеккірден таза, нифастан айығып, қол-аяғын бауырына алған әйелдерге, жолаушы емес, мұсылман ер-әйелге міндетті парыз. Есалаң, сәби бала, ауруға және етеккірі келіп жүрген, босанғаннан кейін қол-аяғын бауырына алмаған әйслдерге парыз емес.

Ғибадаттың түрлері «Ғибадат» хұтпасында жазылған болатын. Соның ішінде оразаның ерекше мәні бар. Ораза көзге көрінбейтін, Аллаh Таъала мен құлдың арасындағы көмескі бір ғибадат. Басқаша айтқанда, нәпсіні тыю арқылы орындалатын сыр тәрізді құлшылық. Сондықтан жоғарыдағы хадисте, басқа ғибадаттарға он еседен жеті жүз есеге дейін сыйлық берілетіндігі ескеріліп отыр. Ал оразаға шексіз түрдс сыйлық беріледі делінген. Пайғамбарымыз, Оган Аллаhтың игілігі мен сәлемі болсын: «Ораза тілектін қабыл болуына себепші болады. Ауыз ашардағы тілек тойтарылмайды. Ораза тозақтан қорғайтын калқан. Ораза ұстаушылар жәннатқа «Раййан» атты арнаулы қақпадан кіреді.

Әр нәрсенің өзіне тән тазалығы бар, рухтың тазалығы – ораза. Ораза – сабырдың жартысы», – деген.

Денсаулық тұрғысынан да оразаның көп пайдасы бар. «Ауру астан, дау қарындастан» деген ғой. Сондықтан жыл он екі ай бойы мейлінше асқа толтырған асқазанды бір ай дем алдыруда денсаулыққа байланысты елеулі сыр жатыр. Және «аш қадірін тоқ білмейді» дегендей, ораза ұстағандар аштың, аштықтың қадірін біліп, ұдайы жоқ-жітікке көмектесу сезіміне ие болады.

ОРАЗАҒА БАЙЛАНЫСТЫ КЕЙБІР ТҮСІНІКТЕР

Қадірлі жамағат! Көне дәуірде елде сағат болмағандықтан кейде сәресі таң әбден атқанда, түндік жабылып қойылып, ішіліп, кейбір бұлтты күндерде күн батты деп ауыз ашқаннан кейін селт етіп ашыла қалғанда, тау басынан күн кетпеген жағдайлар болатын. Ал, енді, сағат бар, күнтізбе бар. Сондықтан сағатқа қарап дәл мезгілде ауыз бекітіп, толық уақытында ауыз ашқан жөн. Өйткені уақытынан кеш ауыз бекілсе, не мезгілінен бұрын ауыз ашылса, ораза ұстамаған болады. Сол себепті ол күннің оразасын басқа күнде ұстап, өтеу шарт. Әрине бұған қатты сақ болу қажет.

Оразаны бұзатын нәрселер мыналар: ораза екенін біле тұра әдейі керек не дәрі ішіп, жеу, жыныстық қатынас жасау, ауызға кірген қар, жаңбырды жұту, ине құйдыру, темекі тарту, насыбай ату, хош иісті ағаш не өсімдіктін иісін ішке тарту, арпа, бидай секілді дәнді-дақылдарды шайнап дәмін тату, жеп әдеттепген біреудің немесе жерік болған әйелдің топырақ, көмір тәрізді нәрселерді жеуі, тұз тату, ер-әйелдің бір-бірінің түкірігін жұтуы, қызыға сүйісуі. Осы айтылғандардын бірін жорта істеген кісінің оразасы бұзылады да, әрі каза, әрі кәффарат төлеуі шарт. Яғни, бұзылған күн үшін бір күн ораза ұстап, одан басқа үздіксіз алпыс күн кәффарат оразасын ұстайды немесе алпыс пақырды тамақтандырады.

Ораза бұзылып, тек қана күніне-күн каза ораза ұстау арқылы өтелетін жағдайлар мыналар: шикі ұн, күріш жеу, әдеттенбеген біреудін топырақ жеуі, әрқандай бір ұрық жұту, мақта, қағаз сияқты нәрселерді жеу, алтын, күміс сияқты нәрселерді жұту, ауызға кірген қар-жаңбырды еріксіз жұту, ауызға не мұрынға алынған су қатеден тамағына кету, оразасы зорлықпен бұзылу, тістердің арасындағы бұршақтай нәрсені жұту, ұмытып бір нәрсені жегеннен кейін оразам бұзылды деп ойлап жеп-ішу, зорланып ауыз толы құсу, құсықты қайта жұту, жорта түтін жұту, таң атпады деп сәресі ішу, күн батты деп ауыз ашу, қатынассыз шәһуаты шығу, құйрықтан бір нәрсе алу...

Ескерту: Түрлі аурулардын емделуінде аузы берік наукастардың денесіне ине арқылы берген дәрі мига, не ішекке барып бауыр, бүйрек, қуық арқылы денеден шыкса, ол адамның оразасы бұзылып, қаза тиісті болады. Яғни күніне күн өтейді. Ал, егер ине арқылы денеге берілген дәрінің әсері дененің терісінің ішінде қалып, ішке, миға бармаған болса, ол адамның оразасына зиян келмейді.

(Түркия дін істері Кеңес қоғам 9/XI – 1956 қаулысы)

Қадірлі жамағат! Әрбір мұсылман үшін рамазан айының оразасын ұстау – парыз ъайн екендігі жоғарыда айтылды. Негізінен ораза ұстаған кісі Аллаһтың әмірін орындағандықтан Аллаһ Таъаланың разылығына ие болып, мағынауи сыйлыққа бөленеді. Рамазан айында істелген әртүрлі игіліктер мен ғибадаттардың сыйлығы неше есе артық болады. Сондай-ақ, оразаның және сауабының кемімеуі үшін ұрыс-жанжал, өсек-аяң, ғайбат, өтірік және төбелес, қактығыстан мейлінше сақтанып, мұндай оғаш мінездерден міндетті түрде аулақ болуымыз шарт. Бұл жерде сіздерге: «Оразалыға біреу киліксе... «аузым ораза» – деп жауап беруге тиіс», – деген хадисті ескерткім келеді. Міне, бұған қарағанда «ораза» тек кана кешке дейін аш жүруді емес, жақсы мінезді, тәрбиелі такуа болуды қамтиды.

Аллаһ Таъала біздерді мүбарак рамазан айының қадірін жете біліп, шынайы ықыласпен толық құлшылық істеп, мархаметіне бөленген құлдарынан ете гөрсін! Әмин.

ОН БІРІНШІ ХҰТПА

ҚАДІР КЕШІ ЖӘНЕ ТАРАУИХ, ИҒТИҚАФҚА БАЙЛАИЫСТЫ

Қадірлі жамағат! Оң екі айдың сұлтаны болған рамазан айындағы Қадір кеші, тіпті баяндап сипаттауға шамамыз жетпейтіндей өзгеше қасиеттерге ие. «Қадір» сүресінде:

«Негізінен Құранды Қадір түнінде түсірдік. Мұхаммед, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Қадір түнінің не екенін білесің бе? Қадір түні мың айдан қайырлы. Періштелер және Жәбрәйіл (ғ.с.) бастаған ол кеште Раббыларының рұқсаты бойынша барлық іс үшін түседі. Ол бейбітшілік кеші таң раундағанға дейін жалғасады», – делінген. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Кімде-кім Қадір кешінде қасиетіне сеніп, сауап үміт етс отырып ғибадат етсе, өткен күнәлары кешіріледі», – деп ескерткен.

Аллаһ Таъаланың өте кең мархаметімен біздерге берген қыруар сыйлықтары, көптеген игіліктері бар. Әрине, сондай бір нығметті сыйлықтардын бірі осы Қадір кеші екені даусыз. Өйткені Аллаһ Таъала жоғарыда оқылған «Қадір» сүресінде адам баласына екі дүниедегі бақыт жолын көрсететін Құран Кәрімнің осы Қадір кешінде түсіріле бастағандығы, сондықтан осы ерекше кештің құрметі үшін Жәбрәйіл (ғ.с.)-нан бастап көптеген рахмет періштелерінің Аллаһ Таъаланың әмірі бойынша игілікті жұмыстармен жер жүзіне түсетіндігі, сондай-ақ таң атканша Аллаһ Таъаланың рахметі тасып, жалғасты түрды бейбітшілік сәлемі жауатындығы ашық түрде баян етіледі. Сондай-ақ Аллаһ Таъала тарапынан арнайы сүре түсірілгендігі бұл кештің қаншалықты қасиетті екендігін дәлелдеуге жетіп асады. Бұл Қадір кешінің ішінде Қадір кеші болмаған мың айдан артық екендігі баса ескертіліп отыр.

Қадірлі жамағат! Қадір кешінің қасиеттеріне шын жүректен сене отырыш, Аллаһ Таъаладан сауабын үміт етіп, таң атканша ұйықтамай, біздерге мұндай мүмкіндікті нәсіп еткені үшін нағыз ынтамен шүкір ете жалбарынып, беріле ғибадат етіп, өткен күнәларымызды енді қайтіп істемеуге толық бекіне, өкіне тәубе етіп, Аллаһ Таъаладан кешірім сұрап, дүние-ахиретке байланыс-ты қажеттерімізді тілеуіміз шарт. Әсіресе, бұл мың айдан артық кеште каза намаздарымызды өтеуіміз қажет. Өйткені Аллаһ қабыл етсе, бұл кеште өтелген бір каза намаз мың айлық каза намаздын орнына тұруы үміт етіледі.

Ұлы Аллаһ Таъала кең мархаметімен біз сияқты құлдарынын пайдасы үшін жыл ішінде кейбір ерекше кештер, қасиетті күндер арнаған. Сондықтан сол арнаулы мезгілдерде Аллаһ Таъала рахметін шашып,

«Ал, құлым» деп құлдарын жарылқауына бөлейді. Аз мезгілде істелген ғибадатқа көптеген сауап беріледі. Бұған байланысты дүние жағдайын мысал қылып айтқанда: бір жерге белгілі бір мезгілде әдеттегіден арзан нәрсе сататын, апарған нәрселерді сатып алатын бір базар құрылса, немесе бір күн жұмыс істеушіге неше есе артық жалақы төлейтін болса, ел ұзактан арнайы барып, орайдан пайдалану үшін ұйқысын бөліп, шыдап кетер еді.

Бұл рамазан айының бір ерекшелігі «тарауих» намазын оқу. Әр күн құптан намазынан кейін үтір намазынан бұрын тарауих намазын оқу – ер-әйелге бекітілген сүннет. Тарауих намазы жиырма рәкағаттан тұрады. Екі не төрт рәкағатта сәлем беріледі. Жалғыз оқуға да болады. Алайда, мешітте жамағатпен оқыған абзал.

Және бұл рамазан айында орындалатын «ағтикаф» деп аталатын тағы бір ғибадат бар. Бес уақыт намаз жамағатпен оқылатын мешітте ерлердің рамазан айының соңғы он күндігіне ағтикаф ниетімен мешітте отыруы бекітілген сүннет болғандығы үшін зор сауап болады. Аллаh Таъала біздерді осындай ерекше кешке мән беріп, Өзіне жалбарынып, жарылқанған құлдарынан еткей! Әмин.

ОН ЕКІНШІ ХҰТПА

ЗЕКЕТ ТУРАЛЫ

Қадірлі жамағат! Хұтпамыз, исламның бес парызының бірі болған зекетке байланысты: «Намазды толық орындаңдар, зекет беріңдер. Өздерің үшін бір жақсылық жолдасаңдар, оны Аллаһ Таъаланың қасынан табасыңдар. Шынында Аллаһ Таъала не істегендеріңді толық көруші», – деп, «Бақара» сүресінің 110-шы аятында ашық түрде әмір берілген. Бұдан басқа 31 жерде зекет жайында аяттар бар. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Аллаһ Таъала біреуге мал-мүлік берсе, ол зекетін өтемесе, оның малы қиямет күні түсі суық қара жағал жылан түріне кіреді. Қиямет күні оның мойнына оралып, аузын арандай ашып тұрып: «Мен сенің мал-мүлкіңмін, мен сенің қазынаңмын» – дейді», – деген. Және бір хадисінде: «Мал-мүліктеріңнің қырықтан бірін зекетке беріңдер», – деген. (Әрине, қырықтан бірі өлі бұйым мен ақша зекет делінген түрде ескерткен.)

Негізінен зекет – исламның бес парызының бірі, парыз ъайн болған бір мали ғибадат болып табылады. Дүние жаралғалы адам баласы біркелкі болған емес. Ал, міне, бүгінге дейін сондай екені даусыз. Біреу бай, біреу жарлы. Қолдың бес саусағы бірдей емес қой. Негізгі жағынан қарағанда ислам діні өзара қоғамдық тұрғыдан көмектесуге елеулі түрде мән бергендіктен байларға «зекет» деген атпен дәулетінің қырықтан бірін шығаруды парыз еткен. Егер де бір мемлекеттің байлары дәулетінін қырықтан бірін бұлжытпай жылына шығарып, жоқ-жітіктерді сүйеп отырса, ол мемлекетте ешкім қиыншылыққа ұшырамас еді. «Зәрият» сүресінің 19-шы аятында: «Олардың мал-мүліктерінде сұрағанға да, сұрамағанға да тиесі бар», – деген. Дәлірек айтқанда мал-мүлкінде жарлылардың хақы бар. Яғни, қырықтан бірі олардың хақы. Сондықтан сұраса да, сұрамаса да беру парыз. «Бақара» сүресінің 273-аятында: «Сондай Аллаһ Таъала жолында қамалып шықпай отырған, жер жүзінде жүре алмайтын, білмегендер оларды абырой сақтағандарынан бай деп ойлайтын пақырларға беріңдер. Оларды бейнесінен-ақ танисың. Олар адамға жабысып сұрамайды. Сендер не қайыр берсеңдер Аллаһ Таъала оны біледі», – деп ескертеді. Яғни, ел ішіндегі осындай адамдар ашжалаңаш қалмасын, міндетті түрде іздестіріп, сондайларды тауып беру шарт. Өйткені біреуге бересі борышты иесін іздеп барып берген қандай айбат.

Қадірлі жамағат! «Зекет» деген сөздің ұғымы – тазарту. Сондықтан «зекет» мал-мүліктің кірі деген сөз өте орынды. Зекет берілсе, мал-мүлік кірінен, иесі борышынан тазарады. Зекет берілмесе, пақырдың

хақы желінген болып табылады. Сонымен қатар Аллаһ Таъаланың әмірін орындамағандықтан о дүниеде ауыр азапқа душар болады.

ЗЕКЕТ ТУРАЛЫ ШАРИҒАТ ҮКІМДЕРІ

Зекет – ересек, акылды, ерікті, мүкәллаф болып борышынан және негізгі қажетінен артық, өсіп тұрған мал-мүлік иесіне парыз болады. Шариғат бойынша мұндай кісі байға жатады.

Әртүрлі борыш өтелгенде, қалған мал-мүлкі зекетке толатын болса, мысалы, біреудің ои мыңдай ақшасы болып, екі мыңдай борыш болса, сегіз мыңыпа зекет келеді. Ал, егер борыш өтегенде қолында ешнәрсе қалмайтын болса, зекет келмейді.

Ал, негізгі қажет – үй іші, бала-шаға, әке-шешлерінің қаржысын айтады. Отыратын үй, дүкен, үй жиһаздары, киім-кешек, өнеркәсіп саймандары, мінетін ат, мылтык тәрізділерге зекет келмейді. Осылардан артылған нәрсе, не ақшаларға зекет келеді. Сондай-ақ зекет берілу үшін, зекетке толарлык байлыкка ие болғанына бір жыл толған болуы шарт.

Зекет берілетін нәрселер мыналар: Алтын, күміс, қырда оттаған төрт түлік мал. Және әртүрлі сауда тауарлары. Айталық, сатып пайда табу үшін жинап койылған құм, топырақ, су, көң т.б. сияктылар. Және ақша. Әрине, бұлар белгілі бір мөлшерге толу қажет. Бұл зекетке толатын мөлшерді «нисап» деп атайды.

ТӨРТ ТҮЛІК МАЛДЫН ННСАБЫ

Қой қырыққа толса нисабқа толған болады. Қырықтан жүз жиырмаға дейін бір кой. Жүз жиырма бірден екі жүзге дейін екі кой. Екі жүз бірден үш жүз токсан тоғызға дейін үш кой. Төрт жүзге толғаннан кейін жүзден бірі беріліп отырады. Ешкі мен кой бірге есептеледі.

Сиырдың саны отызға толса нисапқа толып, отыздан отыз тоғызға дейін бір тайынша, қырыктан елу тоғызға дейін бір құнан өгіз, не құнажын сиыр, алпыстан алпыс тоғызға дейін екі тайынша, жетпістен жетпіс тоғызға дейін бір тайынша және бір құнан өгіз не бір құнажын сиыр. Сексеннен токсанға дейін екі құнан өгіз, не екі құнажын сиыр, токсаннан токсан тоғызға дейін үш тайынша, бір жүзден екі жүз екіге дейін төрт тайынша, не үш құнан өгіз, не құнажын сиыр беріледі. Бұдан жоғары сандарга жеткенде әр отыздан бір тайынша немесе әр қырыктан бір құнан өгіз, не құпажын сныр беріліп отырады.

Түйенің саны беске жетсе нисабка толады. Бестен тоғызға дейін бір кой, оннан он төртке дейін екі кой, он бестен он тоғызға дейін үш кой,

жирмадан жиырма төртке дейін төрт қой, жиырма бестен отыз беске дейіп бір тайлақ, отыз алтыдан қырақ беске дейін бір құнажын інген. Қырық алтыдан алпысқа дейін бір дөнежін інген. Алпыс бірден жетпіс беске дейін бір бесті інген, жетпіс алтыдан тоқсанға дейін екі құнажын інген, тоқсан бірден жүз жиырмаға дейін екі дөнежін інген, жүз жиырма бірден жүз қырық төртке дейін екі дөнежін інгенмен бірге әр бес түйе үшін бір қой, не ешкі, жүз қырық бестен жүз қырық тоғызға дейін екі дөнежін, бір құнажын інген, жүз елуден жүз жетпіс төртке дейін төрт дөнежін, үш құнажынмен бірге әр бес түйе үшін бір қой, не ешкі, жүз жетпіс бестен жүз сексен беске дейін үш дөнежін, бір құнажын інген, жүз сексен алтыдан жүз тоқсан беске дейін үш дөнежін, екі құнажын інген, жүз тоқсан алтыдан екі жүзге дейін төрт бесті інген беріледі де, бұдан жоғары санға жеткеннен кейін әр елу түйеден бір дөнежін інген беріліп отырады.

Жылқының белгілі бір нисабы жоқ. Егер ылғи бие, ат, не айғыр аралас үйірлі жылкы болып, жылдың көбірегінде қырда жайылса, мал иесі ерікті түрде қаласа жылкы басына бір динар алтын ақшаға шағып қырықтан бірін береді.

Алтын, күмістің зекеті: алтынның нисабы – жиырма мысқал (96 грамм) салмағында болса, күмістің нисабы екі жүз дирһам (641 грамм) салмағында болып, борышынан, негізгі кажетінен артық болу, бұған ие болғанына бір жыл өту. Алтын, күмістен өз салмағынып қырықтан бірі зекетке беріледі. Сондай-ақ жиырма мысқал (96 грамм) алтынның, яки екі жүз дирһам (641 грамм) күмістің бағасындай сауда малынан да, ақшадан да қырықтан бір зекет беріледі. Алтын, күміс сауда үшін емес, алқа, білезік, жүзік, сырға тәрізді сәндік дүниелер, не қасық, тостаған, табақ т.б. тұтыну бұйымдары түрінде болса да, егер салмағы нисабқа толарлықтай болса, мысалы, алтын болғанда салмағы (96 грамм), күміс болғанда (641 грамм) болса зекет келеді.

Зекет – «Тәубе» сүресінің 60-аятында көрсетілген сегіз түрлі кісілерге беріледі.

Шын мәнінде садақалар (зекеттер), Аллаһ Таъала тарапынан бір парыз – қолы тар пақырларға, түгі жоқ міскіндерге, оны жинауға белгіленгендерге, көңілдері ауланатындарға (жапа мұсылман), құлды азат етуге, борыштыларға, Аллаһ Таъала жолында және жолда қалғандарға беріледі. Аллаһ Таъала әр нәрсені білуші, хикмет иесі. Енді бұларды біраз ашын айтайық:

1. Пақырлар: нисабқа толарлық малы болмағандар асли қажетіндей бір нәрселері, үйі, ісі, жұмысы болса да бұларға зекет беріледі.

2. Міскіндер: ешнәрсесі болмаған пақырдан төмен жағдайда болғандар.

3. Ғалымдар: үкімет тарапынан зекет жинаға міндеттендірілгендер. Бай болса да еңбектері үшін зекет беріледі.

4. Көңілдері алынатын жаңа мұсылмандарға пақыр болмаса да беріледі.

5. Құлды азат етуге: белгілі бір шамада ақша тауып беріп, басын азат ету үшін қожайыннан келісім хат алған құлды азат етуге.

6. Борыштыларға: борышы қолындағы нәрселерінен көп болып төленуге шамасы келмейтіндер.

7. Аллаһ жолында: пақыр болғандықтарынан Аллаһ Таъала жолында соғысуға шамалары келмегендерге.

8. Жолда қалғандар: мемлекетінде бай бола тұра еліне, үйіне жете алмай жолда қалғандарға.

Зекет беруші зекетті берген уақытта немесе зекетті шығарған уақытта зекет үшін беретіндігін ниет ету, яғни ішінен ойлауы шарт. Зекет алушының зекет екендігін білуі шарт емес.

Қадірлі жамағат! Зекетті бұзатын, сауабын жойып жіберетін нәрселер де бар. «Бақара» сүресінің алпыс төртінші аятында: «Әй, мүминдер! Аллаһ Таъалаға, ахирет күніне сенбей мал сарып қылған кісідей садақаларыңды міндет қылу, ренжітумен жоймаңдар», – деп, қатаң ескертілген. Былай айтқанда: «Саған зекетімді беріп едім, кадірімді білмей жүрсің» – деп міндетсіну. Немесе «Қашан да сен жарымай жүресің» – деген тәрізді сөзбен ренжітіп беру, сондай-ақ мақтан үшін беру – еткен қайырды селге кетіреді.

Қалыптасқан бір әдет бойынша зекет беруші, алушыдан дұға талап етеді. Негізінен парыз, уәжіп садақаларда дұға тілеу дұрыс емес. Өйткені берілген нәрсе дұға үшін берілген болып, парыз мойыннан түспеуі мүмкін. «Инсан» сүресінің 9-шы аятында: «Олар: «шын мәнінде сендерді Аллаһ Таъаланың ризалығы үшін тамақтандырамыз. Сендерден бір төлеу, алғыс тілемейміз», – делінген. Зекет беру – сыйлық беру деген сөз емес, Аллаһ Таъаланың әмірі бойынша мойынға түскен борышты өтеу. Сондықтан алушыға берушінің алғыс айтуы орынды. Алушы өздігінен ықылас білдірсе бір сәрі.

ОН ҮШІНШІ ХҰТПА

ХАЖЫЛЫҚҚА БАЙЛАНЫСТЫ

Қадірлі жамағат! Аллаһ Таъала «Әли-Ғимран» сүресінің 97- аятында: «...Оның жолына шамасы келген кісілер, Аллаһ Таъала үшін Қағбаны зиярат ету (хажыға бару) керек. Ал, әркім қарсы келсе Аллаһ Таъала барлық әлемнен бай», – деген. Яғни, жолына күші жеткен кісілерге Аллаһ Таъала үшін байтулланы (Қағбаны (хажы ету, зиярат ету) парыз). Кімде-кім хажылыктың парыздығына қарсы келіп мойындамаса, (шамасы келе тұрып орындамаса) Аллаһ Таъала бүкіл әлемнен бай, ешкімге мұқтаж емес, – делінген мазмұндағы осы аят бойынша, шамасы келгендерге бір рет Қағбаны тауаф ету – парыз ъайн. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Әй, адам баласы! Сендерге хажы парыз болды. Хажыға барыңдар», – деп бекіткен.

Хажылық деп – құрметті Мекке қаласындағы Аллаһ Таъаланың үйі Қағбаны айналып тауаф еткенді айтады. Негізінен хажыға барудың көптеген дүние-ахиретке байланысты пайдалары, терен сырлары бар. Заманымыздан мыңдаған жылдар бұрын атамыз Ибраһимнің (ғ.с.) Аллаһ Таъаланың әмірі бойынша ірге тасын қалаған Аллаһтың арнаулы үйі Қағбаны тауаф ету үшін төңіректің төрт бұрышынан барған миллиондаған хажылардың отандары бір-бірінен ұзақ, өң-түстері басқа. Киімдері әр қилы, әдет-ғұрыптары бөлек, тілдері мүлде жат. Қорытып айтқанда, біркелкі ақ түсті «ихрамды» оранып, бір ауыздан: «Ләббәйкә, Ләббәйкә!», яғни – «Әміріңе құлдық, Әміріңе құлдық!» – деп, жүректері бір Аллаһқа деген сезіммен соғып, жалбарына сиынып, Қағбаны айналып, Сафа, Мәруаға жүгіріп, Минаға түнеп, Арафатқа тоқтап, қайта Мұздалипаға түнеп, шайтандарға тас атып, құрбан шалып қайтқан хажылар Аллаһ Таъала қабыл етсе, күнәларынан анадан туғандай пәк әрі Аллаһ Таъаланың берген дәулетінің игілігін көріп қайтады. Сондай-ақ, Аллаһ Таъаланың әмірін орындағандықтары үшін о дүниеде мүкапат көреді.

ХАЖЫЛЫҚҚА БАЙЛАНЫСТЫ ШАРИҒАТ ҮКІМДЕРІ

Хажылықтың парыз болу шарттары: мұсылман болу, балиғатқа толу, есі дұрыс болу, дені сау болу, өз еркі өзінде болу, хажыға барып келгенге дейін негізгі қажетінен артық және жол каражатына жетерлік ақшасы болу.

Орындалу шарттары: дене мүшелері сау болу, жол қауіп-қатерсіз болу, әйелдер үшін үш күндік жол болғанда жанында күйеуі немесе неке қоспайтын жақыны болу.

Хажылықтың дұрыс болу шарттары: Ихрам кию. (Ихрам – екі бөлек жамылғыш. Біреуі белден төмен байланып, біреуін иыққа жамылады.) Белгілі уақыттың ішінде орындалуы, (яғни, құрбан айт күндерінде болу.) Арафатқа тоқтау, зиярат тауафы делінген парыз тауафты (құрбаннын үш күнінің бірінде) атқару. (Тауаф деп, Қағбаны жеті айналуды айтады.)

Хажылықтың уәжіптері: ихрамды белгілі орында кию, Мұздалипада тоқтау, Сафа, Мәруаға жүгіру, (шет елдіктер үшін қоштасу тауафын орындау), шайтандарға тас ату, шашты алдыру, не қысқарту, тігілген киім киюден және басты жабудан сақтану.

ХАЖЫЛЫҚТЫҢ СҮННЕТТЕРІ

Ихрам қиерде шомылу, ихрам ақ, жаңа болу, ихрам кисрде екі рәкағат намаз оқу, ихрам кигеннен кейін, яғни «Әміріңе құлдық, иә, Аллаһ Таъала! Әміріңе құлдық! Серігің жоқ. Әміріңе құлдық. Расында мақтау және сыйлық Саған лайық. Сенің серігің жоқ» деген зікірді оқу. Бұны – «тәлбия» деп атайды. Алғаш ихрам кигенде: «Иә, Аллаһ Таъала! Шынайы түрде хажылықты қаладым, ал оны маған оңайластырып, менен қабыл ете гөр», – деп ниет ету. Шет елдіктер үшін «құдум» тауафы делінген алғашқы тауафты орындау. Басқалай шамасы келгенше нәпіл тауаф орындау, имамның хажылық амалдарға байланысты айдың жетісі күні түстен кейін хұтпа оқуы, айдың сегізі күні күн шыққан соң Меккеден Минаға бару, сол күні Минада түнеу, айдың тоғызы күні күн шыққаннан кейін Минадан Арафатқа бару. Шамасы келгенше Аллаһ Таъалаға жалбарынуға қайрат ету, тәлбиәні үздіксіз айту. Ихрам кигеннен кейін сақтанатын нәрселер: әйсліңе жақындасудан, жаман сөздерден, басына бір нәрсе киюден, қылмыс істсуден, сөз таластырудан, аң аулаудан, тігілген киім киюден, аякқа бір нәрсе киюден (үсті ашық шақай кнюге, ақша қапшықты белге байлауға болады), басты, бетті жабудан, хош иісті нәрселерді қолданудан, шаш, тырнақты алудан, жанды нәрсені өлтіруден сақтанылады.

Орындалу тәртібі қысқаша былай: Мешіт харамға тәлбиә айтып кіру, Қағбаны көргенде тәкбір айту, хажар әсуаттың тұсында намаздағыша қол көтеріп тәкбір айту, шама келсе хажар әсуатты сүю, шама келмесе солай нұскап барып қолдың басын сүю, кейін «Хатым» деп аталатын аласа имек дуалдың сыртынан Қағбаны солға алып жеті айналу, (бұны «құдум тауафы» дейді). Бұл айналулардың алғашқы үшінде иықтарды қозғалтып тезірек жүру (мұны «рұмыл» деп атайды). Қалған үш айналуда байсалды түрде жүру, айналған сайын хажар әсуатты сүю немесе ұзақтан қол созып, қолды сүю, бір айналуды бір «шауыт» деп атайды да, жеті шауыт бір тауафқа жатады. Тауаф біткеннен кейін Ибраһим

мақамында немесе шамасы келген бір жерде екі рәкағат намаз оқу және шамасы келсе хажар әсуатты сүюге тырысу. Бұдан кейін Сафадан бастап, Мәруа екеуінің арасына жеті рет жүгіру. (Бұны «сағи» деп атайды). Бұл сағидан кейін шаш алдырып, не қысқартып ихрамнан шығады. Уақыты кең болса Мединеге барып келінеді. Уақыт аз болса Меккеде тұра береді.

Зулхижжаның жетісі «Тәруиа» күні ихрам байланып Меккеден Минаға барып түнеу, айдың тоғызы күні Арафатқа барып «Рахмет тауының» маңына тоқтау. Бұл «ұқуфы арафа» деп аталады. Арафатта бесін уақытында бесін мен екінті намаздарын қосып оқу. Күн батқаннан кейін Арафаттан қайтып «Муздалифаға» келіп «Машғарул харамның» маңында ақшам мен құптан намаздарын қосып оқу. Сол жерге түнеп, айдың оны күні таң намазын оқығаннан кейін Минаға қайту, Минада үш орындағы шайтанға тас ату. (Бұдан кейін қаласа құрбан шалып, шаш алдыру не қысқарту). Бұдан кейін құрбанның үш күнінің бірінде Қағбаға барып «зиярат тауафы» делінген парыз тауафты орындаумен негізгі хажылық міндет атқарылған болады. Кейін қайта Минаға барып шайтанға тас ату, айдың оныншы күні Қағбаға барып қоштасу тауафын орындау. (Бұны «садыр тауафы» деп те атайды. Әр тауафта зәмзәм суынан ішу).

Иә, Ұлы Аллаh Таъала! Бізге Өз ілтипатыңмен хажылық нәсіп етіп, шынайы ықылас, шын көңілмен хажылық амалдарын толық орындап, жарылқанған нағыз құлдарыннан ете гөр! Әмин.

ОН ТӨРТІНШІ ХҰТПА

МИҒРАЖ ТУРАЛЫ

Қадірлі жамағат! Аллаһ Таъала миғраж мұжизасы жайлы «Исра» сүресінің сң басқы аятында: «Құлын (Мұхаммедті, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір түні өзіне белгілі мерзімді көрсету үшін Месжід Харамнан біз айналасын мүбарак қылған Месжід Ақсаға апарған Аллаһ Таъала әртүрлі кемшіліктен пәк. Шәксіз Ол Естуші, Көруші», – деп баяндаған. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Түн қату туралы құрайыштар мені өтірікші дегенде (Қағбаның жанындағы) «Хажар» деген орында тұрдым. Аллаһ Таъала Бәйтул Мүкаддасты көз алдыма келтірді. Соған қарап оларға оның белгілерін айтып бердім», – деген.

Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көптеген мұғжизалары болған. «Мұғжиза» деп – Аллаһ Таъаланың әмірі бойынша пайғамбарлар арқылы халыққа көрсетілетін әдеттен тыс, басқалардың қолынан келмейтін оқиғаларды айтады. Мұғжизалар пайғамбарлардың еркінде емес. Аллаһ Таъала қаласа ғана болады. Сондай-ақ мұғжизалар замананың шарт-жағдайына, елдің мәдени деңгейіне орай болған. Айталық, Мұса (ғ.с.)-ның дәуірінде сиқыршылар дамып, әсерлі болған. Сиқыршылар арқанды жыланға айналдырғанда, Мұсаның таяғы Аллаһ Таъаланың бұйрығымен айдаһар болып, жасама жыландарды жұтып жоқ еткен. Ғайса (ғ.с.)-ның заманында дәрігерлік дамыған бола тұрса да, анадан тума соқыр мен алапесті жазуға шамалары келмейтін еді. Ғайса (ғ.с.) осыларды Аллаһ Таъаланың әмірімен айыктыратын еді. Міне, Мұғжиза деп осыларды айтады.

Ал, пайғамбарымыз Мұхаммедтің, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ең ірі әрі толық мұғжизасы «Құран Кәрім». Өйткені, сол дәуірде араб елінде өте сөзге шешен, аса ақын, дана адамдар болған. Солар Құранның әдеби көркемдігіне, ұғымының тым тереңдігіне, сөз байлығына, сондай-ақ сөз құрамынын жеткіліктілігіне таң қалып: «Бұл адам баласының сөзі емес» – деп мойындаған. Негізінен Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, аса көрнекті мұғжизасы – Миғраж оқиғасы. Бұл оқиға мезгіл, орын ұғымының тысында, адам баласының шекті сезімінің үстінде ұлы Аллаһ Таъала мен сүйген досы Мұхаммед, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, пайғамбарымыздың арасында болған ерекше зор құбылыс.

Режеп айының жиырма жетінші кешінде пайғамбарымыз Мұхаммед, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Аллаһ Таъаланың қалауымен Жәбрәйіл (ғ.с.) алып келген Пыраққа мініп (пырақ, барқ – «найзағай» деген сөзден шыққан), Меккеден Құдыстағы Месжід Ақсаға, ол жерден жеті кат көктен жоғары Сидратул Мунтаһа деген орынға, одан әрі ғарыш

ағлаға дейін қас-қағымда барып, көптеген ғажайып дүниелерді көріп қайтқан. Пырақтың басы адам суретті, есектен зор, қашардан кішірек ақ түсті қанатты, нажағайдай жүйрік, аса көркем бір көлік. Расул Екрам Құдыстағы Месжід Ақсада бұрын өткен бүкіл пайғамбарларға имам болып оқыған екі рәкағат намазға Жәбрәйіл (ғ.с.) азан айтқан.

Ескерту: Құдыстағы Бұл Месжід Аксаны «Бәйтул Мұқаддас» (Қасиетті үй) деп атайды. Хазірет Мұса мен Иса (ғ.с.)-ның арасындағы пайғамбарлардың мекені болған. Сондай-ақ Иса (ғ.с.)-ның туылған жері. Месжід Ақсаны Сүлеймен (ғ.с.) перілерге салдырған. Яһудилер де, христиандар да қасиеттеп жоғары бағалайды. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Меккеге қоныс аударған кезде, намазды Месжід Ақса жаққа карап оқыған. Кейін Аллаһ Таъаланың әмірі бойынша Қағба жаққа карап оқылатын болған. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Миғражға мұсылманның алғашқы құ-быласы болған осы қасиетті Месжід арқылы шыққан. Аллаһ Таъалаға сансыз шүкір. 1967 жылы екінші айда Құдыс қаласындағы Месжід Аксаны зиярат етіп, намаз оқу нәсіп болды. Ел арасындағы аңызда сол жерде асулы тас бар делінеді. Бірақ ол жерде ондай тіреусіз, байлаусыз асулы тұрған тас жоқ. Сондай-ақ діни кітаптарда жазылмаған. Ол жерде Сахратулла, яғни «Аллаһ Таъаланың тасы» деп аталатын бір тас төбешік бар. Риуаят бойынша Пайғамбарымыз көкке сол жерден көтерілген.

Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Месжід Ақсадан Жәбрәйіл (ғ.с.)-мен бірге көкке көтерілгенде, үмметінің қиямет күнгі жағдайы көрсетілген. Жетімнің малын жегендердің, халықтың арасын ашу үшін өсек тасығандардың, зинақорлардың, өсім жегендердің, намысын сатқан арсыз әйелдердің ауыр жағдайлары өте аянышты көрінген. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Аллаһ Таъалаға: «Әттәхиәту лилләһи уәссәләуәту уәттәибәт», яғни «заттық, денелік және тілдік ғибадаттар Аллаһ Таъалаға лайық» – деп сәлем берген. Аллаһ Таъала: «Әссәләму ғаләйкә әййуһәннәбийу уә рахматуллаһи уә бәрәкатуһу», яғни «Әй, пайғамбар! Аллаһ Таъаланың сәлемі, мархаметі және берекеттері саған болсын» – деи сәлемін алған. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Әссәләму ғаләйнә уә ъалә ғибадиллаһиссалихин», яғни «Аллаһ Таъаланың сәлемі біздерге және Аллаһ Таъаланың игі құлдарына болсын» – деп жауап қайтарғанда, бүкіл періштелер: «Әшһәду ән лә иләһә иллаАллаһу уә әшһәду әннә Мухаммадән ғабдуһу уә расулуһу», яғни «Аллаһ Таъаладан басқа ешбір тәңір жоқтығына куәлік береміз, әрі Мұхаммед, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Аллаһ Таъаланың құлы әрі елшісі екендігіне куәлік береміз» – деген.

Миғражда Аллаһ Таъала тарапынан күніне елу уақыт намаз өтеу әмір болған. Бірақ Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Үмметіме ауыр келеді» – деп қайта-қайта жалбарынып, бес уақытқа түсірген. Сондықтан күніне бес уақыт оқылатын намазда елу уакыт намаздын сауабы бар. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Намаз – мұсылманның «миғражы» – деген.

Осылайша Пайғамбарымыз, Оган Аллаһтың иғілігі мен сәлемі болсын, Аллаһ Таъаланың әмірімен лезде Миғраж мұғжизасын орындап, қайтып келіп таңертең оқиғаны айтқанда, Мекке кәпірлері сенбеген. Тіпті Құдысқа да барғанына күмәп келтіріп белгілеріп сұрағанда, Аллаһ Таъала құдіретімен сол сәтте Байтул Мұқаддасты Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың иғілігі мен сәлемі болсын, көз алдына әкелгендіктен, соған қарап оларға бәрін айтып берген.

Аллаһ Таъала біздерді Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, зор шапағатына лайық болған құлдарынан ете гөрсін. Әмин!

ОН БЕСІНШІ ХҰТПА

МӘУЛІД ТУРАЛЫ

Қадірлі жамағат! Аллаһ Таъала 9-шы сүренің 128-ші аятында, Пайғамбарымызға, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, байланысты: «Расында сендерге пайғамбар келді. Оған қиналуларың ауыр тиеді. Сендерге өте ынтық, мүминдерге тым жұмсақ, ерекше мейірімді» – делінген мазмұнда сипаттаған. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Ең жақсы ғасыр менің ғасырым. Одан кейін оған жақын және одан кейін оған жақын ғасыр» – деген.

«Мәулід» деп – Пайғамбарымыздың туылған мүбәрак күнін айтады. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, дүниеге келу қарсаңында араб елінде надандықтың қара тұманы қоршап, әділетсіздіктін сұрапыл дауылы соғып, әртүрлі сұмдық пен зұлымдық етек алып, адамгершілікке қайшы әрекеттер қанат жайып қалыптасқан еді. Малдың суарылуы тәрізді қарапайым бір кезекке таласудан шыққан қақтығыс қанды соғысқа айналып, жылдарша жалғасуы әдетке айналған. Хұрапи әдеттің салдарынан залым әке өз қызын тірідей жерге көміп құтылуды абырой деп білетін, өте бір қараңғы дәуір кезі еді...

Мекке қаласында Ибраһим (ғ.с.)-ның тек қана Аллаһ Таъалаға құлшылық ету үшін ірге тасын қалаған Аллаһтың арнаулы үйі Қағбаның іші-тысы пұттарға толтырылып, Аллаһ Таъалаға дәнекерлік етеді деп соларға табынатын болған. Жаланаштанып Қағбаны айнала жүгіріп, ысқырып, алақан шапалақтағанды ғибадат деп, шалған құрбандарының етін Қағбаның қабырғасына іліп, қанын шашқанды сауап деп білген. «Ата-бабаларымыздың жолы» деп тас айрылмай ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан осындай негізсіз хурапи әдеттерден құтқарып, тура жол көрсету үшін Аллаһ Таъаланың мархаматымен ең соңғы елші, екі дүниенің сәруары хазіреті Мұхаммед, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, 571 милади жылы рәбиул әууәл – үшінші айдың 12-сі дүйсенбі күні таңға жақын дүниеге келді. Әрине, көкжиектен арайлап аткан бұл Ислам сәулесі сол күннен бастап игіліктің қасиетті үмітін, әлемді басып тұрған меңіреу қараңғылықтың түрілетін күнін тудырды. Аллаһ Таъала 21-ші сүренің 107-ші аятында: «Әй, Мұхаммед! Біз сені бүкіл әлемге рахмет етіп қана жібердік», – дейді.

Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әке жағынан ең жоғарғы дәрежелі, асыл нәсілге ие еді. Құрайыш руынан болған әкесі Абдуллаһтың түп әкесі (атасы) Ибраһим (ғ.с.) пайғамбарға барып тіреледі. Жиырма бірінші атасы Ғаднанға дейін қайшылық жоқ. Ал Ғаднан Исмайыл (ғ.с.)-ның ұрпағынан тарап келеді. Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Абдуллаһ, Абдулмутталиб, Һашим, Абду Манапқа дейінгі төрт атасын білу қажет.

Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, анасы Әмина – Зуһра ұлдары деген тайпаның бастығы Уәһап деген кісінің қызы. Уәһаптың атасы Килабтан тарайды. Ал Килаб Пайғамбардың алтыншы атасы болады.

Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, құрсақтағы күнінде әкесі Абдуллаһ сауда бабымен Шам сапарында жиырма бес жасында Мединеде қайтыс болады. Сол дәуірде меккеліктер балаларын қырдағы елдің әйелдерін жалдап еміздіріп алатын болған. Сол дәстүр бойынша Әмина Мұхаммедті, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Сағыд руынан Харис атты кісінің жұбайы Халима ханымға емізіп бағуға береді. Бұл өте кедей бір үй еді. Қасиетті баланың берекеті салдарынан сауындарынан сүт көп шығып, жағдайлары анағұрлым жақсара түседі. Бір күні Мұхаммед, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сүт анасының балаларымен қырда ойнап жүргенде періштелер келіп оның жүрегін жарып тазалағаны көріледі. Тағы басқа осы тәрізді әдеттен тыс мұғжизалар сезіледі. Сүт анасы Халима оны өз анасына бес жасында тапсырады. Ол алты жасына келгенде анасы Әмина Мұхаммедті, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жанына алып, күйеуі Абдуллаһтың зиратын және Нажар ұлдары деген өз төркін жұрағаттарын көру үшін Медине қаласына барып, қайтып келе жатқанда «Ибуа» деген жерде жиырма екі жасында қайтыс болады. Жанындағы Умму Айман деген қызметші әйел Мұхаммедті, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әкеліп, Меккедегі Абдулмутталибке тапсырады. Атасынын қолында болып, сегіз жасар күнінде атасы Абдулмутталиб қайтыс болған соң, немере ағасы Әбуталиб қолына алып, сол кісінің қарамағында ер жетеді. Осылайша Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтын игілігі мен сәлемі болсын, жастайынан аянышты жетімшілік жағдайда ауыр өмір соққыларын көрсе де, тым әдепті, аса биязы, сыпайы сөзді, турашыл, сезімтал, толық сенімді еді. Халық арасында «Мухаммедул әмин» – «Сенімді Мұхаммед» деген атаққа ие болған. Пұтқа табынушылықты тым жек көретін. Басқа да ел арасындағы негізсіз хурапи әдеттерді, әділетсіздіктерді тіпті де жақтырмайтын. Ешбір ұстаздан оқымаған бола тұра даналықтың түпсіз дариясы, ғылым-хикметтің тұнғиық теңізі еді. Ол, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір хадисінде: «Раббым мені тым жақсы тәрбиеледі» – деген.

Жалға жүріп, сауда керуенімен ілесе Шамға барғанында, оны көрген христиан ғалымдары пайғамбарлықтың белгілерін танып, мойындайды. Жиырма бес жасына келгенінде Хадиша анамызға үйленіп, балалы-шағалы отағасы болған.

ПАЙҒАМБАРЛЫҚТЫҢ КЕЛУІ

Хазіреті Мұхаммедке, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қырық жасында Хира тауындағы үңгірде Жәбрәйіл (ғ.с.) арқылы Құран

түсіріле бастап, пайғамбарлық келгеннен кейін Аллаһ Таъаланың міндетті елшісі болып, жиырма үш жыл мызғымай, аса қажырлықпен күресіп, пұтқа табынатын надан қауымды Хакты мойындайтын мұсылман қауымы халіне келтірген. Бірақ бұл күрделі төңкерістін опоңай орындала қоймағандығы түсінікті. Аллаһ Таъаланың әмірі бойынша Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Лә иләһә иллаАллаһ ил-ләллаһ Мухаммадур расулаллаһ», яғни «Аллаһтан басқа ешбір тәнір жоқ, Мұхаммед Аллаһтың елшісі», – деп насихаттағанда, надан ел, Әбу Жәһил бастаған әлеумет мойындамай қасарысып: «Ата-бабамыздын жолын тастамаймыз» – деп қарсы шығады. «Жынды, сиқыршы, өлеңші» деп әртүрлі жала жапсырады. Жүретін жолдарына тікен төсейді. Өлген түйенің қан-жынын үсті-басына шашды. Бір рет Тайиб каласында қалың баланы қаптатып, таспен атқылатқанда аяғынан аққан қанға кебісі толып жүре алмайтын халге келеді. Сонда да қайрат етіп, күндіз-түні күреседі. Өзінің бас пайдасын, жан рахатын ойлап айнымай, талмай, сескенбей, қорықпай Меккеде он үш жыл өте ауыр жағдайлармен санасып дін жаюға тырысады.

Әбу Жәһил бастаған кәпірлер тобы мұсылмандарға әртүрлі қастандық істеп, жан түршігерлік, аянышты қинаулар көрсетеді. «Ата-бабамыздың жолын тастаң, сиқыршының сөзіне еріп кеттіндер» деп атқа сүйретіп, ыстық құмға жатқызып, кеуделеріне ауыр тас бастырып, ағашқа таңып, жалаңаш еттеріне дүре соғады. Сонда да иман келтіргендер мұсылмандықтан еш бас тартпайды.

Пайғамбарлықтын жетінші жылы Мекке кәпірлері мұсылмандарды мүлде жою үшін Меккеден қуып шығуға қаулы алып, Әбуталибке білдіреді. Әбуталиб Пайғамбарды, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, және мұсылмандарды алып, бір иен сайға барып бекінеді. Сол сай – «Әбуталиб сайы» деп аталады. Сол жерде болған мұсылмандар өсімдіктердің тамырын, жапырағын және катқан тері жеуге мәжбүр болса да, шыдамдылық көрсетіп имандарынан айрылмаған. Барған сайын мұсылмандардын көбейіп, дамып бара жатқандығына шыдай алмаған Әбу Жәһил тобы жан таптырмағаннан кейін Хабашстанға, Мединеге қоныс аударуға мәжбүр болады. Ақыры Пайғамбар Мұхаммедтің, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көзін жоюға бел байлап, алған қаулы бойынша түн ішінде үйін коршауға келгенде, үйде жатқан Али ибн Абуталибті көргенде таң қалысады.

ҺИЖРЕТ – КӨШУ, ҚОНЫС АУДАРУ

Аллаһ Таъаланын әмірімен Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Әбубәкір, Аллаһ одан разы болсын, екеуі дұшпандардың арасынан сытылып шыққан бойда, «Сәуір» тауындағы үңгірге барып бекінеді. Ертеңіне атқа мініп андыздап іздеп шыққан дұшпандар үңгірді келіп табады. Бірақ үңгірдің аузынан пыр етіп ұшқан кептердін

жарылмаған жұмыртқасын және бұзылмаған өрмекшінің ұясын көріп: «Бұл үңгірге кісі кірмеген екен» – деп қайтып кетеді. Әрине, бұл жолғы үйден шығардағы қылыштарын қолға алып, қандары қарайып тұрған дұшпандардың көрмей қалуы және үңгір оқиғасы айдай айқын мұғжиза екені даусыз. Осылайша Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мен жолдасы Әбубәкір Аллаһ одан разы болсын, екеуі аман-есен үңгірден шыққан бойда Медине қаласына келеді.

МЕДИНЕ ХАЛҚЫНЫҢ МҰХАММЕДТІ, ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН, ҚЫЗУ ҚАРСЫ АЛУЫ

Медине қаласының негізгі тұрғындары – «Әуіс, Хазраж» тайпалары бұрыннан Меккеге келіп, Пайғамбармен, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кездесіп мұсылман болған еді. Сондықтан меккелік мұсылмандар бірте-бірте Мединеге көшіп келіп орналаса бастаған болатын. Көшіп келу хабарын алған мединелік мұсылмандар, Пайғамбарымызды, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, асыға күтіп, нағыз ықылас, қуанышпен қарсы алады. Дін үшін отандарынан қол үзіп көшіп келгендер – «муһажир» (босқын) атанып, муһажирлерге жан-тәнімен көмек еткен мединеліктер – «Ансар» (көмекші) деп аталады. Сонымен қатар бұл қаланың «Ясриб» деген көне атауы өзгертіліп, «Мединатур Расул», яғни «Пайғамбар қаласы» деп аталады.

Нәтижеде Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Аллаһ Таъала тарапынан пайғамбарлық келгеннен кейін Мекке қаласында он үш жыл қинау, қорлық және жан түршігерлік бейнет, машақатпен ислам дінін жаюға тырысады. Бірде құрайыш бастықтары келіп: «Қарағым, не тілейсің? Байлық тілесең, мал-мүлік берейік. Әйел тілесең, ең жақсы қызға үйлендірейік, ал егер патшалық тілесең, басымызға патша қоялық. Бізді ата-баба жолынан айырмасаң болды», – дегенде, оларға: «Оң қолыма ай, сол қолыма күн қойсаңдар да, Аллаһ Таъаланың әмірін орындаудан бас тартпаймын!», – деп жауап береді. Бұдан кейін олардың дұшпандықтары тағы арта түсіп, ақыры жанына қауіп төнгеннен кейін, өз отаны Меккені тастап, Мединеге көшіп барып орналасады. Сол себепті бұл оқиға – «Һижра» (көш) деп аталып, ислам тарихы һижреттен басталған.

ИСЛАМ ТАРИХЫ БОЙЫНША ТҰҢҒЫШ БӘДІР СОҒЫСЫ

Мұсылмандар Мединеге келіп орналасса да, қауіп-қатерден құтыла алмайды. Бір жағынан яһудилер, бір жағынан Абдуллаһ ибн Убай (Мединеде беделді болған, «Осы елді өзім билеп-төстеймін» деп жүрген адам) бастаған екі жүзді мунафиқтар тобы тыныштық бермесе, екінші жағынан Меккеде қалған мұсылмандардың ауыр жағдайлары және Мединеге көшіп кеткендердің Меккеде қалған үй-мүліктерінің талануы

жанға бата түсті. Арадан бір жыл өткенде, яғни Һижраның екінші жылы Шамнан қайтқан Әбу Суфиянның басшылығындағы керуенді қолға түсірмек болғанда, олар секем алып, Меккеге жіберген хабарлары бойынша, Мединедегі ат төбеліндей мұсылманды мүлде құрту үшін Әбу Жәһил бастаған кәпір тобының мың кісілік қарулы ләшкермен шыққан хабарын естіп, Пайғамбарымыз да, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қорғаныс соғысына дайындық жасайды. Мединедегі барлық сойыл, соғарлар, небары жетпіс муһажир, қалғаны Ансар болып, үш жүз он үш қана кісі жиналады. Араларында екі ат, жеті түйе көлік болып, құралдары да өте аз әрі нашар еді. Жаудың саны үш есе артық, жүздей ат, жеті жүздей түйелері бартын. Жау ентелей келіп, Бәдірдегі судың басына түседі. Мұсылмандар шөлден қысылып, қиналғанда, жаңбыр жауып, сусындап жан шақырады. Егер осы аз ғана мұсылман жойылып кетсе, ислам шырағының бір жола сөніп қалу қаупі бар еді.

Сондықтан Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сәждеге басын қойып: «Әй, рахмет иесі, ұлы Аллаһ! Халіміз Өзіңе мәлім. Егер осы азғантай мұсылман жеңілсе, бұл дүниеде «Аллаһ» деп Өз атыңды атайтын ешкім калмайды ғой! Өзің мұрсат бере гөр!», – деп сыйына жалбарынады. Нәтижеде Бәдір соғысы Аллаһ Таъаланың құдіретімен мұсылмандардың жеңісімен аяқталады. Бастапкыда жекпежек соғыса келіп, қоян-колтық араласып кеткенде, жаудан Әбу Жәһил ішінде жетпісі өліп, жетпісі қолға түседі. Қалғаны бас сауғалап кашады. Мұсылмандардан да он төрт кісі шәһид болады.

ИСЛАМ ТАРИХЫ БОЙЫНША ЕКІНІШІ УХУД СОҒЫСЫ

Һижраның үшінші жылы Мекке кәпірлері «Бәдір соғысының өшін аламыз. Қайтсек те осы жолы Мұхаммедті өлтіреміз» – деп анттасып, Әбу Суфиян бастаған үш мың кісілік қалың қол келіп, Мединенің қасындағы «Ухуд» тауын қоршап алады.

Пайғамбарымыз Мұхаммед, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жеті жүздей кісімен Ухуд тауында қанды соғыска кіріседі. Абдуллаһ ибн Убайдың басқаруындағы мунафиқтар тобы соғыспай қайтып кетіп және карауылға койған бір адамдар осалдық істегендіктен, мұсылмандар қатты абыржып, «Пайғамбар қайтыс болды» деген хабар тарайды. Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тісі түсіп, өзі жараланады. Пайғамбардың көкесі Хамза және көптеген сахабалар шәһид болады. Жаудың шектен тыс өшіккені сондай, Һинд деген әйел Хамзанын ішін жарып, бауырын шығарып шайнайды. Пайғамбарымыздын, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жанының амандығына рухтанған мұсылмандар жан-дәрмендерімен согысып, жауды Мединеге кіргізбейді.

«ХАНДАҚ, АХЗАБ» ОР ҚАЗУ НЕМЕСЕ ТАЙПАЛАР СОҒЫСЫ

Һижраның бесінші жылы «Ор қазу» немесе «Тайпалар соғысы» деп аталатын Әбу Суфиян бастаған Меккелік арабтар мен көшпелі бәдәуи тайпалардан біріккен (бір тарих бойынша жиырма төрт мың кісілік) қалың қолдың Мединеге шабуыл жасағалы қаптап келе жатқанын естіген Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, үш мыңдай кісімен Медине қаласының маңынан ор қаздыра бастайды. Аш адамдар қарындарына тас байлап алып, тынбай қазған бойда жиырма күнде бітіреді. Бұл жұмысқа Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзі де қатынасады. Сахабалардың біреуі аштықтан қарнына бір тас байлап алғанын көрсеткенде, Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өз қарнына екі тас байлап алғанын көрсетеді.

Бір жағынан яһудилер келісімді бұзып, жау жаққа шықса, екінші жағынан мунафиқтар да бүліншілік істеп «жау жағадан алғанда, бөрі етектен алады» дегендей, басып келген қалың жаумен болған жекпе-жек соғыстан кейін, құдіретше бір түнде алай-дүлей дауыл соғып, жаудың шатырлары жығылып, абыржыған олар соғыстан бас тартып, жайларына кетеді.

Қадірлі жамағат! Міне бұл ислам діні оп-оңай орналаса қоймаған. Бұл соғыстар Құран Кәрімде ашық түрде баян етіледі.

ХУДАЙБИЯ КЕЛІСІМІ

Һижраның алтыншы жылы «худайбия» келісімі болған. Пайғамбарымыздың ұдайы Аллаһ Таъаланың арнаулы үйі Қағбаны және өз отаны Меккені көргісі келетін. Сондықтан көрген бір түсі бойынша, «Умра» ғибадатын өтеу үшін төрт жүздей кісімен қылыштан басқа құрал алмай, Мединеден шыққан бойда Меккеге жақын «Худайбия» деген жерге келіп түсіп, «Біз соғысқа емес, умра үшін келдік» – деп Меккеге кісі жібереді.

Меккеліктер рұқсат етпей: «Биыл тоқтам жасап қана қайта тұрсын, егер бұны қабылдамаса, соғысамыз», – деп әзірлік көре бастайды.

Сахабалар: «Ондай болса, біз де соғысуға дайынбыз!» – деп бір ағаштың түбінде қол алысып, Пайғамбарымызға, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, «Биғат» (серт) беріседі.

Нәтижеде мұсылмандар биыл қайта тұрып, келер жылы құралсыз түрде үш күндікке Меккеге келеді. Және «он жылға дейін соғыс болмайды» делінген мазмұнда келісім болады да, мұсылмандар қайтады. Бұл жолы Меккедегі жақындарын көре алмаған мұсылмандар біраз көңілсіз болып қайтқанмен, Меккенің алынуын білдірген «Әл-Фатх»

сүресі түскендіктен, Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мейлінше көңіл-күйі жоғары, жақсы үмітпен қайтады.

Міне осы жылдарда Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Хабашстан, Нажран, Нажрайын, Ғумман, Иран, Ескендірия, Шам, Ямамә және Рум патшаларына хат жазып, елші жібергендігі тарихи кітаптарда жазылған.

МЕККЕНІҢ АЛЫНУЫ

Һижраның сегізінші жылы Мекке алынады. Меккенің маңында бәни хузаға, бәни бәкір деген екі ру бар еді. Хузаға руы мұсылман жақта еді де, бәкір руы қәпір жақта еді. Бұл екі елдің арасынан шыққан бір қақтығыста бәкір елі құрайыштан көмек сұрағандықтан, құрайыш бастықтары бәкір жағына болысып (Худайбия келісіміне қарамастан) түнде тиісіп, хузаға жағының бірнеше адамын өлтіріп, келісімді бұзғандықтан Хузаға елі: «Құрайыштар келісімді бұзып, түнде тиіп, кісімізді өлтіріп, ауылымызды шауып кетті» – деп Пайғамбарға, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кісі жібереді. (Тарихи кітаптарда бұл кісілердің аттары жазулы).

Ал, мұны естіген құрайыштар: «Сен Мұхаммедке барып жолығып: «Біз кателестік, келісімді қайта жасайық, айтып кел», – деп, Әбу Суфиянды Мединеге жібереді. Әбу Суфиян Мединеге өз қызы (Пайғамбарымыз-дың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әйелі) Умму Хабибаның үйіне келіп түседі. Бірақ қызы: «Сен мұсылман емессің, Пайғамбардың орнына отыруыңа болмайды» – деп қабылдамайды. Сондай-ақ Пайғамбарымыз да, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кездеспейді. Кейін Әбу Суфиян Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әли (Аллаһ олардан разы болсын) тағы баскаларға да айтканда ешкім елемегендіктен, Пайғамбарға, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жолыға алмай күдер үзіп, Меккеге қайтып келеді.

Бұдан кейін Мұхаммед, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әрекетке кірісіп, соғыс әзірлігін жасай бастайды. Бірақ жариялама-йды. Һижранын сегізінші жылы рамазан айының онында он мың кісілік әскермен Меккеге карай жолға шығады. Бұл хабарды естіген кәпірлердін үрейлері ұшып, зәрелері қалмайды. Әбу Суфиян бірнеше кісімен «Ибуа» деген жерде карсы алып, Аббас, Аллаһ одан разы болсын, арқылы Пайғамбармен, Оған Аллаһтын игілігі мен сәлемі болсын, кездесіп, мұсылман болады. Пайғамбар, Оған Аллаһтын игілігі мен сәлемі болсын: «Кімде-кім Әбу Суфияннын үйіне кірсе аман қалады» – деп жариялайды.

Нәтижеде Мекке қаласы алынып, Қағбаның іші-тысындағы ғасырлардан бері халықтын шоқынып келе жаткан үш жүз алпыс пұттың көзі жойылады.

ХАЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОШТАСУ ХҰТПАСЫ

Һижраның оныншы жылы «Хажылық және қоштасу хұтпасы» деп аталатын «Хаж әкбар», яғни ірі хажылық ғибадаты өтеліп, ислам тарихы бойынша, Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қырық мың кісімен парыз хажы үшін Мединеден Меккеге келсді. Ал мекке лікте р тағы да өзге жақтардан келген хажылармен жүз қырық төрт мың кісі болғандығы тарихи кітаптарда жазылады.

Осы ірі хажы сапарында Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жүз қырық төрт мың сахабаға: Аллаһ Таъаланын бірлігі, исламның бес парызы жайында өте терең маңызды уағыз айта келіп: «Аллаһ Таъаланын әмірін сіздерге толық жеткіздім бе? Жеткізген болсам куә болыңыздар!» – дейді. Бұны естіген сахабалар: «Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, арамыздан айрылатын мезгілі таяған ба?» – десіп уайымдасады. Бұл тарихи уағыз – «Қоштасу уағыз» деп аталады.

Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Һижранын он бірінші жылы арабша (екінші ай) сафар айының жиырма алтысы дүйсенбі күні (Милади 632 жылы 22 мамыр), алпыс үш жасында бірнеше күн сырқаттанып дүние салады. Шын мәнінде біз Аллаһ Таъалаға тәпбіз әрі Оған қайтушымыз.

Пайғамбарымызға, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қырық жасында Аллаһ Таъала тарапынан пайғамбарлық келгеннен кейін, он үш жыл Меккеде, он жыл Мединеде өмір сүріп, осы жиырма үш жылда Аллаһ Таъаланын әмірі бойынша Жәбрәйіл (ғ.с.) арқылы уахи түрінде Құран Кәрім түгел түсіп тәмамдалған.

Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Мединеге көшіп келгеннен кейін «Мәсжід Нәбауи», яғни «Пайғамбар мешіті» деп салынған исламның тұңғыш реткі мешітінің жанындағы үйіне жерленген.

Пайғамбарымыздын, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ең үлкен жұбайы Хадиша анамыздан: Зейнеп, Руқия, Умму Гулсім және Фатима атты төрт қызы болған. Бұлардын ішінде Әлидің Аллаһ одан разы болсын, әйелі Фатимадан басқалары Пайғамбарымыздан, Оган Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бұрын қайтыс болған. Олардан ұрпақ қалмаған. Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ұрпағы Әлидің ұлы Хасан мен Хұсайыннан тарайды. Өйткені Хадиша анамыздан – Қасым, Абдуллаһ және Мәрия анамыздан – Ибраһим атты үш ұлы сәби кездерінде қайтыс болған.

Хадиша анамыз, Аллаһ одан разы болсын, Пайғамбарымызға, Оган Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, аса жақсы серік болған. Ислам дінін келе салысымен кабылдап мұсылман болып, Меккеде қайтыс болған.

Иә, Аллаһ! Мұхаммедке, үй ішіне, сахабаларына иғілік бере гөр! Бізге шапағатын нәсіп ете гөр! Әмин.

ОН АЛТЫНШЫ ХҰТБА

ПАЙҒАМБАР, ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН, МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТАРЫ

Аллаһ Таъала Құран Кәрімде: «Мұхаммед, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, шын мәнінде сен әлбетте ұлы мінезге иесің» (68/4) және «Ахзаб» сүресінің 21-аятында: «Расында сендер үшін, Аллаһ Таъаланы және ахирет күнін үміт еткендер және Аллаһ Таъаланы көп еске алған кісілер үшін, Аллаһтың елшісінде көркем өнегелер бар», – деп, Аллаһ елшісінің, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көркем өнегесінен үлгі алуымызды бұйырады.

Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Мен көркем мінездерді толықтау үшін жіберілдім», – дейді, тағы бірде: «Мені Раббым жақсы тәрбиеледі», – деген.

Дүние, ахиретте бақытқа ие болу үшін Пайғамбарымызды, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзімізге үлгі етіп, көркем мінезін басшылыққа ала отырып, ұдайы сүннетімен жүруге тырысуымыз қажет. Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көркем мінездері Құранмен ұштасып отырады.

Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, біздерге өнеге болатын көркем мінездеріне аз да болса тоқталайық: Әуелде Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әр ісі ақылға сәйкес әрі тура еді. Өмірінде ешбір өтірік айтқан емес. Ешкімді мазақ қып тәлкек қылмады. Ешкімді ғайбаттамады, сыртынан жамандамады. Көре алмастық, қызғаншақтық етпеді. Өсектен, жаладан аулақ еді. Әрі мұндай мінезділікті әсте жаратпайтын еді. Дүние, ахиретке пайдасы жоқ бос сөздермен уақыт өткізуді қаламайтын еді. Ешкімге өкпелемейтін еді де, өкпелегенді жаратпайтын еді.

Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, саудамен де шұғылданған болатын. Бірақ өте туралық істеп, зәредей қаралық істеген емес. Үй-іші тұрмысы тамаша, үй-ішімен мейлінше жақсы тұратын. Оларды әсте кейітпейтін, балаларын өте жақсы көретін. Әсіресе жетім-жесірлерге артықша мейірімділік етіп, көмек етуге тырысатын. Көрші хақын мейлінше сақтап, оларды ешқашан ренжітпейтін. Тіпті хайуандардың да хақын мойындап, қинамауды әмір ететін. Кіріскен ісін шала тастамай, бітіруді қалайтын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жомарт еді. Кішіпейіл еді. Әркімді лайықты түрде сыйлаумен қатар, үмметіне де солай етуді нұсқайтын. Өте әдепті, тым ұқыпты еді. Біреудің үйіне кіргісі келсе, әуелі есік қағып рұқсат сұрап барып, сәлем беріп кіретін еді. Қашанда кездескен адамдарға сәлем беріп, қол алысып амандаса-

тын еді. Егер бір жиналысқа барса, қайда бос орын болса, сонда отыра кететін еді. Мәжілісте отырғанда, жанындағылар ұнатпайтын немесе қысылатын жағдайда болмайтын. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жақсы, жаман деп айырмай, әртүрлі аурулардың қасына барып, көңілін сұрап жұбататын. Бірақ жұқпалы ауру болған жерге бармауды, қолына қол тигізбеуді, сондай-ақ жұқпалы ауру болған жерден (басқаларға жұқтырмау үшін) шықпауды уағыздайтын. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өте таза еді. «Тазалық иманнан», «Өзін-өзі таза ұстамағанның иманы толық емес» – деп бұйыратын. Әсіресе тістердің тазалығына көңіл бөліп, әрі үмметіне де мисуак (тіс тазалағыш) қолданып, тістерін мейлінше таза ұстауды нұсқайтын. Ғұсыл құйынатын (шомылатын) ерекше жағдай болмаса да, аптасына бір рет жұма күні міндетті түрде шомылатын. Шаш-сақалды үнемі жуып, тарап, хош иістендіретін. Жағымсыз иісті, кірді әсте ұнатпайтын. Ешкімнің сөзін бөлмейтін, әркімнің сөзін тыңдайтын еді. Ешкімнің көмескі кемшіліктерін ескермейтін. Олай етудің жаман мінез екендігін айтатын. Қызметшілерін жақсы ұстап, оларды кейітпей, өзі не киіп, не ішсе, оларға да соны кигізіп, ішкізетін. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, еңбекшіл адамдарды жақсы көретін, жалқауларды ұнатпайтын. «Қайырлыларын дүниесі үшін ахиретін, ахиреті үшін дүниесін тастамай, екеуіне де тең тырысып, кісіге жүк болмағандарың», – деп, өзі ұнатпаған нәрселерін басқаларға да лайық көрмеуші еді.

Қадірлі жамағат! Егер екі дүниеміздің де рахат, бақытты болуын қаласақ, Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өнегелерін әдеттеніп, машық қылуымыз шарт. Істегендерін орындап, істемегендерінен мейлінше аулақ болып, өзімізді тежеуге тиіспіз.

Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мінез-құлқы, әдептілігі, біртұтас өмірі ислам дінінің шынайы негізі, шын мәнінде Құранның іс жүзіндегі көрінісі екендігі күмәнсіз. Сондықтан жоғарғы аяттарда: «Шын мәнінде сен ұлы мінезге иесің, Аллаһ Таъаланың елшісінде көркем өнегелер бар» – деп баса көрсетіліп отыр. Аллаһ Таъала біздерді Өз мархаметімен өмір бойы Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көркем мінезімен жүрген, шапағатына лайық болған бақытты құлдарынан ете гөрсін! Әмин.

ОН ЖЕТІНШІ ХҰТПА

АЛЛАҺ ТАҢАЛАНЫҢ ЖӘНЕ ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ, ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН, ӘМІРЛЕРІ

Аллаһ Таңала «Әнфал» сүресінің 24-ші аятында Өзінің және Елшісінің біздің өмірімізге байланысты берген арнайы әмірлері жайлы: «Әй, мүминдер! Сендерді өздеріңе тіршілік беретін нәрсеге (дінге) шақырған кезде, Аллаһ Таңаланың әрі елшісінін тілін алындар. Және Аллаһ Таңаланын, кісі мен жүрегінің арасына дейін килігетінін біліңдер. Шексіз Аллаһ Таңала тарапына жиналасындар», – деген мазмұнда «егер сендер Аллаһ Таңала және Оның елшісіне бойсұнуды өмірлеріне негіз ететін болсаңдар, Аллаһ Таңала Өз ілтипатымен қолдап, имандарынды қорғап, жүректеріңді нығайтады», – деп ескертсе, Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Тыйғандарымнан тыйылып, бұйырғандарымды орындауға тырысындар», – дейді. Сондықтан бұл аят пен хадис бойынша, Аллаһ Таңаланың және Оның елшісінің біздің өмірімізбен байланысты шақыруларын шын жүрекпен қабыл алып, міндетті түрде орындауға тиіспіз. Сонымен қатар, Аллаһ Таңала адам мен жүрегінің арасына кіріп, имандының жүрегін орнықтыратынын, имансыздың жүрегін ауытқытатындығын, сондай-ақ ахиретте бұл дүниедегі жақсы, жаман істеріміздің есебін беру үшін Аллаһ Таңаланың алдына жиналатынымызды жақсы біліп, өзімізді соған сәйкес алып жүруімізді ескертеді.

Шынайы көңіл бөліп, зер салып қарасаныздар, Аллаһ Таңаланың әмірлерінің барлығы біздің өмірде бақытты болып дамуымызға мейлінше тығыз байланысты.

Аллаһ Таңала және Елшісі, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, біздерді ғылым-білімді үйренуге шақырады. Пайғамбарымызға, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Аллаһ Таңала тарапынан ең алғаш «Оқы!» деген әмір түскен. «Зүмәр» сүресінің 9-аятында: «Әй, Мұхаммед, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын! Білгендер мен білмегендер тең бола ма?», – делінсе, Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Ер-әйел барлықтарына ғылым үйрену – парыз», – деген. Міне, бұлар біздерді шынайы бақытты өмірге бастайтын аса құнды, маңызды шақырулар екендігі даусыз. Сонымен қатар, тазалық, денсаулыққа және өнеркәсіп, диқаншылық, сауда-саттыққа, еңбек етуге, ілгерілеп дамуға, қоғамға, отанға пайдалы болуға, халыққа қызмет етіп, елді-жұртты қорғауға шақырады. Тіпті намаз, ораза сияқты дене әрекеттерімен орындалатын құлшылықтардың да тіршілікке, өмірге байланысты пайдалары бар. Мысалы, намаз оқушылардын тазалығы.

Күніне бес уақыт ас дәрет, бет дәрет алуы, әр дәрет алғанда мисуакпен тістерін ысқылап тазалауы, денесін, киімін, орнын таза ұстауы және дененің әрекеттері. Оразадағы асқазанның демалып, денсаулықтын қорғалуы. Бұлар көрнеу тұрған дүниелік құбылыстардағы пайдалары. Ал, көмескі рухани тұрғыдан қарағанда намаз, ораза мұсылмандарды нәпсі жағынан тәрбиелеп, зина, арақ, құмар, ұрлық, өтірік, өсек, қызғаншақтық, тағы басқа қарсылықтардан тыйып, тура жолға салады. Егер кімде-кім намаз оқып, ораза ұстап жүріп, мұндай жаман істерді де істеп жүрсе, онда ол шын ықыласпен бұл ғибадатты орындамаған, істеген құлшылықтарынан шынайы нәр ала алмаған болып табылады.

Өйткені адамдары намазшыл елдің мінез-құлықтары жалпылай түзеліп, жамандықтары азайып, мал-мүлік, жан, намыс, абыройлары қорғалып, бір-біріне сенімдері артады. Әр күн бес рет мешітке жиналып, Аллаһ Таъаланын құзырында тұрып жалбарынулары арқылы араларына бірлік-береке кіріп, қоғамдық байланыс, қарым-қатынас нығаяды. Зекет, тағы басқа садақалар өзара көмектесудің, жоқ-жітікке қарасудың, қамқоршылық етудің негізгі әлеуметтік дәнекері, талас көтермейтін бір игілік екендігі түсінікті. Аллаһ Таъаланың және Елшісінің, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әмірлерін орындау – ақыреттің, яғни кейінгі мәңгілік өмірдің басты азығы болып табылады. Сондай-ақ Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, шапағатына, Аллаһ Таъаланың ілтипатына лайық болып, ахиретте азап тартпай жәннатқа кірсді. Ахиреттегі пайдасы өте көп. Өйткені бұл шолақ дүниедегі белгілі өмір жақсы-жаман болса да өте шығады.

Қадірлі жамағат! Аллаһ Таъаланын және Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, елеулі әмірлері біздердің дүние тіршілігіміз бен ахиреттік мәңгілік өмірімізге тығыз байланысты екен. Ендеше, ол әмірлерге берік жабысып, дүние-ахиретімізді қамтамасыз етуге шамамыз келгенше тырысуымыз шарт.

Жаратқан Аллаһ Таъала бізді ғылым үйренуге шақырса, мейірімді Пайғамбарымыз да, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, біздерге: «Ер, әйел – барлықтарың білім үйрен, ғылым мұсылмандардың жоғалған нәрсесі тәрізді, оны қайдан да болса, қайтіп болса да тауып алсын», – деп атап көрсетеді. Біздерге «Дүние, ахиреттеріңді қамдау үшін дұрыс жолда тырысып еңбек етіңдер. Біреудің мал-мүлкіне, намыс-абыройына көз тікпеңдер! Әділетті, турашылдықты қолдан шығармандар. Аманатқа қиянат етпендер. Жолдасқа, уәдеге опасыздық істемеңдер. Өзара көмектесіп, басқалардың хақын мойындап, береке-бірліктен айрылмаңдар!» – деп бұйырады.

Бұл әмірлердің бәрі де біздерге бірлік, тірлік беретін орасан тамаша, өте құнды бұйрықтар. Сондықтан бұл нұсқауларға беріле бойсұнып,

мүлтіксіз орындасақ, екі дүниеде де зор бақытқа бөленіп, егер селсоқ қарап атқармасақ, одан әрі қарсы шығып қасарыссақ, тіпті тыйым салынған істерінен сақтанғанды қойып, елемей батылдықпен істеуден именіп, тайынбасақ, өзара көмектескенді мүлде қойып, араздасып, бір-бірімізді жамандап, ғайбаттасақ, көре алмастық, қызғаншақтық, өсек-аяң бізде болса, екі дүниеде қор боламыз. Өйткені Аллаһ Таъала біздерге күре тамырымыздан да жақын, жүрегімізбен арамызда болып, не ойлағанымызды, нені қандай жаман ниетпен істегіміз келгенін толық біледі. Адамнан жасырсақ та, Аллаһ Таъаладан жасыра алмаймыз. Әсіресе арам ойдан, ұдайы жаман ниеттен мүлде сақтанып, Аллаһ Таъаланын әмірлерін орындап, Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жолымен жүруге шама келгенше тырысуға тиіспіз. Әркімді разы қылу қолдан келмесе де, біреуге жамандық істемеу қолдан келеді ғой.

Аллаһ Таъала біздерді Өз әмірін орындап, Пайғамбарының, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жолымен жүріп, екі дүниеде зор бақытқа бөленген сүйікті құлдарынан ете гөрсін! Әмин!

ОН СЕГІЗІНШІ ХҰТПА

АЛЛАҺ ТАҺАЛАНЫ СҮЙГЕН КІСІ ПАЙҒАМБАР, ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН, ЖОЛЫН ҰСТАСЫН

Аллаһ Таһала «Әли-Ғимран» сүресінің 31-аятында: «(Мұхаммед, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға: «Егер Аллаһты сүйсеңдер, онда маған ілесіңдер. Аллаһ Таһала сендерді жақсы көріп, күнәларыңды кешеді. Өйткені Аллаһ Таһала аса жарылқаушы, ерекше мейірімді», – делінген мазмұнда бұйырса, Пайғамбарымыз,Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Кімде-кім сүннетімді жақсы көрсе, мені жақсы көреді. Ал, кім мені жақсы көрсе, менімен бірге жәннатта болады», – дейді. Тағы бір сөзінде: «Мен оған өзінен, мал-мүлкінен, бала-шағасынан, тіпті бүкіл адамдардан жақсы көрінбейінше, ешбіреулерің иманды бола алмайды», – деп жалғастырады.

Жоғарыдағы аят бойынша, Аллаһ Таһала: «Мені жақсы көрсеңдер елшімнің жолымен жүріңдер», басқаша айтқанда, «Пайғамбарының, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сүннетін ұстау – Аллаһ Таһаланың сүйген болып табылады», – дейді. Өйткені Пайғамбар Аллаһ Таһаланың бұйрықтарын бұлжытпай орындайды. Сондықтан жарылқаушы Аллаһ Таһала Пайғамбарының жолымен жүрген құлдарын жарылқап, қателіктерін кешеді.

Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Мені жақсы көрген кісі менімен бірге жәннатта болады», – дейді. Пайғамбарымызды, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, құр ауызбен жақсы көрем деу болмайды. Сүйгендігін сүннетін орындау арқылы дәлелдеу қажет. Екінші бір хадисте: «Мені өзінен, мал-мүлкінен, сондай-ақ бүкіл адамдардан да жақсы көрмесе, иманды бола алмайды» – деп ескертіледі. Мұнда өз көңілі тартқан нәрселерден де, дүние-мүлкінен де, бала-шағасынан да, бүкіл адамдардан да Пайғамбардың сүннетін артық көріп орындамайынша иманы толық бола алмайды.

Қадірлі жамағат! Сахабалардан Абдуллаһ ибн Һашам: «Бір күні Пайғамбармен, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірлікте отыр едік, Пайғамбар, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Омар ибн Хаттабтың қолын ұстап отырды. Хазірет Омар: «Я, Расулаллаһ! Мен сізді өзімнен басқа барлық нәрседен жақсы көремін», – деді. Сонда Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Әй, Омар! Еркім қолында болған, жаратқан Аллаһ Таһаламен ант етемін, мені өзіңнен де жақсы көрмейінше толық иман иесі бола алмайсың!», – деді. Омар, Аллаһ одан разы болсын, бұл сөзден өте әсерленіп, жүрегі

мейлінше жұмсап кетіп: «Я, Расулаллаһ! Аллаһ Таъалаға ант етемін, мен енді сізді өзімнен де артық сүйемін», – дейді. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Міне, әй, Омар! Иманның ең жоғарғы дәрежесіне енді жеттің», – деді», – дейді.

Қадірлі жамағат! Расулаллаһты сүю – дүние-ахиретте есепдік-ке жетуге, бақытқа ие болуға дәнекер болады. Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, шешендігі, көсемдігі, сондай-ақ сөздерінің терең сырлы хик-меттілігі тілмен сипаттап жеткізе алмайтын дәрежеде аса ұғымды болған. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, барлық пайғамбар атаулының ең абзалы әрі ең соңғысы болған. Және әлемдегі барлық адам баласы үшін жіберілген. Әрине, мұншалық адам айтқысыз ерекше ірі дәрежелерге ие бір Пайғамбарды сүю, оның өнегелі жолымен жүру, негізінен әртүрлі игіліктің, зор бақыттың бұлжымас ең мықты жолы екендігі даусыз. Тек қана сөз жүзінде Пайғамбарымызды, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сүйем немесе сүйдім деу жеткілікті болмайды. Өйткені оның өзіне тән белгілі ережелері бар. Атап айтқанда, сүйгендікті іс жүзінде ортаға қою, әмірлерін орындау, жолын ұстау арқылы дәлелдеуге тырысу қажет. Сонымен қатар Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мінез-құлықтарын, тұр-сипаттарын (мұны шамайыл деп атайды), сөз және іс-әрекеттерін, өмірбаянына көңіл бөле зерттей отырып басшылыққа алу және үй іштерін, сахабаларын да артықша сүйіп, әр уақыт еске алып, жат ету абзал.

Қорытынды: Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жолына бойсұнып, сүн-неттерін орындау арқылы иманымыз нығайып, соның салдарынан Аллаһ Таъаланың ілтипатына лайық болып, екі дүниеде де қауіп-қатерден құтыламыз. Аллаһ Таъала Өз мархаметімен екі дүниеде де мұратқа жеткізе гөрсін. Әмин!

ОН ТОҒЫЗЫНШЫ ХҰТПА

ТОЛЫҚ МҰСЫЛМАНДЫҚ ЖАЙЛЫ

Қадірлі жамағат! Аллаh Таъала «Бақара» сүресінің 177-аятында: «Жүздеріңді шығысқа, батысқа қаратуларың игілік емес. Бірақ кім Аллаh Таъалаға, ахирет күніне, періштелерге, пайғамбарларға иман келтірсе және жақындарына, жетімдерге, міскіндерге, жолда қалғандарға, қайыршыларға және құл азат етуге шын ниетімен мал сарып етсе, әрі намазды толық орындап, зекет берсе, өзара байланысқан уәдесін орындап, таршылықта, қиыншылықта және соғыс уақытында сабыр етуші болса, міне, солар шыншылдар, әрі солар тақуалар», – дейді. Бұл аяттың басында: «Жүздеріңді шығысқа, батысқа қаратуларың игілік емес» – дегендегі мақсат – дін ережелерінің кейбір белгілі нұсқауларын ғана атқарып, басқасына селсоқ қарау шынайы игілік емес. Қысқасы «толық мұсылманшылық емес» – деген ұғымды береді.

Бұл аяттың мазмұнына назар аударып қарасақ, жүзімізді белгілі бір жерге (қыбылаға) жөнелтіп, тек қана намаз оқумен, діни міндеттерді толық атқарған болып, мұсылманшылықтың кемел дәрежесіне жеткен болмаймыз. Толық мұсылман болу үшін әуелі Аллаh Таъаланың барлығына, бірлігіне, бүкіл әлемді жоқтан бар етіп жаратқандығына, ахирет күніне, яғни о дүниеде қайта тіріліп, бұл дүниедегі өмірімізде жақсы-жаман істеріміздің есебін беретіндігімізге және періштелерге, пайғамбарларға, кітаптарға шын жүректен күдіксіз сеніп, иман келтіруіміз шарт. Бұны «иман» деп атайды. Ал, мұндай сенімге (иманға) ие болған кісіні «мүмин» деп атайды және бір мүмин ислам діні бойынша әмір етілген міндеттерді түгелдей орындау арқылы «толық мұсылман» болыи жоғарғы дәрежеге жете алады. Сондықтан осы міндеттердің бірнешеуі осы аятта қамтылған.

Әуелі жақындарын қамтамасыз ету. Айталық, әке-шеше, ағабауыр, ағайын-туған, жекжаттарына қарасып, соларды міндетті түрде қамдау...

Екінші: ел арасындағы жетім-жесір мұқтаждарға шаманың келісінше қол ұшын беріп, олардың мұқтаждарын қамтамасыз етуге тырысу, әсіресе, жетімдерге қамқорлық істеу мәселесі, ең елеулі мәселе. Құран Кәрімде жетімдерге қамқорлық жасау, олардың мал-мүлкіне соқтықпау, оларды қорғауға байланысты 21 жерде әмір бар.

Үшінші: міскіндерге қарайласу. Міскін деп – күнделікті қорегі болмаған адамдарды айтады. Біз бұл міскіндікті сонау Үндістан, Пакистанда бастан кешірдік. Бұл жағдай Құран Кәрімнің 23 жерінде «міскін, міскіндер» делінген түрде қайталанып ескертілген. Жылында бір рет

берілетін мал-мүліктің кірі (зекеті) берілетін жеті орынның бірі осы міскіндер болады. Әрине, бұл зекет – ислам дінінің жоқ-жітікке деген қоғамдық қамқорлығынын бұлжымас бір ережесі болып табылады.

Төртінші: әрқандай бір себептен ұзақ жолға шығып, жсте алмай қалған жолаушыларға қол ұшын беріп, еліне жетуіне көмектесу. Мұндай жағдай әр заман, әр жерде кездесетін болғандықтан, бірнеше жерде атап көрсетілген. Бұларға да зекет беруге болады.

Бесінші: тілемшілерге көмек ету. Күтпеген жерден бір қиыншылыққа душар болғандықтан жағдайын айтып, көмек күткен сұраушыларға көңіл бөліп, мұн-мұқтажын қамтамасыз ету. Әрине, бұл адамгершілік тұрғысынан да елеулі мүндет екендігі түсінікті.

Алтыншы: Құл азат ету. Ислам діні әр орайда құлдарды азат етіп, олардың бас бостандығын беруді арнайы уағыздап, ерекше мән береді. Сондықтан Құран Кәрімнің бірнеше жерінде ескертіледі. Зекет бұларга да берілсе болады.

Жетінші: намазды толық орындау. Әрине, намаз – исламның негізгі бес парызының бірі әрі ең бастысы болғандықтан мұсылманның басты міндеті. Намазды үзбей оқи отырып, басқа міндеттерді де орындау қажет. Намаз оқыдым деп баска міндеттерге немқұрайды қарауға болмайды. Жоғарыда айтылғандай бұл аяттың негізгі маңызы осыған тығыз байланысты.

Сегізінші: зекет беру. Зекетке толатын дәулеті бар кісілердің жыл сайын белгілі мөлшерде зекет шығарып, тиісті орындарға беруі – ислам дінінің бес парызының бірі, өзара қоғамдық көмектесудің тұрақты ережесі болып табылады.

Тоғызыншы: қандай да бір жағдайға байланысты берілген уәде, жасалған келісімді бұлжытпай орындау – бұл дүниеде өмір сүрген адам баласының арасындағы өмір қарым-қатынасына тығыз байланысты ең күрделі бір мәселе. Өзара жасалған келісім, берілген уәде бұлжымай орындалса ғана сенім күшейіп, ел ішінде бейбітшілік орнап, рахат өмір сүруге байланысты қарым-қатынастарда береке-бірлік нығаяды. Сондықтан осы аятта, тағы баска аяттарда да уәдеге опасыздық істемеу жайлы ескертулер бар. Кімде-кім берген сөзінде, еткен уәдесінде тұруды адамгершілік касиеті, әрі мұсылмандық міндеті деп білуі шарт.

Оныншы: ашаршылыққа, ауру-сырқауға тап болған жағдайда, жаугершілік, соғыс болған кездерде байбалам салмай, төзімді, сабырлы болып, қорықпай, саспай, табанды, қажырлы болу қажет. Әрине бұл аса маңызды, тым пайдалы насихат. Мұнда әр нәрсеге сабыр керек деген ұғым жатыр.

Ал, Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамгершілікке байланысты бір мүба-рак сөзінде: «Адамдардың ең

жақсысы – адамдарға пайдалы бол-ғандары», – десе, тағы бір сөзінде: «Сендердің біреулерің өзінде болуын жақсы көрген нәрсесінін, басқаларға да болуын тілемейінше, толық мұсылман бола алмайды», – деген. Жоғарыда айтылған хадисте «мінезі жақсы болын, ашуын жеңбеген, өзіне қаламаған нәрсені басқа адамдарға қаламаган кісінің иманы толық болмайды», – деп ескерткен. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бұл мүбәрак сөздерінде әрі адамгершілік, әрі мұсылмандыққа тығыз байланысты синаттарды баса көрсетіп, мейлінше терең түсіндірген.

Аллаһ Таъала біздерді жоғарыдағы нұсқаулар бойынша өмір сүрген толық мұсылман құлдарынан ете гөрсін! Әмин.

ЖИЫРМАСЫНШЫ ХҰТПА

ТӘУЕКЕЛ ЖӘНЕ ӨЗАРА КЕҢЕС ЖАЙЛЫ

Аллаһ Таъала «Әли-Ғимран» сүресінің 159-аятында: «...Іс жөнінде олармен кеңес. Сонда қашан қарар берсең, Аллаһ Таъалаға тәуекел ет. Негізінен Аллаһ Таъала тәуекелшілдерді жақсы көреді», – деген мағынада Пайғамбарымызға, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сахабалармен кеңесе отырып, бір істі бекіткеннен кейін, Аллаһ Таъалаға тәуекел етіп кіріс», – деп әмір береді. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сендер Аллаһ Таъалаға шын ниетпен тәуекел етсеңдер, құстардың ризығын бергендей, сендерге де ризық береді. Өйткені құстар таң ертең аш шығады да, кешке ток қайтады», – дейді.

Дініміз бізге кәсіп істеуді парыз еткендей, тәуекелді де бұйырады. Сондықтан екеуі де міндетіміз болып табылады. Кәсіп істемесек өміріміз қиынға соғады да, тәуекел етпесек иманымыз пашарлайды. Тәуекел – жүрегіміздің Аллаһ Таъалаға деген сенімі, жұмыс істеу – дене міздің міндеті. Қолдан келгенше еңбек ете отырып, Аллаһ Таъалаға тәуекел ету қажет. Еңбек етпей Аллаһ Таъалаға тәуекел деп қарап отыру – Аллаһ Таъаланың әміріне қайшы болғанындай, Пайғамбарымыздың да, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сүннетіне сәйкеспейді, бұл жалқаулықтан басқа еш нәрсе емес.

Бұл дүние бір себеп дүниесі. Әр нәрсенің себебі бар. Егінді өзіне тән ерекшеліктері бойынша жақсылап екпесе, көңілдегідей өнім алынбайды. Тәуекел деп малды ием қоя беруге болмайды. Әнас, Аллаһ одан разы болсын: «Түйеге мінген бір адам Пайғамбарымызға, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келді де: «Я, Аллаһтың елшісі! Түйені қоя беріп тәуекел етейін бе?» – деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған: «Түйеңді тұса, сонан кейін тәуекел ет», – деген.

Сахл ибн Абдуллаһ: «Еңбек етуге қарсы шыққан, сүннетке қайшы, тәуекелге қарсы сөйлеген – иманға қайшы келген болады», – дейді.

Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Меккеден Мединеге көшкенде хазірет Әбу Бәкірмен бірге үңгірге тығылып, жаудан жасырынды. Жау оларды іздеп үңгірдің маңына келгенде, хазірет Әбу Бәкір: «Я, Аллаһтың елшісі! Мұбада олардың біреуі үңіліп қараса, сөз жоқ бізді көреді» – дегенде, Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын,: «Қам жеме, Аллаһ Таъала бізбен бірге», – дейді. Яғни, әуелі үңгірге кіріп бекініп алғаннан кейін, Аллаһ Таъалаға тәуекел етті.

Хазірет Ибраһим (ғ.с.) Намрудтың жақтырған отына лақтырыларда «мұнжанық» делінген атқының ұшына байланған еді. От лапылдап,

жалын шалқып жақындаған сәтте Жәбрәйіл (ғ.с.) келіп, көмек еткісі келгенін білдіреді. Аллаһ Таъалаға сенімі өте күшті болған Ибраһим (ғ.с.): «Мұқтаж емеспін, Аллаһ Таъала Өзі халімді біледі», – дейді. Отқа атылып кетіп бара жатқанда, яғни «Аллаһ Таъала маған жеткілікті, Ол неткен мықты ие» – дейді. Нәтижеде Аллаһ Таъала: «Әй, от Ибраһимге салқын бол!», – деп әмір береді. Ибраһим (ғ.с.) аман-есен құтылып, оттың ішінде бақшаның ішінде отырғандай рахат күйге бөленеді.

Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірде жолдастарымен бір соғыстан қайтып келе жатып, бір жерге тоқталып, қылышын ағашқа іледі де, дем алуға жатады. Кәпірлерден болған бір бәдәуи келіп Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қылышын жұлып алады да, Аллаһ елшісіне, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сені қолымнан кім құтқарады», – дейді. Оған Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Аллаһ!», – деп жауап қайырады. Сонда Бәдәуидің қылышы қолынан түсіп кетеді. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қылышын алады да: «Ал, енді сені менің қолымнан кім құтқарады?!», – дейді. Бәдәуи: «Өш алушының қайырлысы бол!», – деп жалбарынады. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтын игілігі мен сәлемі болсын, оны қоя берді. Міне, шынайы тәуекелдің үлгісі осындай болмақ. Ортаға ешбір дәнекер іздемей, Жаратқанның нақ Өзіне тәуекел ету шарт.

Қадірлі жамағат! Жоғарыдағы аятта Аллаһ Таъала Пайғамба-рымызға, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сахабалармен кеңесе отырып, бір істі бекіткеннен кейін Аллаһ Таъалаға тәуекел етіп кіріс» – деп әмір береді. 42-сүренің 38-ші аятында: «Ал және сондай пайғамбарына мақұл дегендер, намазды толық орындағандар, өзі істерін кеңеспен жүргізгендер, өздеріне берілген несібені өз орнына жұмсағандар», – деген мазмұнда кеңеспен іс басқаруды ескертеді. Бұны заманымызда «демократия» деп атайды. Әрине, бұл өз алдына бір хұтпа болып жазылатын күрделі бір мәселе.

Аллаһ Таъала біздерді шынайы еңбекшіл, нағыз тәускелшіл, өзара істерін кеңеспен басқаратын құлдарынан ете көрсін! Әмин.

ЖИЫРМА БІРІНШІ ХҰТПА

АЛЛАҺ ТАҢАЛАДАН ҚОРҚУ, АДАМДАРМЕН ЖАҚСЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ ТУРАЛЫ

Аллаһ Таңала 59-сүренің 8-ші аятында: «Әй, Мүминдер! Аллаһ Таңаладан қорқыңдар. Әркім ертеңі үшін не жібергеніне қарасын. Аллаһ Таңаладан қорқыңдар. Шексіз Аллаһ Таңала не істегендеріңді толық біледі», – деп бұйырады. Әр нәрсені толық білетін Аллаһ Таңала құлдарына ұдайы қорқа отырып, ертеңгі ахирет күні үшін нендей әзірлік көргендігін тексеріп қарап отыруды ескертеді. Өйткені Аллаһ Таңаладан қорқып, ахиретті ойлаған кісіден дүниеде ешкімге зиян келмейді де, керісінше пайда келеді. Және Пайғамбарымыз Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Қайда болсаң да Аллаһ Таңаладан қорық, жамандықтың артынан жақсылық істе жамандықты жойсын», – деген. Сондай-ақ және бір хадисінде: «Шынында Аллаһ Таңала бейне көріністеріңе, мал-мүліктеріңе қарамайды. Бірақ жүректеріңе, істеріңе қарайды», – дейді. Ұдайы Аллаһ Таңаладан қорқып, бір жамандық істесе, дереу оны жою үшін артынан дереу игілік істеуді, жақсы мінезде болуды ескерте келіп, Аллаһ Таңаланың сырт көрініске емес, істеген іске және жүрекке қарайтындығы ескертіліп отыр.

Бұл аят, хадистерге зер салып қарағанда шын жүрегімізбен Аллаһ Таңаладан қорқуды, жаман істерден мүлде сақтануды, сондай-ақ о дүннеде қайта тіріліп, Аллаһ Таңаланың құзырында есеп беруді естен шығармай, бұл өлшеулі өмірдегі қарым-катынастарда адамдармен жақсы шығысып, қолдан келісінше жақсылық істеп, қолдан келмеген жағдайдың өзінде ешкімге зиян тигізбеуге тырысуымыз шарт. «Жамандықты әр кісі, жақсылықты ер кісі істейді». Мүбада бір жамандық істеп қойсақ, дереу артынан жақсылық істеп, бұл жамандықты жоюға тырысуға тиіспіз. Айталық, біреуді ренжітіп алсақ, тезінен оның көңілін алып, кешірім сұрауға тырысу қажет. Бұл кішіпейілділікті, жүректің таза екендігін көрсетеді. Өйткені Аллаһ Таңала біздің сырт көрінісімізге мән бермейді, жүрегімізге, іс-әрекетімізге мән береді. Бұл көркем өнегелер әрі Аллаһ Таңаладан қорыққандықтың белгісі болса, әрі даналық, білгендік болып табылады. Дініміз – Аллаһ Таңаладан қорқа о дүниеде қайта тіріліп, бұл дүниедегі әр түрлі ісімізден есеп беретіндігімізді мойындай отырып, соған сәйкес жақсы өмір өткізуімізді уағыздайды. Бұны тақуалық, ахиретке нану, көркем мінез деп бағалауға болады. Сондықтан бұл үш көркем сипат бір кісіден табылса, Аллаһ Таңалаға да жағады, ел-жұртқа да сүйкімді және екі дүниеде де зор бақытка ие болып, мұратқа жетеді.

ЖИЫРМА ЕКІНШІ ХҰТПА

ӘКЕ ШЕШЕГЕ ҚҰРМЕТ ЕТУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Аллаһ Таъала 17-сүренің 23-24-ші аяттарында: «Раббың Өзіне ғана ғибадат етулеріңді, әке-шешеге жақсылық істеулеріңді әмір етті. Ал, егер ол екеуінің біреуі немесе екеуі де жандарында қартайса «Туһ!» деп кейіс білдірме, ол екеуін зекіме, ол екеуіне сыпайы сөйле. Ол екеуіне кішірейіп мархамет құшағын жай да: Раббым! Ол екеуі мені кішкентайдан тәрбиелегендей, Сен де мархаметіне бөлей гөр», – деп оларды кейітпей қызмет етіп, ізгі тілек білдір деген мазмұнда тұжырымды әмір береді. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, үш рет: «Қор болды» дегенде, «Я, Расулаллаһ, ол кім?» – делінді. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Біреудің әке-шешсі қартайып отырған болып, ол жәннатқа кірмесе (яғни, қартайған әке-шешеге қызмет етіп, ықыласын алмаса)» – деп жауап берген. Басқа бір хадисте: «Жәннат аналарының табанының астында» – делінген. Аллаһ Таъалаға ибадаттан кейін мойнымызға міндет болатын борыштың бірі, ең әуелісі – әке-шешеге бойсұну. Оларға әсіресе қартайып отырғанда құрмет көрсетіп сыйлау. Бұл міндетке соншалық мән берілгендіктен Құран Кәрімнің он үш жерінде ескертілген.

Қадірлі жамағат! Бірнеше аятта Аллаһ Таъала Өзіне ортақ қосылмауды және Өзіне ғана ғибадат етуді тікелей атап ескерткеннің артынан әке-шешеге міндетті түрде жақсы қарауды, оларды ренжітпеуді әмір етеді. Пайғамбарымыз да, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ата-анаға қызмет етіп, оларды разы қылып, ықыласын алуды елеулі түрде уағыздай отырып, егер кәрі әке-шешесі немесе олардың біреуі болып, солардың ықыласын алмағандықтан жәннатқа кіре алмағандарға қарғыс береді.

Әке-шешеге шынайы түрде қызмет көрсетіп, оларды ренжітіп-кейітпей, әсіресе олар қартайғанда қабақ шытпай қызмет ету шарт. Олардың бетінен алып, тіл тигізгенді былай қойып, тіпті «туһ» – деп кейіс білдіруден сақтану қажет. Аллаһ Таъаланың әмірі солай.

Ата-ананың бізді дүниеге келтіргенін, жаралуымызға солардың себепші болғанын ұмытпауымыз керек. Олар дүниеге келтіріп қана қоймай, ең нашар күйсіз күндерінде қаншалық михнат, машақаттарға төзіп, шынайы жүректен жақсы көріп, бауырларына басып, «табанына кірген шөңге мандайымызға кірсін», – деп жандары үстімізде болып, азабымызды тартты. Уақыт өткен сайын біздер есейіп, әр нәрсеге шамамыз келетін жағдайға келдік. Олардың бұл халге келтіргендігін сірә естен шығармай, олардың сәби күнімізден жандарын ортаға салып, тәрбиелеп, бағып, ер жеткізгендерін ұмытып, бұл дүниеге өзіміз келіп,

болғандықтан, жастарымыздың бас құраулары аса қиынға соққандығы аянышты шындық болып отыр. Сондықтан ел-жұрт болып мұның алдын алу шарт. Екі жас өзара келіссе, маһерін белгілеп екі айғақтың алдында некесін қиып қосу керек. Дініміздің ережесі осы.

Қазақтың бұрынғы көне салттары да шариғатқа сәйкеспейді. Мысалы, қарға бау, өлтірі, қалын мал, той мал, жыртыс кәде ілу, сүт ақы, жеңгстай, қол ұстатар, шаш сипар, итырылдар, бақан аттар, шатыр байғазы, киіт, қыз қашар т.б. Кейін бұл қыз қашарды «ойын кәде» деп біреу алып, түнгі той жасалып жүрді. Бұл дұрыс емес. Ал дініміздe тек қана маһер бар. «Маһер – мұғажжал» алдын ала беріледі. «Маһер мүәжжәл» неке қиылғапда аталып қойылады. Кейін әйел қаласа оны алады да, қаласа еріне сыйлық етеді. Дін бойынша үйлену осындай оңай. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маһердің аз болуын уағыздайды. Ал, біздің «қалың мал» маһерге жатпайды. Өйткені маһер әйелдің өзіне беріледі. Онда әке-шеше не басқа туыстардың хақы жоқ. Қалың мал қыз сатудың бір түрі. Әрине, алынған қалың малға орай үй-мүкәмал, жасау жасалып берілсе бір сәрі. Бірақ онда да атақ шығару үшін болмау керек. Той жасау сүннет. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір қой сойып немесе құрма болса да үйлену тойын жасауды бұйырған. Шама келмесе той жасамаса да болады. Негізгі мақсат – көрпеге қарай көсіліп, бас құрап, өздеріңізге де қоғамға да пайдалы бір семья болудың қамын ойлау. Орынсыз ысыраптан аулақ үйленіп бас қосқан жұбайларынызбен тату-тәтті өмір сүріп, өздеріңізге және елге пайдалы діндар ұрпақ тәрбиелеуге мейлінше қайрат етумен қабат, өз діни міндеттерінізді де толық орындап, екі дүниеде де бақытты болуға тырысыңыздар.

Аллаһ Таъала діни ережелерге сәйкес үйленіп, діни міндеттерін мүлтіксіз атқарған құлдарынан ете гөрсін! Әмин.

ЖИЫРМА ҮШІНШІ ХҰТПА

ҮЙЛЕНУ ЖӘНЕ БАЛА ТӘРБИЕСІ ЖАЙЛЫ

Қадірлі жамағат! Аллаh Таъала 24-сүренің 32-ші аятында: «Іштеріңіздегі бойдақтарды (ер жеткен ұл-қыз, тұл әйел, бойдақ ерлерді), сондай-ақ қолдарыңдағы құл-күндердің дұрыстарын үйлендіріңдер», – деп әмір етеді. Пайғамбарымыз, Оған Аллаhтың игілігі мен сәлемі болсын: «Үйленіңдер, ұрпақтарыңды көбейтіңдер, сонда мен елге көбеюлеріңді мақтаныш етемін», – дейді. Тағы бір хадисінде: «Некелену менің жолым, кімде-кім менің жолымнан бас тартса, үмметімнен емес», – деген.

Қадірлі жамағат! Аллаh Таъала бойдақ ер-әйелді үйлендіруді тұжырымды түрде әмір етсе, Пайғамбарымыз, Оған Аллаhтың игілігі мен сәлемі болсын, бойдақ жүрмей бас құрап, көбеюімізді дәріптеп, бір хадисінде: «Бұзақыларың, бойдақтарын» – десе, тағы бір хадисінде: «Күнәдан пәк болып Аллаh таъалаға қауышуды қалаған үйленсін» – деп көрсетеді. Міне, сондықтан сахабалар бойдақ жүрмей үйленуге тырысқан. Ол үшін біздің де ынғайы келсе, бас құрауға тырысуымыз қажет. Жесір әйелдердің үйленіп, тұрмыстануына тосқындық жасамау керек. Әмеңгерлік салты тек қана елдің әдетіне байланысты қалыптасқан салт болып, оның діни тұрғыдан ешқандай маңызы жоқ. Тұл әйел қалағанымен үйлене беруіне болады.

Үйленіп, тұрмыс құру мәселесі дербес жеке адамдар немесе қоғамдық өмірге тығыз байланысты. Өйткені жеке адамдардың үйленуімен – үйлер (семья), үйлерден – елдер құралады. Ұрпақтардан ұрпақтар жалғасып, өткен-кеткендердің орны толып, ел көркейеді. Сондықтан ислам діні үйленуді бұйырады. Пайғамбарымыз, Оған Аллаhтың игілігі мен сәлемі болсын,: «Үйленудің ең қайырлысы жеңілдіктен орындалғаны. Бір әйелдің маhері қаншалық аз болса, соншалық беделді болуына дәлел», – деп, оңайлықпен үйленуді дәріптейді. Міне, ислам діні бойынша үйленуде ешбір қиыншылық жоқ. Бірақ біздс мұның мүлде керісінше, әдет-ғұрып, салт-сананың билеуімен бәсекелесіп, орынсыз қара таласушылықпен үйлену өте қиындасып кетті. Сондай-ақ барған сайын түрлі-түрлі ескі салтта болмаған жаңа әдеттер шығарылып, үй басына қоржын салу, қонаққа шақырылып, сыйлық беріліп, қайтарылу, оның үстіне «пәлендей аламын» деп қалың малды көп алу, тағы басқалар сияқты дінге қайшы көр-жөр шығарылып, бұларды орындамау намыс, орындау абырой саналып, үйлену шамадан тыс ауырласып кетті. Нәтижеде мұпдай орынсыз ауыр шығындарды өтей алмайтын

болғандықтан, жастарымыздың бас құраулары аса қиынға соққандығы аянышты шындық болып отыр. Сондықтан ел-жұрт болып мұның алдын алу шарт. Екі жас өзара келіссе, маһерін белгілеп екі айғақтың алдында некесін қиып қосу керек. Дініміздің ережесі осы.

Қазақтың бұрынғы көне салттары да шариғатқа сәйкеспейді. Мысалы, қарға бау, өлтірі, қалың мал, той мал, жыртыс кәде ілу, сүт ақы, жеңгетай, қол ұстатар, шаш сипар, итырылдар, бақан аттар, шатыр байғазы, киіт, қыз қашар т.б. Кейін бұл қыз қашарды «ойын кәде» деп біреу алып, түнгі той жасалып жүрді. Бұл дұрыс емес. Ал дініміздегі тек қана маһер бар. «Маһер – мұғажжал» алдын ала беріледі. «Маһер мүәжжәл» неке қиылғанда аталып қойылады. Кейін әйел қаласа оны алады да, қаласа еріне сыйлық етеді. Дін бойынша үйлену осындай оңай. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маһердің аз болуын уағыздайды. Ал, біздің «қалың мал» маһерге жатпайды. Өйткені маһер әйелдің өзіне беріледі. Онда әке-шеше не басқа туыстардың хақы жоқ. Қалың мал қыз сатудың бір түрі. Әрине, алынған қалың малға орай үй-мүкәмал, жасау жасалып берілсе бір сәрі. Бірақ онда да атақ шығару үшін болмау керек. Той жасау сүннет. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір қой сойып немесе құрма болса да үйлену тойын жасауды бұйырған. Шама келмесе той жасамаса да болады. Негізгі мақсат – көрпеге қарай көсіліп, бас құрап, өздеріңізге де қоғамға да пайдалы бір семья болудың қамын ойлау. Орынсыз ысыраптан аулақ үйленіп бас қосқан жұбайларыңызбен тату-тәтті өмір сүріп, өздеріңізге және елге пайдалы діндар ұрпақ тәрбиелеуге мейлінше қайрат етумен қабат, өз діни міндеттеріңізді де толық орындап, екі дүниеде де бақытты болуға тырысыңыздар.

Аллаһ Таъала діни ережелерге сәйкес үйленіп, діни міндеттерін мүлтіксіз атқарған құлдарынан ете көрсін! Әмин.

ЖИЫРМА ТӨРТІНШІ ХҰТПА

ТУЫСТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАЙЫНДА

Аллаһ Таъала 49-сүренің 10-шы аятында: «Шын мәнінде мүминдер туыс қой. Сондықтан екі туыстарынның арасын жарастырыңдар. Жәпе Аллаһ Таъаладан қорқыңдар. Мүмкін игілікке бөленерсіңдер», – делінген мазмұнда мұсылмандардың дін қарындас екендігін, тату-тәтті болуын ескертеді. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сіздердің біреулеріңіз өзіне болуын қалаған нәрсесін мұсылман туысына да болуын қаламайынша, нақ иманды бола алмайды», – дейді. Және бір сөзінде: «Иманның абзалы, өзің жақсы көрген нәрсеңді елге де болуын жақсы көріп, өзің жек көрген нәрсеңді елге де болуын жек көруің», – деп ескертеді.

Қадірлі жамағат! Жоғарыдағы аят, хадистерде мұсылмандардың бауырлас, бір-біріне туыс екендіктері жайында айтылған. Сондықтан өзара тату болып, бір-біріне көмектесулері, араға қайшылық тудыратын жағдайларда, тезінен кірісіп, араларын жарастырып қоюды бұйырады.

Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Мұсылмандардың арасындағы өкпелесу үш күннен ары бармау керек», – деген. Анық зер салып қарасақ, жоғарғы екінші хадисте жеке ғана туыстық қарым-қатынаспен шектелмей, біртұтас адам баласын қамтығанын көруге болады. Яғни, иманның ең абзалы «өзің сүйген нәрсенің бүкіл адамзатқа да болуын жаксы көруің, ал өзің жаратпаған нәрсенің басқалар үшін де қаламауың арқылы қолға келеді» – делінген мазмұнда жалпы қарым-қатынасқа байланысты түрде ескертеді. Тағы бір хадисте: «Адамдардың қайырлысы – адамдарға пайдалы болғаны», – деліпеді. Сондықтан жалпы түрде адам баласына пайдалы болып, олармен жақсы шығысып, елдің көңілі қаларлыктай әрекеттерден мүлде аулақ болу керек. Керісінше шаманың келісінше пайда тигізуге талпынуымыз қажет. Өйткені бұл дініміздің және адамгершіліктің міндеті болып табылады. Әрине, әркімнің көңілін табу мүмкін болмаса да, епкімге зиян тигізбеу қолдан келеді ғой. Егер әр адам осы көзқарасқа сәйкес әрекет етсе, туысы да, жалпы елі де жақсы көрер еді. Сондай-ақ екі дүниеде де бақытқа бөленер еді. Қорыта келгенде, өзімізге істелуін ұнатпаған нәрсені біз де басқаға істемесек, бізге ешкім өкпелемейді.

Аллаһ Таъала бізді әркіммен жақсы шығысып, тату-тәтті өмір сүріп, екі дүниеде де Өзі жарылқаған құлдарынан ете гөрсін. Әмин!

ЖИЫРМА БЕСІНШІ ХҰТПА

КІШІПЕЙІЛДІК ЖӘНЕ ТӘКАППАРЛЫҚ ЖАЙЛЫ

Аллаһ Таъала 16-сүренің 23-ші аятында: «Дау жоқ Аллаһ Таъала олардың жасырғандарын әрі көрнеу істегендерін біледі. Расында Аллаһ Таъала өзін жоғары санағандарды жақсы көрмейді», – делінген мазмұнда Аллаһ Таъала тәкаппарларды жақсы көрмейтінін ашық білдіреді. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын,: «Берілген мал-мүлікке зиян келтірмейді. Аллаһ Таъала кешірімді құлына ғиззаттан басқа бір нәрсе бермейді. Ал, кімде-кім Аллаһ Таъала үшін кішіпейіл болса, Аллаһ Таъала оның абыройын көтереді», – деген. Екінші хадисте: «Кімде-кім Аллаһ Таъала үшін кішіпейіл болса, Аллаһ Таъала оны көтереді, кімде-кім тәкаппар болса, Аллаһ Таъала оны төмендетеді», – дейді.

Жоғарыдағы аят және хадистерде өзін-өзі жоғары санап, басқаларды бойына теңгермей даңдайсыған тәкаппарларды Аллаһ Таъала жақсы көрмей, олардың абыройын түсіретіндігі ашық баян етілуде. Онымен қатар өр кеуделерді ел де жақтырмайды. 17-сүренің 37-ші аятында: «Жер жүзінде даңдайсып жүрме, сен жерді әсте жарата алмайсың да, бой жағынан да тауларға жете алмайсың», – деп бұйырады. Яғни, жерден мықты, таудан биік бола алмайсың. Сондықтан өзіңді-өзің көтеріп шертимей, бәсең бол. Осы мазмұнда ашық әмір беріледі. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Бір адамның жүрегінде тозаң түйіріндей менмендік болса, жәннатқа кірмейді», – деп қатаң ескертеді.

Қадірлі жамағат! Көп ұзакка бармай-ақ өзіміздің жаратылысымызды, дүниеге келуімізді біраз зерттеп қарасақ, бір тамшы жаймыз судан жаралып, шыққан жеріміз де белгілі. Сондықтан басқалардан өзімізді жоғары санауымыз үшін не ауыздан туып, не көктен түскен болуымыз қажет қой. Ондай срекшелігіміз болмағанда өзімізді басқадан артық көріп, даңдайситын не жөніміз бар? Ендеше өзіміздің тегіміз қайдан шыққанын мүлде ұмытып, өзімізді басқалардан жоғары көріп, менменсуіміз ақылымыздың кемшілігін дәлелдейді. Ақылы толық, миы түзу адам терең ойлап жете түсінсе, тәкаппар болмайды. Тәкаппар адам қоғамның басына келсе, басқаларды қор көргендігі үшін әділетпен басқаруы мүмкін емес. Сондай-ақ ондай адамның жанына ешкім жоламайды да, о да басқалармен араласуды ар көреді.

Қадірлі жамағат! Ислам діні негізінен бүкіл адам баласын бірдей көретін өте мықты бір теңдік болғандығы үшін менменсіп, басқаларды

қор көруге жол бермейді. Ол үшін Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Барлығың адам баласысыңдар. Ал, Адам топырактап жаратылған», – деген. Сондай-ақ: «Елдің бастығы – қызметкері», – деген. Яғни, кімде-кім елге пайда тигізсе, бастығы сол болу керек. Кімде-кім басшылық етсе, елге қызмет етуі керек делінген. Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, осы тамаша сөзі орындалып бастықтар елге қызмет етсе, елге қызмет ететін кісі іс басына келсе немесе келтірілсе, бастық немесе бастықтар өздеріне артылған үмітпен тапсырылған міндеттерді жете бағалап, елге жан ынтамен қызмет етсе, қоғамдық істер мейлінше дамып, бейбітшілік болар еді.

Егер сіздер Аллаһ Таъаланың құзырында және ел арасында абыройларыңыз артып, беделді болғыларыңыз келсе, кішіпейіл болыңыздар. Әркіммен жақсы шығысыңыздар. Жайлы мінезді, иғілік сүйгіш болыңыздар. Өйткені адамгершілікке лайық, дінге сәйкес даңғыл жол осы. Асаң болмай, бәсең болсақ, онда бізді Аллаһ Таъала сүйеді де, Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, шапағатына лайық болып, дүние-ахиретте бақытқа қолымыз жетеді.

Жаратқан Аллаһ Таъала барлығымызды жақсы мінезді, мейлінше кішіпейіл құлдарынан ете гөрсін! Әмин.

ЖИЫРМА АЛТЫНШЫ ХҰТПА

ТАЗАЛЫҚ ТУРАЛЫ

Ұлы Аллаһ Таъала «Тәубе» сүресінің 108-ші аятында: «Әй, Мұхаммед! Ол мешітте әсте намаз оқыма. Бастапқы күннен бері тақуалық негізде салынған (Құба) мешіті намазға тұруыңа тағы лайық. Онда тап-таза болуды сүйетін кісілер бар. Аллаһ Таъала да өте таза болушыларды жақсы көреді», – деп, Аллаһ Таъаланың аса таза болғандарды сүйетіндігі көрінеді. Міне, бұл аяттан Ислам дінінің таза, әрі тазалық сүйгіш бір дін екендігі анық байқалады. Сондықтан Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Дін тазалықтың үстіне құрылған» және «Тазалық – иманның жартысы», – деп бұйырған. Ал, бұл тазалықтың дәрет және ғұсылға (шомылуға) тығыз байланысты екендігінде дау жоқ. Дәрет (таһарат) – тазалық деген сөзден шығады. Ғұсыл шомылумен орындалады.

Қадірлі жамағат! Әсіресе намаз оқитын кісілер, тіпті түзге отырғаннан тартып, тазалыққа көніл бөледі. Айталық, әр түзге отырғанда ас дәрет алады. Несебін бір жеріне тамызбай, үсті-басына шашыратпай, тас-топырақпен құрғатып барып сумен тазалайды. Бұны – истинжа деп атайды. Ал, дәрет алынғанда, әуелі екі қол білезікке дейін жуылып, ауыз-мұрын шайылып, екі білек шынтақпен бірге және екі аяқ қызыл асықпен бірге үш қайтара жуылады. Осылайша күніне бес рет дәрет алған кісінің аталмыш мүшелері үштен он бес рет, ең азы күнінде үш қайтара дәрет алынса, тоғыз рет жуылған болады. Онымен қатар дініміз тамақтың алды-артында қол жууды әмір етеді. Басқа ешбір дінде, не халықтар әдетінде немесе бүгінгі дамыған мәдениет ережелерінде осындай тұрақты тазалану бар ма? Әрине, бар деп айта алмаймын.

Қадірлі жамағат! Ғұсыл құйыну, шомылуға келсек, басқа бір ерекше жағдай болмаса да мұсылмандардың аптасына бір рет шомылуы – сүннет. Яғни, Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жолы. Я, жұмасына үнемі бір рет шомылу, қандай керім тазалық десеңізші! Және бұдан басқа ерлі-зайыптылардың жақындасуларынан кейін, екеуіне де ғұсыл құйыну кешірілмейтін парыз. Бұл жақындасқаннан кейінгі жағдайды – «жүніп» деп атайды. Сондай-ақ түс көріп оянғанда киімінде дымқыл көрген ер-әйелге де ғұсыл құйыну парыз. Бұл соңғы жағдайды – «ихтилам» деп атайды. Және етеккір көрген әйелдер немесе босанғаннан кейінгі жағдайға тап болған әйелдердің бойлары құрғағанда ғұсыл құйынулары парыз. Сондықтан мұндай діни тұрғыдан рухани түрде денелері лас болып есептелген ер-әйелдердің ғұсыл құйынбай тұрып намаз оқуларына, Құран ұстауларына, Құран

оқуларына және мешітке кірулеріне әсте болмайды. Өйткені олардың бойлары харам болады.

Дәрет алған, ғұсыл құйынған адамдар әрі шариғат әмірін орындаған, әрі тазалану арқылы денсаулық жұмысын атқарған болып табылады. Өйткені жиі түрде жуынып, шомылу – теріге тыстан әсер ететін кір қоңның алдын алып, терідегі көздер ашылып, әуе алып денсаулықты қорғайтындығы табиб ғылымы тұрғысынан бекітілген бір шындық. Сонымен қатар жуынып, шайыну – дененің температурасын түзетіп, қанды тазалап, айналымын дұрыстайды. Қоректің сіңуін жеңілдетіп, ызақорлықты бәсеңдетіп, тамырларды күшейте отырып, дененің қуатының нығаюына көмекші болады. Нәтижеде денсаулықты күшейтіп, аурулардан қорғайды. Онымен қатар, рухани тұрғыдан шаттық беріп, сана-сезімінің артуына, жүректің соғуы дұрысталып, ұйқының түзелуіне, шаршаған мидың дем алуына жол ашады.

Қорыта келгенде, дәрет пен ғұсылдың, жуынып-шайынудың, атап айтқанда таза болудың көмес, көрнеу толып жатқан пайдалары, көптеген өзіне тән қасиеттері бар. Әрине, бұл тазалық тек қана денеге байланысты болып қалмастан, киім-кешектің, ішіп-жемнің, отырған-жатқан орынның, үйдің, ауылдың, жүрген жолдың, қаланың, тіпті жалпы қоғамнын таза болуына көңіл бөлу шарт екендігін әсте естен шығармау керек.

Жалпы түрде айналаның таза болуына ерекше ұқыпты болуға тырысуымыз діни әрі адамгершілік міндетімізді орындау екендігін зер салып ойлауға тиістіміз. Өйткені жалпы денсаулық жекенің әрі жалпының тазалығы арқылы қолға келеді. Бір тап-таза ислам дінін мойындаған мұсылман болғандықтарыңызды ортаға қою үшін, басқалар жиреніп жек көрерліктей және денсаулыққа қайшы келетін арам, лас нәрселерден мейлінше аулақ болыңыздар.

Қадірлі жамағат! Әр мұсылманның үйінде дәретханасы, ғұсылханасы (душ) болу шарт. Бұған селсок қарап, жалқаулық істемеу керек. Әсіресе, үйде ғұсылхана болмаса, тазалық болмайды. Мейлі үй қандай нашар болса да ғұсылханасы болсын. Ондай болмағанда оны үй деп мұсылман отыруға болмайды.

Аллаһ Таъала біздерді Өз әміріне бойұсынып, тазалыққа көңіл бөлген, дені-қарны сау құлдарынан ете гөрсін! Әмин.

ЖИЫРМА ЖЕТІНШІ ХҰТПА

ТАҒЫ ТАЗАЛЫҚ ЖАЙЛЫ

Аллаһ Таъала74-сүренің басқы 4 аятында: «Әй, жамылушы! Тұр енді, адамдарға ескерт. Раббыңды ұлықта, киіміңді тазала», – деген мазмұнда, жамылып жатқан Пайғамбарымызға, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әмір береді. Және Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, пақырлық, жоқшылықтан шағынған бір сахабаға: «Әмісе таза бол. Несібең кеңиді», – деген екен. Тағы бір мүбәрак хадисінде: «Кімде-кім у сарымсақ, не сарымсақ жесе біздерден аулақ, мешітімізден аулақ үйінде отырсын», – деген. Өйткені бұлардың иісі жағымсыз болғандықтан жанындағы кісілердің тынышты-ғын кетіреді. Сондықтан ондай адамдар бізден ажырап тұрсын деп, мешіттен тыйғандығы тазалыққа ерекше мән бергендігін дәлелдейді. Ал, енді ойлаңыздаршы! Бұларды мешіттен тыйған Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жамағатты рахатсыз етіп, жиіркендіретін кір, сасық киіммен, әсіресе даланы басып жүрген етікпен мешітке кіруге рұқсат етер ме еді? Әрине, етпейді. Өйткені мешіт Аллаһ Таъаланың үйі ғой. Негізі киімдері кірлі, сасық адамдар, жанындағы адамдарды сарымсак жеғеннен гөрі тағы артық жиіркендіретіндігі айкын. Ал, аузы-басы насыбай, темекі және арақ сасып тұрғандардың жанына ешкім жиіркенбей отыра алмайтындығы түсінікті. Сондықтан қадірлі жамағат! Мешітке бәйшешектей тап-таза болып барып, намазға өте таза, кіршіксіз болып тұруға тиістіміз. Әйтпесек бізден Аллаһ разы болмайды. Пайғамбар сүймейді.

Әр мұсылманның мешітте, намазда ерекше таза болуы, киімінде, денесінде ластық болмауы, әсіресе даланы басып жүрген етікпен көрпе, сырмақ салулы тұрған үйлердің төріне шықпауы жақсы. Өйткені мұсылманшылық – толық тазалық деген сөз. Мұсылманның жүрегі, денесі, киімі, отырып-тұратын орны, ыдыс-аяғы, жейтін тамағы, бетіқол сүртетін орамалы кіршіксіз болуы шарт. Сондықтан кірлі орамалмен бет сүртпеу, әйелдер кірлі шүберекпен ыдыстың сыртын сүртпеуі керек. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Тазалық иманның жартысы, тазалық иманның бір бөлшегі, таза болмаған мұсылманның иманы толық болмайды», – деп бұйырған. Киім мейлі ескі, жыртық болсын, бірақ таза болуы керек.

Діниміз тістің таза болуына ерекше мән береді. Әр дәрет алғанда тістерді мисуакпен ысқылап тазалау сүннет. Тіс таза болса, ауыз сасымайды, тіс шірімейді. Тіс шірісе, соның салдарынан әртүрлі ауруға шалдығуы мүмкін. Сондықтан Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тістің тазалы-ғына ұқыпты түрде көңіл бөлген.

Қадірлі жамағат! Негізінен тазалық тек қана ғибадатқа тән емес. Әлеуметтің денсаулық тұрғыдан таза болуы тиісті. Сондықтан жолдарға, алаңдарға нәрсе тастау дұрыс емес. Өйткені Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ағып жатқан немесе тоқтау суларға дәрет сындыруға мүлде тыйым салған. Оба деген қауіпті аурудың микробы нәжіс араласқан судан тікелей немесе суарылған өсімдіктерді шикі жеу арқылы адамдарға жұғатындығы сөзсіз.

Мұсылман болған бір адамның жолға, суға дәрет сындырмауы керек. Өйткені мұндай жаман әрекет ислам дінімен үйлеспеуімен қатар, адамгершілікке де үйлеспейді. Дәрет сындырғанда киімге шашыратпау керек. Ол лас киіммен намаз оқуға болмайды. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір хадисінде: «Несептен өте таза болыңыздар. Қабір азабы несептен болады», – деген. Және бір хадисінде: «Тағамның берекеті – алды-артында қол жуу. Дәретте не қол жуғанда саусақтардың, тістердің араларын тазалаған ұмметім не деген жақсы кісілер деші», – деген. Сондықтан мұсылмандар бұл сүннетке ұқыптылық етсе, жегені берекетті болады да, Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мақтауына лайық болады. Және бір хадисінде: «Кімде-кім қолында еттің, балықтың иісі бола тұра түнеп, оған бір нәрсе болса өзінен көрсін», – дейді. Тағы бірде: «Ыдыстардың жуылуы, қоранын тазалануы байлық келтіреді», – деген. Және Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтын игілігі мен сәлемі болсын: «Әр жеті күнде бір рет басын жуу, шомылу әр мұсылманнын үстіндегі Аллаһ Таъаланын хакы», – деп бұйырған. Қорытып айтатын болсақ, мұсылманнын іші, тысы, ауызы және тісі, үсті-басы, үйі, қорасы, жолдары, майдандары, әр жері, әр тарапы таза болуға тиісті. Өйткені ластық пен мұсылмандық бір жерге сыйыспайды. Мұсылмандық болған жерде ластық болмайды да, ластық болғап жерде мұсылмандық болуы мүмкін емес.

Аллаһ Таъала біздерді тап-таза мұсылман құлдарынан еткей! Әмин.

ЖИЫРМА СЕГІЗІНШІ ХҰТПА

АМАНАТТЫ ҚОРҒАУ ЖАЙЛЫ

Аллаһ Таъала «Ниса» сүресінің 58-аятында: «Негізінен Аллаһ Таъала сендерге аманаттарды өз лайықты орнына тапсыруларынды және адамдардың арасына билік қылсаңдар, әділдікпен билік етулерінді әмір етеді. Расында Аллаһ сендерге нендей жақсы уағыз береді. Шексіз Аллаһ Таъала толық естуші, тым қырағы», – делінген мазмұнда аманаттарды иесіне тапсыруды әрі адамдардың арасына төрелік еткенде тура билік айтуды баса көрсетіп әмір етеді. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Аманат жоғалтылса қияметті күтіңдер», – дегенде, «ол қалай жоғалтылады?» – делінді. Сонда: «Бір іс өз лайығына тапсырылмаса қияметті күт», – деп жауап берді.

Қадірлі жамағат! Аллаһ Таъала «әртүрлі аманатты иесіне беріңдер» – деп әмір етеді. «Аманат» деп, біреудің иедаршылығына қорғалып, сақталуы үшін қойылған нәрсені айтады. Аманат екі түрлі: біреуі малдай, заттай не ақшалай қойылған аманаттар. Мұны «мадди аманат» деуге болады. Мұндай аманаттарға селсоқ қарап зиян келтіру, қолдану – біреудің хақына қол созған, атап айтқанда хақын жеген болып табылады. Екінші мағнауи аманаттар: бұлар сыр сақтау, айтылған сәлемді жалғастыру, халық тарапынан бастық сайлану. Сыр сақтамау, сәлемді жалғастырмау және бастық сайланып алғаннан кейін істі жақсы алып жүрмеу, қаралық істеу – аманатқа қиянат болып табылады. Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтын игілігі мен сәлемі болсын: «Аманатқа киянат етілсе, қияметтің келуін күт», – деген мүбәрак сөзінде, «бір елде не мемлекетте аманаттар қорғалмаса, соның салдарынан ол елдің берекесі шайқалып, ережелері бұзылып, тозып жоғалуын күт» – деген терең ұғым жатады. Аяттағы екінші әмір әділеттілік, яғни адамдардың арасына әділдік істеу, туысқа, беделге қарамай шындықты жақтау әмір етіліп отыр. Сондықтан жалпы адам баласының хақын қорғау, хақты, хақсызды айырыш әділеттілік істеу, әр заман, әр жерде және қандай жағдайда туралықтан айрылмау – әр мұсылман үшін бір діни әмір, сондай-ақ қасиетті аманат болып есептеледі. Өйткені Аллаһ Таъаланың әмірі және Пайғамбарымыздын (с.ғ.с.) нұсқауы солай. Онымен қатар аманатты қорғау әділеттілік қоғамдық жағдайға да тығыз байланысты болып, үнемі ұштасып отырады. Сондықтан шама келгенше аманатты толық қорғау, мүлтіксіз атқаруға міндетті түрде көңіл бөліп, әсте қиянат етпеуді мұсылмандық, адамгершілік және қоғамдық борышымыз деп білуіміз шарт. Ал ондай деп білмегенде аманатқа қиянат еткен боламыз әрі діни тұрғыдан қылмысты, әрі елге сүйкімсіз боламыз.

Аллаһ Таъала біздерді аманатты қорғаған әділ құлдарынан еткей. Әмин.

ЖИЫРМА ТОҒЫЗЫНШЫ ХҰТПА

АРАҚТЫҢ ХАРАМДЫҒЫ ЖАЙЫНДА

Аллаh Таъала 5-сүренің 90-шы аятында: «Әй, мүминдер! Арак, құмар, тігілген тастар (пұттар) және бал ашатын оқтар – лас, шайтанның істерінен. Одан сақтаныңдар, құтыларсыңдар», – деген мазмұнда арақ ішу, құмар ойнау, шоқыну үшін тігілген тас – лас, шайтан ісі. Екі дүниеде де мұратқа жету үшін бұлардан сақтаныңдар деп ашық тыйым салынған.

«Рыжыс» – шайтанның ісі. «Рыжыс» деген сөздің мағынасы – лас, нәжіс, харам деген ұғымда. Ардақты Пайғамбарымыз, Оған Аллаhтың игілігі мен сәлемі болсын,: «Арақтан сақтаныңдар! Өйткені ол – сұмдықтардың анасы, яғни бүкіл сұмдық содан туады. Басқаша айтқанда арақ жексұрындықтың түп тамыры», – деген. Тағы бірде: «Кімде-кім Аллаh Таъалага, ахирет күніне сенсе, әсте арақ ішпесін және кімде-кім Аллаh Таъалаға, ахирет күніне сенсе, арақ ішілген дастарханда отырмасын», – деп қатаң тыйым салған. Міне, бұл аят, хадистерден арақтың лас, нәжіс, харам екендігін көреміз.

Ислам діні әртүрлі бұзық жолдар арқылы кісі хақын жеуді харам етумен қатар, денсаулыққа зиян келтіретін нәрселерді де харам етіп тыйым салған. Әрине, бұл тыйым салынған лас нәрселердің басында арақ келеді. Сондықтан мың төрт жүз жыл бұрын бұл денсаулыққа қас нәжістің алдын алған. Өйткені арақ ақылдан адастырып, мас қылады. Ал, ақыл болса хайуандықтан ажырататын адамдық қасиет. Мас адам ақылынан айырылғандықтан хайуаннан айырмасы болмайды. Арақ ақылды жояды, денсаулықты бұзады, мінезді өзгертеді, тілді бұзады, ауызға не келсе соны айтқызады. Малыңды шашады, адамдардың арасына өштік пен кектің өртін салады. Аллаh Таъаланы ұмыттырып, намаздан, зікірден, құлшылықтан қалдырады. Араққа берілгендер дене күшінен айрылып, үй-іштерін тоздырады. Тіпті нәсілдің түгеп, ұрықтың құруына себепкер болады. Негізінен алып қарағанда, араққа салынғандардың басым көпшілігі жаратылыстан осал мінезді, ызақор, шолақ ақылды, өз бастарының пайда-зиянын білмейтін нашар адамдар болып табылады. Нанбағандар тексеріп көрсін. Сондықтап мұндай ақымақтар бастапқыда әуесқойлықпен өздеріне ие бола алмай аздап іше жүріп, дағдыланып алғаннан кейін құтыла алмайды да, тірідей өледі. Бұлардың кейбіреулері бастапқыда «денеге қуат және батылдық береді» деп алданса, кейбіреулері «қайғы-қасіретті жояды» деп алданып, әбден маскүнем болып алғаннан кейін тапқанын соған беріп, ұрттап алып сенделіп, көрінген лас-нәжіске жығылып, аузын ит жалап жатады. Ең жаксы көрген адамын қиянаттап, боктап немесе жылап-еңіреп, жалы-

нып, аузына келгенін қокиді. Үйіне келсе сорлы жұбайын жазықсыз боқтап, сабап сорын қайнатады. Кейбірсулері төбелесіп, тіпті кісі өлтіріп, абақтының түбін бойдайды. Кейбірсулері ішіп-ішіп барып ит оліммен өледі. Ондайлардың жемтігінің жанына барудан ел жиренеді. Міне, бұлардын бұл дүниедегі жағдайлары осындай. Ал, діпді мойындамай, діни ережені елеп-ескермей Аллаһ Таъалаға, Пайғамбарға, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қарсы келгендіктері үшін, олар о дүниеде де қор болатын бақытсыз адамдар.

Қадірлі жамағат! Арактың діни тұрғыдан нағыз харам, зор қылмыс екендігін міне естідік. Онымен қатар ғылыми тұрғыдан денсаулығымызға қас, өмірімізге зиян екенін күнде көріп отырмыз. Сондықтан егер өзімізге жанымыз ашыса, арақ деген ақылды адастырып мас қылатын харам судан мүлде аулақ болайық. Өйткені дініміз мас қылатын нәрсені татудың өзіне тыйым салған. Сондай-ақ бізде адамгершілік сезім болса, адам сүйгіштік көзқарас болса, өзімізден басқалардың да арақ ішуіне жол қоймауымыз қажет. Той-томалақта ел не десе о десін арақ бермей-ақ басқалай әдеттегі тағамдарын беріп аттандыруға тырысуымыз керек. Өйткені елге харам ас бергендіктен, ішкендердің күнәсі той иесіне де қалады да, ахиретте жазасын тартады. Біліп отырып айтпасақ, жауапкершілік бізде қалады.

Аллаһ Таъала біздерді Өз әмірінс беріле бойұсынған сүйікті және өз пайдасын біліп, арақтан аулақ болған ақылды құлдарынан ете гөрсін. Әмин.

ОТЫЗЫНШЫ ХҰТПА

АРАҚ ІШУДІҢ ҚОҒАМДЫҚ ЗИЯНЫ ЖАЙЛЫ

Аллаһ Таъала 5-сүренің 91-ші аятында: «Негізінен шайтан арақта, құмарда араларына дұшпандық әрі кек салып, Аллаһ Таъаланы еске алудан және намаздан тыюды қалайды. Ал, сонда да тыйылмайсыңдар ма?», – делінген мазмұнда арақ ішу, құмар ойнауда шайтанның араға өштік, дұшпандық салатындығы және Аллаһ Таъаланы естен шығарып, намаздан тиятындығы ашық ескертіледі. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Арақтан аулақ болыңдар, өйткені ол бүкіл жамандықтың кілті», – деген, және бір хадисінде: «Әрбір мас қылатын нәрсе – арақ. Арақ – харам», – десе, тағы бір хадисінде: «Арақ пен иман әсте бір кісіде болмайды», – деп анық ескерткен.

Аллаһ Таъала адам баласын жаратып, жер жүзін олардың денсаулығына, өмір сүруіне ыңғайлы қоректерге толы нығмет дастарханы етіп жайып қойған. Бірақ адам баласының денсаулығына зиян келтіретін нәрселерді харам еткен. Жоғарыда айтылғанындай бұл айтылған харам нәрселердің ең басында арақ тұр. Мас қылып есті алатын нәрсенің бәрі харам. Өйткені арақ адамның ақылын алатын, денсаулығын жоятын, біртіндеп өлімге апаратын заһар. Арақ – адамның бас пәлесі, ең зор жауы.

Арақ – әртүрлі жамандықтың негізгі анасы, сұмдықтың ұйытқысы. Арақ – жамандықтың есігін ашатын кілт. Түрмелердегі, санаториялардағы және жындыханалардағы аянышты жағдайлардың басым көпшілігі арақтың салдарынан сол халге түскендер. Арақтың сіңір, жүйке және ақыл ауруларына жол ашатын толып жатқан зияндары болғандығы үшін хазірет Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тыйым салған. Аллаһ Таъала арақты «нәжіс» деген. Басында миы бар адамның арақтан аулақ болуы керек. Өйткені Аллаһ Таъаланын «нәжіс» деген нәрсесінен ақыл, асқазан және рух сескенеді.

Арақ жамандыктан басқа ешнәрсе келтірмейтін болғандықтан – «шайтанның ісі» делінген. Кімде-кім шайтанға құл болмаймын десе, арақтан міндетті түрде аулақ болуы шарт.

Араққа салынғандардын балаларының кейбіреуі туа өледі. Тірілердің көбі ақылдан кемшіл және әртүрлі ауруларға шалдығады.

Қадірлі жамағат! Өткен хұтпада бұл зиянды удың дербес жеке адамдар мен отбасыларына келтіретін зияндарына біраз тоқтап өткен едім. Енді қоғамдық кесірлеріне байланысты тоқталайық. Маскүнемдердің қолынан іс келмейді. Маскүнемдер елді басқара алмайды. Тіпті оны қойып үй-іштерін, өз басын да басқара алмайды. Көлік жүргізе алмайды.

Маскүнемдер сөз сөйлей алмайды. Еңбек жаза алмайды. Маскүнемдерге ел сенім арта алмайды. Маскүнемдер жау ала алмайды. Қысқасы маскүнемдердің қоғамда орны жоқ. Маскүнемдердің адамға септігі жоқ. Ол үшін Құран Кәрім арақты: «Нәжіс, шайтаннын ісі» – деген. Ал, Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мсн сәлемі болсын: «Аллаһ Таъала арақ ішкенге, ішкізгенге, сатқан, алғанға, жасағанға, жасатканға, алып жүргенге, әкелгенге лағнет!», – деп қарғаған. Сондықтан арақ ішкенді қою, қісіні Аллаһ Таъаланың қарғысына ұшыраудан құтқарады. Заманымыздағы әуескойлар елді араққа қызықтыру үшін оған түрлі ағтар тағып жүреді. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, он төрт ғасыр бұрын ескертіп: «Үмметімнен кейбіреулер араққа өз атынан басқа бір ат тағады», – деген.

Мұншалық зияны болған арақтан өзін қорғау әр адам үшін ең елеулі бір міндет екені даусыз. Жас жеткіншектерімізге бұның зияндарын алдын-ала түсіндіруіміз керек. Сонда ғана әрі дүниеміз әрі ахиретіміз қамтамасыз етілген болады.

Аллаһ Таьала біздерді дінді толық мойындап, діни ережелерді мүлтіксіз орындай отырып, өз басына, үй-ішіне, ел-жұртына, отанына пайдалы, арақ атты нәжістен аулақ болған сүйікті құлдарынан ете гөрсін! Әмин.

ОТЫЗ БІРІНШІ ХҰТПА

ҚҰМАР ОЙНАУДЫҢ ЗИЯНЫ ЖАЙЛЫ

Аллаһ Таъала 5-сүренің 91-92-аяттарында: «Әй, мүминдер! Арақ, құмар, тігілген тастар (пұттар) және бал ашатын оқтар – лас, шайтанның істерінен. Одан сақтаныңдар, құтыларсыңдар. Негізінен шайтан арақта, құмарда араларына дұшнандық әрі кек салып, Аллаһ Таъаланы еске алудан және намаздан тыюды қалайды. Ал, сонда да тыйылмайсыңдар ма?», – делінген түрде арақ, құмар, пұтқа табыну және бал ашу төртеуіне де «нәжіс – шайтанның істерінен» деп қатаң тыйым салған. Әсіресе, арақ пен құмар араға өшпендік салып, Аллаһ Таъаланы, ғибадатты ұмыттыратын орасан лас, тым жаман нәрселер.

Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Кімдекім құмар ойнаса, Аллаһ Таъалаға, пайғамбарына анық қарсы келген болады», – деген. Аллаһ Таъалаға, Пайғамбарына қарсы келген кісі екі дүниеде оңбайды. Және бір хадисінде: «Біреу жолдасына «Кел, құмар ойнайық» десе садақа берсін», – дейді. Яғни, құмар ойнайық деп айтудың өзі күнә болғандықтан садақа беріп, Аллаһ Таъаладан кешірім тілесін. Ұтыс ойынының Аллаһ Таъалаға, Пайғамбарына, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қарсылық болып табылатынын және «ойнайық» деудің өзі күнә екендігін ескертеді.

Қадірлі жамағат! Ислам діні бойынша тыйым салынған нәрселерді тексеріп қарасақ, бұлардың зиянды екенін көруге болады. Мысалы, арақ адамды мас қылып, ақылын жойса, құмар өзіне қызықтыра тартып, Аллаһ Таъаланы, ғибадатты ұмыттырып, үйді, қатын-баланы естен шығарады. Көзіне ешнәрсе көрінбейді. Сөзді ұқпайды, есі-дерті құмар болып, ұтса еңбексіз ақша тапқандығы үшін одан әрі ынсабы кетіп, ұта алмаса шыдай алмай ыза болып, қайта ұтар ма екенмін деген үмітпен қолындағы барын соған салып, тіпті борыштанып үй-мүлкін де салып, ұта алмай қалған жағдайда бала-шағалары аш-жалаңаш қалғандар болады. Қайтерің білмей араққа салынып, көрінгенмен төбелесіп абактыға түседі. Құмаршының көбі жанынан безіп, кісі өлтіріп, не кісіден өледі. Сондықтан ислам діні құмар ойнауға қатаң түрде тыйым салған. Ислам діні адал еңбек етіп өмір сүруге, өзара көмектесуге шақырады. Ал, құмаршылар еңбексіз ақша табуға, кісі тонауға тырысады. Бастапқыда аздап ойнап жүріп, әдеттеніп алғаннан кейін ойнамай тұра алмайды.

Қадірлі жамағат! Аллаһ Таъала біздің пайдамыз үшін тыйым салған арақ пен құмардан өте-мөте аулақ болайық. Бұл екеуін істесек әрі осы дүниедегі өмірде зиян тартамыз да әрі Аллаһ Таъалаға, Пайғамбарына , Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қарсы келгендіктен о дүниеде

де сазайын тартамыз. Егер дүниедегі біртұтас адам атаулы арақ ішіп, құмар ойнаса, Аллаһ Таъалаға бір зиян келмейді. Екі дүниеде де кесірін өзіміз тартамыз. Құмарпаздар алға баспайды, оларды ел сүймейді, олардың досы болмайды, олардың мінездері жаман, тілдері шайпау болады. Қорыта айтқанда, құмарпаздарда адамгершілік болмайды. Нәтижеде құмарпаздардың өздеріне де, қоғамға да пайдасы болмайды. Сондықтан бұл құмар пәлесінен өзіміз сақтанумен қатар, басқаларды да тиюға мәжбүрміз. Өйткені бұл біздің діни және адамгершілік міндетіміз.

Ислам діні ұтыс ойынының әртүрлісін харам еткен. Әркандай біреудің хақын ойын арқылы өзімізге аудару харам. Құмар ойнауда қолданылған аспаптың бейнесі мейлі қандай болса да, ойыннын қандай түрі ойналса да, барлығы құмарға жатады. Құмар – еңбексіз ақша табу не жоғалту болғандықтан, Құран Кәрім әртүрлі құмарды – «майсир», яғни «онайлық» деп атаған. Құмар деген сөздің мағынасы – бір ойын арқылы ұту, не ұттыру деген ұғымды береді.

Аллаһ Таъала біздерді Өз әміріне бойсұнып, құмар ойнаудан тағы басқа бүкіл арам-алыс шайтанның істерінен сақтанған таза құлдарынан ете гөрсін! Әмин.

ОТЫЗ ЕКІНШІ ХҰТПА

ЗИНАДАН САҚТАНУ ТУРАЛЫ

Қадірлі жамағат! Аллаһ Таъала 17-сүренің 31-аятында: «Зинаға жоламаңдар. Өйткені ол анық арсыздық және жаман жол», – деп бұйырған. (Яғни, «Зинаға жуымаңдар. Соған бейімделетін әртүрлі әрекеттерден аулақ болыңдар!») – делінген. Зинакорлыққа жол ашатын әрекеттерден сақтануды кесімді түрде әмір етеді. Мысалы, ауыз, қол және көз зиналарынан міндетті түрде сақтанып, соған жоламаңдар. Өйткені зина фахишалық, яғни арсыздық, абыройсыздық, ұятсыздық. Сондай-ақ нәсілді ауыстырып, ұрпақты бұзып, шатастырып жіберетін өте сұмдық, аса жаман жол деп қадағалай ескертіп отыр. Құран Кәрімнің он жерінде зинаның және фахишалықтың жиренішті кесірлері жайлы ашық әмірлер немесе елес түріндегі нұсқаулар кездеседі. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Зина жасаған кісі зина еткенде мүмин сипатында зина етпейді», – деген. Яғни, иманы бойында тұрмайды. Және бір хадисінде: «Аллаһ Таъала қиямет күнінде үш түрлі адамға тіл катпайды. Оларға назар аудармайды да, оларды тазартпайды. Оларға күйзелтуші азап бар. Бұлар: кәрі зинашы, өтірікші патша және тәкаппар кедей», – деген. Бір хадисте: «Амал, іс-әрекеттер ниетке байланысты», – дейді. Сондықтан ауыз зинасы – арам оймен сөйлесу, қол зинасы – арам оймен ұстау, сипау, көз зинасы – арам оймен қарау және ер-әйелдердің сол үшін жүрулері аяқ зинасы болып табылады. 24-сүренің 30-31-ші аяттарында: «Әй, Мұхаммед! Мүминдерге айт. (Бөгде әйелдерге қараудан) көздерін сақтасын. Әрі ұятты жерлерін (зинадан) қорғасын. Бұл олар үшін өте жақсы. Рас, Аллаһ Таъала олардың не істегендерінен хабар алушы. Мүмин әйелдерге айт. (Бөгде ерлерден) көздерін сактасын. Әрі ұятты жерлерін (зинадан) қорғасын. Зейнеттерін көрсетпесін. Бірақ олардың өздігінен көрінгендері басқа (Беті, қол, аяқтары) және бүркеншіктерін омырауларына түсірсін. Зейнеттерін көрсетпесін...», – деген мазмұнда арсыздыққа бейімдейтін әрекеттерден анағұрлым сақтануды, ар-намысты қорғауды тым қадағалап бұйырады.

Қадірлі жамағат! Ислам діні үйленуді адамгершілік бір міндет және діни бір шарт деп бағалап, үй болып, тұрмыс құруды дәріптейді. Оның үшін мұсылмандарды үйленуге шақырады. Үйленбей бойдақ жүрудің қоғамдық зияндарын ескертеді. Әсі-ресе, мұсылмандардың нәсілінің арам-алыстан таза сақталып, ұрпактарының кіршіксіз жалғасуына өтемөте мән береді. Сондыктан нәсілдін ауыспауы үшін ері өліп тұл қалған немесе ерінен босанған әйелдер егер жүкті болса, босанғаннан кейін немесе белгілі бір мерзім күтіп жүкті болмағандығы анықталғаннан кейін екінші тұрмыс құруына болады.

Зинаның ең жаман жері таза нәсілдің ауысуына себепкер болады. Зина – иманға қас. Сондай-ақ Аллаһ Таъаладан қорықпаған, адамнан ұялмаған, дінді мойындамаған, ахиретке сенбеген, ар-ұяттан безген, намыс-абыройдан мақрұм, ақылсыз хайуан тәрізді адамдар зина қуады. Зина Аллаһ Таъаланың қаһарына ұшырауға, азабына душар болуға, үй-іші берекесінің тозуына жол ашады. Зинаның салдарынан арадағы сенім кетеді. Көрші көршіге, ағайын ағайынға сенбейтін халге келеді. Осындай нәпсінің құлы болған ерлер мен өз еркін шайтанға, денесін адамға берген әйелдерге Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірнеше хадисін ескерткім келеді. Сахабалардан ибн Масғуд, Аллаһ одан разы болсын: «Пайғамбардан, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Аллаһ Таъаланың қасында ең зор күнә қайсы?», – деп сұрадым. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Жаратқан Аллаһ Таъалаға ортақ қосуың», – деді. Мен: «Шынында бұл зор күнә, одан кейін қайсы?», – дедім. Ол, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Көршінің әйелімен зина қылуың», – деп тоқтатты», – дейді. «Өйткені көршінің әйелі туған қарындасындай құрметті», – дейді. Және бір хадисте: «Аллаһ Таъала көршінің әйелімен зина қылған кісіге рахмет назарын салмайды. Оны күнәдан тазартпайды. Тозаққа кіргендермен бірге кіреді», – деп қатаң түрде ескертеді. Және бір хадисте: «Зинақорлар ғарасат майданына жүздері лапылдап жанған бойда жиналады, киямет күні ғарыштың көлеңкесінде Аллаһ Таъаланың қорғауында болатын жеті топтың бірі зинадан сақтанғандар», – дейді.

Қадірлі жамағат! Ендеше ер-әйел болып бұл зина деген жиренішті сұмдықтан мүлде аулақ болумен қатар, мейлі дербес жеке адам болып, мейлі біртұтас ел-жұрт болып бұл пәлекеттің алдын алуға, негізгі тамырына балта шабуға міндетті түрде кірісуге мәжбүрміз. Бұл жерде Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір хадисін ескерткім келеді: «Бір елдің ішінде зина етек алып, жарыққа шықса, ол бір залым патшаның зұлымдығына ұшырайды», – деген.

Аллаһ Таъала біздерді зина немесе соған бейімдейтін әртүрлі арсыздықтан толық сақтанып, ар-намысқа ие болған ұятты, абыройлы, өзі таза, нәсілі кіршіксіз, әмірлеріне бойсұнған нағыз сүйікті құлдарынан ете гөрсін! Әмин.

ОТЫЗ ҮШІНШІ ХҰТПА

КӨРШІ ХАҚЫСЫ ЖАЙЛЫ

Аллаһ Таъала «Ниса» сүресінің 36-аятында: «Аллаһ Таъалаға құлшылық қылындар, Оған ешнәрсені серік қоспаңдар және әке-шешеге, жақындарға, жетімдерге, міскіндерге, жақын көршіге, бөгде көршіге, жан жолдасқа, жолда қалғандарға және қол астарындағыларға жақсылық қылыңдар. Негізінен Аллаһ Таъала тәкаппар, мақтаншақты жақсы көрмейді», – делінген маз-мұнда тек қана Аллаһ Таъалаға жалбарынуды, Оған ешнәрсені теңемеуді әмір етеді. Сондай-ақ әке-шешеге жақсылық істеп бұлжытпай қызмет етуді, әсіресе туыс-жақындарға, жалпылай жетім-жесірлерге, жоқ-жітіктерге, жақын немесе бөгде көршілерге, жан жолдасқа (бұған; сапар жолдас, кәсіптес жолдас, ерлі-зайыпты өмірлік жолдас жатады) адал қызмет етуді, оларды ренжітпеуді, олардың малына, жанына, абырой, намыстарына көз тікпеуді, қоргап, қоршауды, елінен, жұртынан айрылып жолда қалған жолаушыларды сүйеп көмек етуді және қол астындағы қызметкерлерге жақсы қарап, олардың мұң-мұқтаждарын қамтамасыз етуді әмір етеді. Аллаһ Таъала өзін жоғары ұстап, басқаларды тең көрмеген тәкаппар мен мақтанышты жаратпайды. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Жәбрәйіл (ғ.с.) маған көрші жайлы үздіксіз өсиет етті. Тіпті көршіге көрші мирасқор болар ма екен деп ойладым», – деді. Және бір хадисте: «Аллаһ Таъала екі түрлі адамға коз қырын салмайды. Туысқаннан безгенге және қоршінің жаманына (арамзасына)», – дейді. Тағы бір хадистерде: «Көрші кесірінен аман болмаған кісі иманды емес», «Жанындағы көршісінің аш жатқанын біле тұра, өзі тоқ түнеген кісі мені мойындаған болмайды», – деп аш қадірін білмеген тоқтарға ескертеді. Бұлардан басқа да осындай көрші хақтарына байланысты көптеген хадистер бар.

Топты түрде бір арада өмір сүрген қоғамдық тіршіліктің бейбітшілігі өзара қарым-қатынастағы алаңсыздыққа тығыз байланысты. Сондықтан ислам діні қоғамдық өмірді қорғап, алаңсыздықты нығайту үшін өте тамаша ережелер қойған. Міне, солардың біреуі осы көршілік жағдай. Өйткені көршілес отырғандар немесе кәсіптес, үзеңгілес жолдастар бірін-бірі тең көріп, қор көрмесе, араларында қызғаныштық, көре алмастық болмаса, бір-бірінің көзіне шөп салмаса, өзара қарайласып, көмектесіп отырса, татушылық пайда болып, береке-бірліктері нығая түседі. Көршілер тату болса, ел тату болады. Көршілердің аралары суық болса, соның салдарынан елдің ұйытқысы бұзылады. Сондықтан ислам діні тыныш әрі бейбіт түрде өмір сүру үшін, көршілермен жақсы тұруды әмір етеді.

Қадірлі жамағат! Көршілердің ең алдымен намыс-абыройын қорғау, оларды ренжітіп көңілдерін қалдырмау, ұрысып, боқтап корламау, мұң-мұқтаждарын шама келгенше қамтамасыз етуге тырысу, бір нәрсе сұраса беру, шақырса бару, қуанышты не қайғылы жағдайларына ортақ болу, ауырса көңілін сұрау, қайтыс болса жаназасына бару, үй иесі жоқта бала-шаға, мал-мүлкіне көз-құлак болу сияқты көрші хақыларын атқару. Көршілерге қызмет етуде үйінің ең жақыны көз алдыға ұсталу керек. Сондай-ақ туыс көршінің туыстық, мұсылмандық және көршілік хақы бар. Мұсылман емес көршінің көршілік хақы бар. Әсіресе, пақыр көршілердің хақы артығырақ болады. Өйткені Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Әй, Әбу Зарр! Сорпа-суың мол болсын, көршіңді есіңе ал!» – деген. Және жоғарыдағы: «Жанындағы көршісінің аш жатқанын біле тұра өзі тоқ жатқан кісі маған нақ иман келтірген болмайды», – деген мүбәрак сөзінің маңызын бүкіл дүние біліп орындаса, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалап» дүниеге нағыз бейбітшілік орнар еді.

Аллаһ Таъала біздерді көршілеріне, жолдастарына, тіпті біртұтас адам баласына мейірімді, қайырымды құлдарынан ете гөрсін! Әмин.

ОТЫЗ ТӨРТІНШІ ХҰТПА

ЖЕТІМДЕРГЕ КӨМЕК ЕТУ ЖАЙЛЫ

Аллаһ Таъала «Бақара» сүресінің 220-шы аятында: «(Мұхаммед!) олар сенен жетімдердің жайынан сұрайды. Оларға: жетімдерді тәрбиелеу жақсы. Тіпті оларды қосып алсаңдар, сонда олар туыстарың (бөтендігі жоқ). Аллаһ Таъала бұзушыны түзеушіден айырып біледі. Аллаһ Таъала қаласа, әлбетте сендерді зорлар еді. Шын мәнінде Аллаһ өте үстем, хикмет иесі», – делініп, жетімдерді қорғауға байланысты ашық нұсқау береді. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Әкешешесінен бірдей жетім қалған бір мұсылман жетімді ішіп-жейтін дастарханына алғанға – жәннатқа кіру уәжіп болады», – деп сұқ саусағы мен ортан саусағын көрсеткен. Және бір хадисте: «Аллаһ Таъала жетім бағылған үйді тым жақсы көреді», – дейді. Тағы бірде: «Жүрегіңнің жұмсап, қажетіңнің қамдалуын қаласаң, жетімдерге қамқорлық ет, басынан сипап, тамағыннан бер. Жүрегің жұмсап, қажетің орындалады», – деген.

Қадірлі жамағат! Аллаһ Таъала жоғарыдағы аятта жетімдерді сырттай қорғап, жағдайларын жақсартуға тырысу абзал, тіпті оларды мал-мүліктерімен қосып алып тәрбиелеуге де болады. Оның оқасы жоқ. Олар туыс қой. (Бірақ ниет дұрыс болсын). Аллаһ Таъала дұрыс тәрбиелеушіні де, бұзықты да біледі. «Егер Аллаһ Таъала олардың араласуларын қаламаса, сендерге қиыншылық болар еді» – деп ескертеді. Және жетімдерге мейірімді, қайырымды болуға тығыз байланысты үкімдер «Ниса» сүресінде сгжей-тегжейлі баян етілген. Онымен қатар Құран Кәрімнің 23 жерінде бұл жайлы аяттар бар. Бұған қарағанда, жетімдердің жағдайларын жақсарту, оларға тәлім-тәрбие беріп, дінін таныту, мінез-құлқын түзету, өнеркәсіп үйрету, ең елеулі де, зор касиетті адамгершілік, әрі негізгі діни борышымыз екендігі даусыз.

Ал, енді қоғамдық тұрғыдан алып қарағанда, олар қамқорлыққа лайық болғандардың ең алдыңғы қатарында келеді. Өйткені олар қорғалып, бағылып-қағылуға, тәлім-тәрбиеге ерекше мұқ-таж ғой. Екінші жағынан олар бағылмай басы бос қоя берілсе, бара-бара қоғамға зиянды болып шығуы мүмкін. Сондықтан оларға қоғам жауапкер. Және олардың ішінен ел басқаратын қабілетті адамдар, зор ғалымдар шығуы мүмкін.

Қадірлі жамағат! Аллаһ Таъаланың ризалығына лайық болуды қаласаңыздар, жетім-жесірлерді қорғап, оларға қолдан келгенше ие болып, оларды ауыр тұрмыс соққысынан, қиыншылықтағы жағдайдан құтқаруға шара қолдануға тырысуымыз шарт.

Аллаһ Таъала біздерді шынайы ықыласымен жетім-жесірлерге қамқорлық етіп, оларды қорғап-қоршап, Өз ризалығына бөлеген, екі дүние мұратына жеткен сүйкімді құлдарынан ете гөрсін!

ОТЫЗ БЕСІНШІ ХҰТПА

ЖАМАН ОЙ, АЙЫПТАУ, ЖАМАНДАУ ТУРАЛЫ

Аллаһ Таъала 49-сүренің 12-ші аятында: «Әй, мүминдер! Күмәннің көбінен сақтаныңдар. Өйткені күмәннің кейбірі күнә. Сыр тексермеңдер, біреуді біреу ғайбаттамасын. Біреулерің өлген туысының етін жеуді жақсы көре ме? Әрине жек көресіңдер. Расында Аллаһ Таъала тәубені қабыл етуші, ерекше мейірімді», – делінген түрде Аллаһ Таъала біздерге ой жору, ойша бага беруден сақтаныңдар! Әсіресе, біреуге байланысты көз жеткізбей ойша баға бермеңдер. Өйткені мұндай күңгірт күмәндардың көбі өтірік болып күнәға батырады. Екінші: біреудің айыбын ашып, кемшілігін құрттай қуалап, мінін жарыққа шығаруға тырыспаңдар. Үшінші: біреуді ғайбаттамаңдар, – дейді. «Ғайбат» деп – біреудің көзіне айтпай сырттай жамандаганды айтады. Біреудің көзіне айтқанда жек көретін қылығын сырттан айтып ғайбаттау – яғни, өліктің етін жеуді қандай жек көріп жиренсеңдер, ғайбаттаудан да сондай жиреніп, жоламаңдар, – деген секілді аса жиренішті теңеу беріліп, қатаң тыйым салынған. Сонымен қатар Аллаһ Таъаладан қорқып, мұндай жаман мінездерден сақтанып, тәубе еткендердің Аллаһ Таъала тәубесін қабыл алып, мархамет ететіндігі ескертіледі. Және Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бұл жөнінде: «Мұсылманның айыбын кузастырып ашпаңдар. Өйткені біреу мұсылмандардың айыбын ашса, Аллаһ Таъала үй-ішінде болса да оның айыбын ашып жасытады», – дейді. Және бір хадисте: «Ғайбаттаушы мен естуші күнәга ортақ болады», «Біреу мұсылман туысының айыбын жапса, Аллаһ Таъала қиямет күнінде оның айыбын жабады. Ал, бір мұсылман туысының айыбын ашса, Аллаһ Таъала оның айыбын тіпті үй ішінде болса да ашады», – деген.

Қадірлі жамагат! Міне, бұл аят, хадистер бойынша, кісі көзі көрмей немесе анықтап тексермей, құлагына шалынғанды бет алды сөйлей бермеуі, әсіресе, біреуге байланысты өсек арқылы баға бермеуі керек. Өйткені бұл сиякты өсектердің барлығы, кейде көбі өтірік болып шығуы, соның салдарынан кісінің көңілі қалуы, тіпті ел арасына жік түсіп, береке-бірлікке дақ түсуі ықтимал. Сондықтан ой жота өсектерге еліктеп, күнәһар болудан мейлінше сақ болу шарт. Қорыта айтқанда, әркандай бір мәселеге баға берерде «Бәсе солай шығар, я, солай болса керек, солай болатынын біліп едім», – деген сияқты ойлардың күнә болатындығы және кісінің айыбын ашып, абыройын түсірудің, біреуді ғайбаттаудың – өліңің етін жеумен тең екендігін еске алып, мұндай жаман мінездерден барынша аулақ болуға тиістіміз. Өйткені бұл аят, ха-

дистер бойынша бекітілген көркем мінезге байланысты ислам дінінің ережелері болып табылады. Бір хадис шарифте: «Ғайбат – зинадан да зор күнә», – делінген. Сазабалар Пайғамбарымыздан, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Бір туысымызда болған мінді айтсақ та ғайбатка жата ма?», – деп сұрағанда, Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Егер ол мін онда бар болса, оңашада өзіне айтпай сырттан айтқандықтан ғайбатқа жатады. Ал, егер ол мін онда жок болса, оған жала жабылған болып, зор күнә болады. Сондай-ақ одан кешірім сұрамайынша Аллаһ Таъала кешпейді. Әрине, егер ол өзіне зұлымдық істеп қорласа, зияны тисе, онда оны шағып елге айтуға болады», – деген.

Аллаһ Таъала біздерді ғайбаттан, өсек-аяңнан, ойша баға беруден, біреудің айыбын ашудан мүлде сақтанған сүйікті құлдарынан ете гөрсін! Әмин.

ОТЫЗ АЛТЫНШЫ ХҰТПА

БІРЕУДІ МАЗАҚТАУ, ЖАМАН АТ ТАҒУ ЖАЙЛЫ

Аллаһ Таъала 49-сүренің 10-шы аятында: «Әй, мүминдер! Бір ел бір елді тәлкек қылмасын. Бәлкім олар өздеріпен жақсы шығар. Сондай-ақ әйелдер де әйелдерді келемеждемесін. Бәлкім, олар өздерінен жақсы шығар. Бір-бірінді міндсмеңдер. Жаман ат тағыспаңдар. Иман келтіргеннен кейін сүркей ат нендей жаман. Ал, кім тәубе етпесе, міне, солар залымдар», – деген мазмұнда Аллаһ Таъала ислам дінінің адамгершілікке жараспайтын дөрекі мінездерден, тұрпайы әрекеттерден мүлде тыйыш, үнемі жақсы мінездерді, сыпайы әрекеттерді дәріптейтін ерекше әдепті, керемет мәдени, аса бейбіт қоғамдық бір дін екендігін ашық ескертіп отыр. Басқаша айтқанда, Аллаһ Таъала осы аят арқылы біздерді қоғамдық тұрғыдан баска елдерді қорлап кемітуден, ауыл арасындағы әйелдерді баска әйелдерге ат тағып, айдар коюдан, келекелеп мазақтаудан тыя отырып, ол мазақталып, корланып отырған елдердің не әйелдердің мазақтаушы елдер мен мазақтаушы әйелдерден анағұрлым артық болып шығуы мүмкін екендігін елестете отырып, біздерге адамдардың көңілін калдыратын, ел арасына жік түсіріп, береке-бірлікке дақ салатын, оғаш мінездер мсн ынғайсыз әрекеттерден мейлінше сақтануды уағыздайды. Біріңе-бірің мін тағып айыптамаңдар, жамандамаңдар, әсіресе, басқа жұрттан келіп, мұсылман болғандарды қорлап жаман атпен шақырмаңдар, арғы тегін казбаңдар! Мұндай жаман мінездерді тастап, тәубеге келіп райдан қайтпаса, ол залымдыққа жатады деген ұғымда өте ашық әрі тұжырымды түрде адамгершілік және қоғамдық карым-қатынастарға байланысты тәлім-тәрбие беріп отыр.

Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Жаман ойдан сақтаңыңдар, өйткені жаман ой сөздін ең жалғаны», яғни, жаман ой – өтірік-өсектен шығады. Немесе жаман ой – өсек-өтірік пайда қылады. Және бір-біріннің айыбын ашуға тырыспаңдар, көре алмастық, қызғаншақтық етіспендер, алмайтын сауданың бағасын арттырмаңдар. Ашу шақырыспаңдар, сырт беріспеңдер, сауда бұзыспаңдар, барлығың бір туысқан Аллаһ Таъаланың құлы болыңдар. Мұсылман мұсылманның туысы делініп, берілген бұйрық бойынша: «Оған зұлымдық істемесе, оған көмектесуді тастамаса, оған өтірік айтпаса, оны кор көрмесе, міне, тақуалық осында» – деп үш рет өз көкірегін нұсқады. Біреуге мұсылман туысын корлаудың өзі-ақ аз сұмдық емес. «Барлық мұсылманға мұсылманның қаны, малы және намысы – харам», – дейді Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Әсіресе саудаға килігіп, сауданы бұзбауды ескертеді.

Қадірлі жамағат! Дүниедегі мұсылмандар осы аят пен хадисті басшылыкка алып өмір сүрсе, өзара қарым-қатынастарын осыған сәйкес алып жүрсе, екі дүниеде мұратқа жетер еді. Өйткені үй-ішінің берекесі де, елдін берекесі де өзара татушылыққа тығыз байланысты екендігі сөзсіз. Әрине, бір үйдің іші ала көз, біріне-бірі өкпелі болса, мұндай үйде рахат тұрмыс, бейбіт өмір бола ма? Әрине, жоқ. Міне, бір қауым, бір қоғам, сондай-ақ бір мемлекет те бейне сол үйдің іші сияқты араларында татулық, сүйіспеншілік, теңдік болса ғана береке-бірлік бола алады. Сонда ғана ынтымақтары күшті бола алады. Қорыта айтқанда, мейлі ер, мейлі әйел болсын адамдардын арасында немесе ел арасында біреді біреу тенгермей сынап-мінесе, келемеждеп қорласа, айыбын бетіне басып, кекеп-мұқап, өсектеп, ғайбаттап, жаманат тағып, жасытып, сағын сыпдырып кемітсе, ел арасында кызғаншактық, көре алмастық етек алса, ар-намысқа мән берілмей зина айып саналмаса, арсыздық, намыссыздық әдетке айналып, билер пара-кор, байлар сараң, молдалар нәпіскор, кедейлер қанағатсыз болса, соның салдарынан біреумен біреу өкпелесіп, сырт берісіп жүрсе, әрі Аллаһ Таъаланың әміріне, Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жолына қарсы келгендіктен күнәһар болып, адамдық қасиет, елдік берекебірлік қалмайды. Сондықтан қасиетті дініміз жоғарыда айтылған жаман мінездердін барлығына тыйым салып, біздердің өте кең мінезді майталман, аса биязы, жұмсақ сөзді, ақжарқын, жылы жүзды, кешірімді, кішіпейіл, іші-тысы бірдей таза, аузын баққан, Аллаһ Таъаланып сүйген құлы болуымызды әмір етеді.

Аллаһ Таъала біздерді Өзінің әміріне, Пайғамбарының, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жолына сәйкес өмір сүрген, ар-намысқа ие сүйікті құлдарынан ете гөрсін! Әмин.

ОТЫЗ ЖЕТІНШІ ХҰТПА

ТАРАЗЫДА ӨЛШЕУДЕ ДҰРЫС БОЛУ ЖАЙЛЫ

Аллаh Таъала 83-сүренің 1-6-шы аяттарында: «Өлшеу-тартуда кеміткендерге қандай өкініш! Олар қашан өлшеп алса толық өлшеп алады да, қашан да өлшеп немесе тартып беретін болса кемітеді. Олар қайта тірілетіндіктерін ойламай ма? Ол зор күн үшін, ол күні адамдар бүкіл әлемнің Раббының алдында тұрады», – делінген. Өлшеуде, тартуда артық алып, кем берген сорлылар, өлгеннен кейін қайта тіріліп, есебін беріп, сазайын тартатындарын ойлаулары қажеттігін ескертеді. Пайғамбарымыз, Оған Аллаhтың игілігі мен сәлемі болсын: «Бір елде аманатқа қиянат ету көріне бастаса, Аллаh Таъала олардың жүрегіне қорқу салады. Олар қорқақ болады. Бір елдің ішінде зина және арсыздық жайылса, ол елде өлім көбейеді. Бір өлшеуді, тартуды қемітсе, Аллаh Таъала ол елдің ризығын тартады. Күн көрістерін тарылтады. Бір елде әділетсіз билік болса, қан төгіледі. Бір ел уәдесіне опа етпесе, Аллаh Таъала оларға дұшпаиды ерікті етеді», – деген. Негізінен иманы бар, о дүниеде қайта тіріліп, есебін беретініне сенген нақ мұсылман қаралық істемейді де, кісі хақын жемейді. Сауда кәсібі тым пайдалы бір халал кәсіп. Бірақ бұған харам араласпау шарт. Өткен хұтпада да саудаға байланысты хадис берілді.

Қадірлі жамағат! Ал, енді былай болғанда, тартылатын таразы болсын, ыдыс олшеуі, көз (метр) өлшеуі болсын әртүрлі өлшеу, тартуда қаралық істеу ұрлыққа жатады. Өйткені ұры, біреудің нәрсесін иесіне білдірмей жасырып алады. Сондай-ақ өлшеу, тартуда қаралық істеген біреу де иесіне білдірмей алады. Сондықтан өзара алым, берім де бұған ерекше көңіл бөлу керек. Өйткені мұнда Аллаh Таъаланың, Пайғамбардың әміріне қарсы келу мен зор қылмыс істеген болып екі дүниеде сазайын тартамыз. Сондай-ақ хақ-халал еңбегімізге кісі хақысы араласқандықтан, табысымызда береке болмайды. Мұндай қылығымызды ел білсе, қадіріміз кетіп, абыройымыз шайқалады. Тіпті ешкім білмесе де о дүниеде есебін беріп, сазайын тартудан құтылу жоқ. Әрине, о дүниеге ешкім мал-мүлік, не ақша алып бармайды. Кісі хақысы сауабымен өтеледі. Сауабы жетпесе, хақы иесінін күнәсін алып, азабын тартады. Оның үшін өлшеу, тартуда қаралық істеп алдап, тартып, басқа да бұзық жолдар арқылы кісі хақысын жеуден өте аулақ болайық.

Жаратқан ұлы Аллаh Таъала біздерді иманы толық, сенімі күшті, әрекеттері дұрыс, халалдан кәсіп істеген, кісі хақысынан аулақ, абыройлы құлдарынан ете гөрсін! Әмин.

ОТЫЗ СЕГІЗІНШІ ХҰТПА

ӘРКІМ ЕҢБЕГІНЕ ҚАРАЙ ТАБЫСҚА ИЕ БОЛАДЫ

Аллаһ Таъала 53-сүренің 39-шы аятында: «Адамзат еңбегіне қарай ғана табысқа ие болады. Өз еңбегінің нәтиҗесін жедел көреді», – дей келіп, кісінің өз еңбегіне қарай табысқа ие бола алатындығы ескертіледі. Және 2-сүренің 201-ші аятында: «Раббымыз! Бізге дүниеде де жақсылық бер әрі ахиретте де жақсылық бер. Және тозақ отының азабынан сақта!», – делінген түрде, дүние-ахиреттің игілігін бірдей тілейтін дұғаны үйретеді. Сондай-ақ 28-сүренін 77-аятында: «Аллаһ Таъаланың саған берген дәулеті мен ахирет жұртын изде де, дүниедегі несібеңді де ұмытпа. Аллаһ Таъала саған жақсылық еткендей, сен де жақсылық істе, сондай-ақ жер жүзінде бүліншілік ізденбе! Аллаһ Таъала бұзақыларды сүймейді», – деп, екі дүниенің де пайдасына еңбек етіп, басқаларға да пайда тигізуді, соткарлық жасамауды әмір етеді. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Шын мәнінде ризықтың есігі ғарыштан жердің астына дейін ашық. Аллаһ Таъала әр құлын шабыты және тырысуы бойынша ризықтандырады», – дейді. Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Бұл кәсіптің есігі ғарыштан жердің астына дейін ашық. Бірақ еңбекке тығыз байланысты», – делінген мазмұндағы мүбәрак сөзінде өте терең ұғым жатады. Кәсіпті көктен де, жерден де іздеуге болады. Өйткені бұл әлем және әлемдегі барлық нәрселер адам баласының пайдасы үшін жаратылған. Сондықтан әуелі соларды қарастырып зерттеу үшін, техникалық әдісін тауып олардан пайдалана алатын білімді жете оқу керек екені байқалады.

Адам баласы дүниеде де, ахнретте де еңбегінің жемісін алады. Аллаһ Таъала еңбек еткенді екі дүниеде де құр тастамайды. Әрбір мұсылман дүние және ахиретін камдау үшін тынбай еңбек етуі шарт. Өзінің, балашағасының тұрмысын қомдау және дініне, еліне, мемлекетіне пайдалы болу ннетімен еңбек ету парыз. Осындай адал ниет, кіршіксіз мақсатпен жұмыс істеудің өзі өз алдына ғибадатқа жатады. Осы мақсатқа сәйкес адал еңбек етуге тырысу, Аллаһ Таъаланың жолында соғысқанмен тең. Сондықтан бұл бағытта каншалық әрекет етілсе, соншалық Аллаһ Таъаланың әрі Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әмірі орындалған болып, дәрежесі артады. Ол үшін ертең өлердей ахиретке, еш өлмейтіндей дүниеге тырысу керек.

Аллаһ Таъала біздерді ерінбей адал еңбек етіп, дүние-ахиретіне және ел-жұртына пайдалы құлдарынан ете гөрсін! Әмин.

ОТЫЗ ТОҒЫЗЫНШЫ ХҰТПА

САУДА КӘСІБІ ЖАЙЛЫ

Аллаһ Таъала 4-сүренің 29-шы аятында: «Әй, мүминдер! Бір-біріңнің малдарынды бұзықтықпен жемендер. Бірақ өз ризықтарыңмен саудаласу басқа...», – деп бұйырған. Екі жағың разы болған сауда жолымен болмаса, шариғат бұйырмаған бұзық жолдар арқылы бір-біріңнің малдарынды жемеңдер деп, сауда-саттыктың жолын ашық қояды да, әркандай бір нахақ әдіс арқылы біреудің малын, акшасын жеуді, пәрсесін алуды кесімді түрде харам етіп, мүлде тыйым салады. Мысалы, ұрлау, тартып алу, пара жеу, алдап алу, алғанын танып кету, құмар ойнап алу, аманатқа киянат істеу, тағы басқа шариғат бұйырмаған жолдар арқылы кісінің хақысын қолға түсіруді Құран бұзық жол деп атайды.

Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Саудаға жабысыңдар, өйткені саудада ризықтың оннан тоғызы бар», – дейді. Яғни, екі жақтың келісімі бойынша, сауда жолымен қәсіп істеуді Ислам діні мейлінше дәріптейді. Дүниеде сауда кәсібіндей табысты, берекетті, абыройлы кәсіп жоқ десе артық айтқан болмайды. Өйткені Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жас кезінде сауда бабымен шет елдерге дейін барған.

Дүниеге көз жібсріп қарасақ, әр елді дамытып, ілгерілеткен кәсіптердін ең басында осы сауда кәсібі екенін көруге болады. Ашып айтқанда сауда болмаса, тіршілік болмайды. Мысалы мал шаруашылығымен шұғылданған кісілер малдың жүнін, терісін, малын сатып, егін шаруашылығымен айналысқандар соның өнімін сатып, өнеркәсіп иелері де өндірген өнімдерін сатып мұқтаждарын қамдайды. Қорыта айтқанда, негізгі кәсіп – сауда, басқа кәсіптер соның материалдары болып табылады. Қадірлі жамағат! Бұл сауда кәсібіне үш тұрғыдан қарауға болады. Ауыл саудасы, мемлекеттік сауда және ел аралық сауда. Қай бір елдің халықаралық саудасы қөнілдегідей өркендеп, жақсы дамыған болса, соған орай ел байып, мемлекет ілгерілейді. Ал, мемлекет көлеміндегі сауда да күрделі кәсіп. Мысалы, бір жерде болмаған заттарды басқа жерлерден әкелу немесе өнеркәсіп орындарында өндіру. Сондай-ақ ауыл саудасы да өз алдына бір кәсіп. Бұл кәсіп дербес жекелердің, сондай-ақ бір мемлекеттің өмірлік жан тамыры болғандықтан, діниміз мейлінше қызықтыра дәріптеп, нұсқау беріп отыр. Сонымен қатар көзімізді ашып, жан-жағымызға карасақ та сауданың өте пайдалы кәсіп екенін айқын көреміз. Мал жылына бір рет төлдейді. Егін де жылына бір өнім береді. Сауда мен өперкәсіп күнде өнім береді. Ол үшін Пайғамбарымыз, Оған

Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Ризықтың оннан тоғызы саудада», – деген.

Қадірлі жамағат! Бұл дүниеде әр нәрсенің өзіне тән кейбір тұрақты ережелері немесе белгілі тәсілдері бар. Сондықтан сол тәртіптерін біліп, соған сәйкес әрекет еткен кісі табысты болып, дамиды да, ешнәрсені білмей сауда кәсібіне кіріскенмен табысты бола алмайды. Оның үшін: әуелі жаратқан Аллаһ Таъаланы ұдайы естен шығармау, қорқақ болмай батыл болу, дұрыс, сенімді болу, ешкімді алдамау, зорламау, ынсапты, қанағатшыл болу, қаралық істемеу, өтірік айтпау, таң ертең ерте тұрып намазын оқып, «бисмиллаһ» деп бастау, шама келгенше жақсы тырысып істеу, заманның талабына сәйкес заттарды тауып сату. Міне осы әрекеткс, сондай-ақ осы жағдайға сәйкес істеген бір саудагер әрі табысты болады да, әрі бір ғибадат істеген болып табылады. Егер саудаға өтірік араласып, қаралық кіріссе оның ешбір берекесі болмайды. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Батыл саудагер табысты болады да, қорқақ саудагер құр қалады» және «Дұрыс, сенімді саудагер киямет күнінде пайғамбарлар, шыншылдар және шәһидтермен бірге болады», – деген. Тағы басқа бір хадисінде: «Елдің керегін тауып, базарға әкелгендер Аллаһ жолында соғысқанмен тең. Бірақ «ихтиқаршылар», яғни, халыққа өте керек болған заттарды қымбаттағанда сату үшін сақтаушылар пайғамбардан ұзақ болады», – деген.

Қадірлі жамағат! Саудагерлер Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жоғарыдағы соңғы мүбәрак сөзін басшылыққа алып, ынсапты болулары қажет. Сондай-ақ алушының көңілі қалардай қатаң мінезді, ауыр сөзді болмай, жылы жүзді, тәтті сөзді, дұрыс, ибалы болуға тиісті. Аласыларын жұмсақтықпен алып, бересілерін ризалықпен беруге тиісті.

Аллаһ Таъала біздерді тура, дұрыс, елге-жұртқа пайдалы, ынсапты, қанағатшыл құлдарынан ете гөрсін! Әмин.

ҚЫРҚЫНШЫ ХҰТПА

ӨНЕРКӘСІП ЖАЙЛЫ

Аллаһ Таъала 21-сүренің 80-ші аятында Дәуіт (ғ.с.)-ға: «Сендерді соғыстан қорғану үшін сауыт жасауды үйреткен едік. Сонда да сендер шүкір етпейсіңдер ме?», – деп, Аллаһ Таъала Дәуіт (ғ.с.)-ның сауыт жасау өнерін білетіндігін дәріптей ескертеді. Және Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Біреудің өз қолымен еңбек етіп жемеген тамағы ешбір қайырлы болмайды. Өйткені Дәуіт пайгамбар өз қолымен еңбек етіп жеуші еді», – деген. Және бірде: «Аллаһ Таъала өнерпаз, шеберді жақсы көреді», – дейді.

Қадірлі жамағат! Жаратқан Аллаһ Таъала біздерді жаратқаннан кейін бұл дүниеге жіберген пайғамбарлары аркылы біздерге дін танытып, ахирет жолын көрсетумен қатар, бұл дүниеде өмір сүріп, тіршілігімізді қорғауымыз үшін де нұсқаулар көрсеткен. Мысалы, пайғамбарлардан Ыдырыс (ғ.с.) – киім жасаған, Нұх (ғ.с.) – кеме жасаған, Сүлеймен (ғ.с.) – тақпен ұшып, сапар жасаған, диюларға құрылыс жасатқан.

Қадірлі жамағат! Тіршілігімізді қамдап, жан сақтап, өмір сүруіміз үшін керекті нәрселердің бірі, тіпті ең бастысы онер екендігі даусыз. Жекелердің немесе қоғамнын өмір сүріп дамуы өнерге тығыз байланысты. Өнер болмаса дербес адамдардың да, әлеуметтің де тіршілігін қорғап өмір сүруі оңай бола қоймайды. Оны айтудың керегі жоқ. Өйткені бұған ешкім қарсы шыкпайды.

Сондықтан Аллаһ Таъала Құранның неше жерінде, әсіресе «Темір» («Хадид») сүресінде өнерге байланысты нұсқаулар берген. Әрі Пайғамбарымыз да, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бізді әрі өнер иесі болуға әрі колындағы өперді үнемі дамытуға шақырады. Сондықтан біздерде әр елден артығырақ өнер иесі болуға тырысуға тиіспіз. Өйткені өнер иесі болған ел ешкімге мұқтаж болмайды. Мемлекеттен шығатын шикізаттарды елге арзан беріп, оны басқа ел жасағаннан кейін неше есе артық бағаға сатып алған ел өмірінде дамымайды. Өнер арқылы заманнын талабына сәйкес нәрсе шығарып, бәсекелесу керек. Хазірет Әли (р.ғ.): «Балаларыңды өз замандарыннан басқа заман үшін әзірлендер. Өйткені олар сендердің замандарыннан басқа заман үшін жаратылған», – дейді.

Дініміз жаңалық сүйгіш, өте толық бір дін. Сондықтан біртұтас ел болып, өнеркәсіпке белсене кірісіп дамуға тырысу, әсіресе жастарды өнер иесі етіп тәрбиелеу шарт. Әртүрлі заманалық аспап жасап, өркенді ел қатарында өмір сүруге ұмтылу керек. Өйткені заманымыз жаңалық, дамушылық және мәдениет заманы. Былай айтканда, заманның

өзі барған сайын құбылып, жаңарып барады. Сол себепті біздің де жаңаруымыз шарт. «Заман саған бағынбаса, сен заманға бағын» – демей ме? Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Жасаған нәрсеңді ел ұнатсын десең, өнеріңді сүйгіз», – дейді. Ел ұнату үшін саналы әрі мінсіз болуы қажет.

Дініміз біздерге үнемі кемелденуді, ұдайы ілгерілеп, толықсып, жетілуді уағыздайды. Негізінен мейлі діни құлшылық, ғибадат болсын, мейлі дүниелік өнеркәсіп болсын селсоқ қарап, жалқаулық істемей, шын көңіл, пейілмен, нақ ынтамен еңбек сіңіріп істеген кісі табысты болады. Әрине, мұндай кісіні Аллаһ Таъала да жақсы көреді, ел де ұнатады. Бұл жерде Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Аллаһ Таъала ісін жақсы жасап, көңілсіз, немқұрайды жасамағанды ұнатады», – деген мүбәрак сөзімен аяқтаймын.

Аллаһ Таъала біздерді дұрыс, еңбекшіл, өнерлі, шебер, дін-дүниесіне ұқыпты, Өзі сүйген құлы етіп, екі дүниеде де қор қылмасын!Әмин.

ҚЫРЫҚ БІРІНШІ ХҰТПА

ЕГІНШІЛІККЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Аллаһ Таъала 6-сүренің 41-ші аятында: «Ол сондай Аллаһ, аспалы және аспасыз бақшаларды, құрма ағаштарын, түрлі жемісті өсімдіктерді, зәйтүн және анарды бір-біріне ұқсаған, ұқсамаған түрде жаратқан. Әрбір жеміс берген кезде, жемісінен жеңдер. Оны жиып алған күнде ғұшырын беріңдер. Ысырап етпеңдер. Күдіксіз Аллаһ Таъала ысырап етушілерді жақсы көрмейді», – делінген.

Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын,: «Бір мұсылман ағаш ексе не егін салса, содан адам, хайуан жесе, оған сол садақа болады», – деген. Басқа бір хадисте: «Ризықты топырактап іздеңдер», – дейді. Адам баласының өмір сүруі негізінен үш нәрсеге тығыз байланысты. Сауда, өнер және егін.

Бұл диқаншылық деген кәсіп топырақ арқылы болатын бір кәсіп болғандықтан «жер емшегін ему» делінеді. Аллаһ Таъаланың топыраққа берген қасиетінің арқасында бір бидай дені немесе әрқандай бір ұрық жүздеген болып көбейіп, берекеттенеді. Сондай-ақ бұл диқаншылық кәсібінің қасиетіне байланысты көптеген аят, хадистер бар. Адам баласы диқаншылық жұмысын атқарумен өлі топырақты тірілтіп, өзін де басқаларды да пайдаландырады. Тіпті жан-жануарлар да пайдаланады. Сондықтан диқаншылық кәсібімен шұғылданушы дүниедегі өмірін қамтамасыз етумен қатар, сауап тауып, о дүниесін де қамдаған болып табылады. Адам баласы бағы заманнан-ақ жер емшегін сміп өмір сүрген. Бірақ ертедегі адамдар жабайы түрде аса қиналып, еңбек етіп, жақсы табысты болмаған көрінеді. Ал, енді міне дамыған дәуірде көптеген оңай әдістер, түрлі аспаптар, толып жатқан жаңалықтар шықты. Сондай-ақ барған сайын оңайласып, дами түсуде. Сондықтан дамыған заманның жетілген техникалық өндірістермен, толықтасқан жаңа аспаптарын пайдалану үшін балаларын оқыту керек. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Диқаншылықта табатын еңбектеріңді жоймай, артық табысқа ие болу үшін дұрыс жолдармен жақсы тырысыңдар», – деген.

Міне, бұған қарағанда, диқаншылықты оңайластырып, берекетін арттыратын жаңа әдістер мен аспаптарды қолдана отырып, еңбек етуге мейлінше тырысуымызды бізге Ислам діні әмір етеді. Өйткені Ислам діні біздерді ұдайы дамуға, толықсып жетілуге шақырады. Сондай-ақ әр бағытта білім іздеуге, талаптануға шақырады. Ендеше, біздің барлық ынтамен тырыса шұғылданып, жаңа әдістермен жағалаған саймандар-

дан пайдалана отырып, диқаншылық кәсібін күрделі түрде өркендетуге тырысуымыз шарт.

Сіздерге бұл жерде мейлі ғибадат болсын, мейлі дүниедегі әрқандай бір жұмыс болсын, не екенін, қалай істелгендігін анық біліп, шынайы ыитамен толық орындамаған кісінің еңбегінін төлеуін алғанды былай қойып, зиянға ұпырайтындығын ескерткім келеді. Өйткені бір нәрсені білмей денеңе етпей, құр кеудемен істеген істен зиянынан басқа бір нәтиже шыға қоймайды. Сондықтан Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, нәтиже шықпайтын, дін-дүниеге пайдасыз бос нәрсемен айналысудан мүлде тыйған. «Пайдасыз іске ұрынбаса, ең бақытты кісі сол», – деп бұйырған. Қорытып айтқанда, «орынсыз ыржаң, болымсыз қылжанмен» босқа өмір өткізбей, дін-дүниемізді бірдей қамдап, өзімізге де, елімізге де пайдалы болуға міндетті түрде тырысып, сондай-ақ ісімізді біліп істеп, табысқа ие болуымыз шарт.

Аллаһ Таъала біздерді әр ісін біліп толық істеп, екі дүниеде де табысқа ие болған бақытты құлдарынан ете гөрсін! Әмин.

ҚЫРЫҚ ЕКІНШІ ХҰТПА

ЕҢ ЗОР КҮНӘЛАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ

Құран Кәрім 4-сүренің 31-ші аятында: «Егер сендер тыйым салынған нәрселердің үлкенінен сақтансаңдар, сендерді жамандықтарыңды жасырып, өздерінді құрметті орынға кіргіземіз», – делінген түрде Аллаһ Таъала үлкен күнәлардан сақтансақ, кіші күнәларымызды кешіретіндігін ескертеді. Және Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Азапқа душар қылатын жеті нәрседен сақтаныңдар!», – дегенде, сахабалар: «Я, Расулаллаһ, олар не нәрселер?», – дейді. Сонда Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Аллаһ Таъалаға ортақ қосу, сиқыр жасау, жазықсыз кісі өлтіру, өсіи жеу, жетімнің хақын жеу, соғыс майданынан қашу, абыройлы мүмин әйелге жала жапсыру», – деп жауап береді. Басқа бір хадисінде: «Ең зор күнә – Аллаһ Таъалаға ортақ қосу, кісі өлтіру, әке-шешепі ренжіту және жалған айғақ болу», – деген.

Игіліктің де, сұмпайылықтың да дәрежесі бар. Пайдасы зор болған игіліктің сауабы да зор болады. Зияны үлкен болған күнәлар кісіні дүниеде де, ахиретте де зиянға ұшыратып, азапқа душар етеді. Үлкен күнәларға мыналар жатады: Аллаһ Таъалаға ортақ қосу, Аллаһ Таъалаға басқа затты теңеу, Аллаһ Таъаладан басқаға (Аллаһ Таъалаға сенім артқандай) сенім арту, сиқыр жасау және жасату, кісі өлтіру, өсім жеу, жетімнің хақын жеу, соғыс майданынан қашу, намысты, абыройлы әйелге жала жабу, жалған айғақ болу немесе жалғанға айғақ болу, әке-шешеге қарсы келу, зина қылу, ұрлық істеу, арақ ішу, ғайбат айту, пара жеу, өтірік айту, екі кісіні шағыстыру, құмар ойнау, кісі хақын жеу. Кісі хақынан басқасын істегеніне өкіне тәубе етіп, екінші істемесе, Аллаһ Таъала кешеді. Тәубенің қабыл болуының екі шарты бар. Бірі – бұл қылмысты істегеніне шынайы өкіну, екіншісі – соны қайтып істемеу.

Аллаһ Таъала тыйым салып, харам еткен күнәлардан міндетті түрде сақтануға тиісміз. Өйткені бұлардың жазасы – тозақ. Одан құтылу жоқ. Сондықтан ең баста Аллаһ Таъалаға ортақ қосудан, яғни, Аллаһ Таъалаға басқа нәрсені теңеуден өте-мөте сақтану шарт. Өйткені бұл кешірілмейтін зор қылмыс. (Бұл мәселе «Таухид» – Аллаһ Таъаланы бірлеу» делінген айдармен екінші хұтпада жазылған). Сиқыршылық (жадылық) жасаудан да, жасатудан да аулақ болу керек. Әсіресе, кісі өлтіруден міндетті түрде сақтану керек. Өйткені бұл ең зор қылмыс Құранның неше жерінде қатаң ескертілген. Өсім жеу, жетімнің хақын жеу, соғыс майданынан қашу, біреуге жала жабу, жалғанға айғақ болу, әке-шешеге қарсы келу, зина қылу, ұрлық жасау, арақ ішу, біреуді ғайбаттап

сыртынан жамандау, пара жеу, жегізу, өтірік айту, екі кісіні шағыстыру, қызғаншақтық, мақтаншақтық, құмар ойнау және кісі хақын жеуден өте сақтанып, әрқандай жағдайда мұндай зор қылмыстарға жоламау шарт. Мүбада жоғарыда айтылған зор күнәлардың бірін істеген болсақ, дереу өкіне тәубе етіп, енді қайтіп істемеуге бекінуіміз керек. Өйткені Аллаһ Таъала «Ниса» сүресінің 17-аятында: «Шын мәнінде Аллаһ Таъалаға (ұнайтын) тәубе – жамандықты білмей істеп, артынан дереу тәубе етсе, сонда олардың тәубесін Аллаһ Таъала қабылдайды. Аллаһ Таъала әр нәрсені білуші хикмет иесі», – делінген түрде, егер біреу білместікпен бір күнә істеп қойып, оның күнә екенін білгеннен кейін райдан қайтып, тәубе қылса, Аллаһ Таъала оның тәубесін қабылдайтынын ескертеді. «Зүмәр» сүресінің 53-аятында: «(Мұхаммед, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), «Әй, өздеріне зиян еткен құлдарым! Аллаһ Таъаланың рахметінен күдер үзбеңдер. Аллаһ Таъала біртұтас күнәларыңды жарылқайды. Өйткені Ол тым жарыл-қаушы, төтенше мейірімді» – де», – деп бұйырады. Яғни, Пайғамбар, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, құлдарыма түсіндір. Күнәһар құлдарым мархаметімнен күдер үзбей тәубе етсін. Тәубесін кабылдап, жарылқаймын, – деп жариялап отыр. Және Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Күнәдан тәубе етуші, күнәсі жоқпен тең», – деген. Әрине, тәубенің де өзіне тән шарты бар; істегеніне өкіну, екінші істемеуге бекіну. Құранда мұны «Тәубе насұх» деп атайды. Сондай-ақ райдап қайтып тәубе етушілер Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, шапағатына да лайық болады.

Аллаһ Таъала біздерді тезінен райдан қайтып, өкіне тәубе етіп, жарылқанған және Пайғамбарымыздын, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, шапағатына лайық болған құлдарынан ете гөрсін! Әмин.

ҚЫРЫҚ ҮШІНШІ ХҰТПА
АНТ ІШУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Аллаһ Таъала 5-сүрснің 89-шы аятында: «Аллаһ Таъала анттарыңдағы бос сөзді есепке алмайды. Алайда, біле тұра істеген анттарыңнан жауапкер етер, (ант бұзсаңдар), оның төлеуі – үй іштеріңе жегізетін тамақтан орта есептен он міскін тамақтандыру, не оларды киіндіру немесе бір құл азат ету. Бұны таппаған адам үш күн ораза ұстау. Бұзған анттарыңның жазасы осы. Анттарыңды қорғандар. Аллаһ Таъала сендерге аяттарын осылайша түсіндіреді, шүкірлік етерсіндер», – деген мағынада Аллаһ Таъала ант ішуге байланысты нұсқауларын ескертеді. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Кімде-кім ант ішіп бір мұсылманның хақын жойса, Аллаһ Таъада оған тозақты уәжіп етеді де, жәннатты харам етеді», – дегенде, сахабалар: «Я, РасулАллаһ! егер ол аз нәрсе болса да ма?», – десті. Сонда Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Мисуак ағашының бір бұтағындай болса да», – деп жауап берді.

Қадірлі жамағат! Ант, ямин, қасам деп бір тура істің туралығын немесе тура болмаған істің тура еместігін анықтау үшін немесе бір істі істеуге, яқи істемеуге бекінгендігі үшін Аллаһ Таъаланың атымен ант етіледі. Ант үш түрлі болады:

1. Ант – «Лағу», яғни пайдасыз бос ант. Мысалы, байқамай ауыздан шығу, не бір жағдайды солай шығар деп ант ішу, ол олай болмау. Мысалы, біреуді үйінде деп ант ішу, бірақ ол адам үйінде болмау. Мұндай ант есепке алынбайды.

2. Ант – «Ғамұс», яғни біле тұра өтірік іске (қара іске) ант ішу. Бұл өте зор күнә. Аллаһ Таъалаға жалбарынып тәубе ету керек.

3. Ант – «Мунқаҳид», яғни келешекте бір істі істеуге не істемеуге Аллаһ Таъаланың атымен ант ішу. Мұндай анттарды бұзған кісі кәффарат төлейді. Яғни, бір құл азат етеді. Не он міскінге тамақ, яки киім береді. Бұларға шамасы келмесе үш күн ораза ұстайды. Егер біреу күнәһар болатын іске ант ішсе, мысалы, әке-шешемен сөйлеспеймін деп ант ішсе, дереу антын бұзып, олармен сөйлесіп кәффаратын өтейді. Аллаһ Таъаладан басқа, пайғамбарға, Құранға, Қағбаға деп ішкен ант, ант болмайды. Сондай-ақ біреу Аллаһ Таъала жоқ, дін жалған деп ант ішсе, оның ешбір үкімі жоқ бос сөз болады. Өйткені бар нәрсені жоқ, шын нәрсені өтірік деп ант студің үкімі жоқ.

Қадірлі жамағат! Негізінен ант ішу шариғат бойынша дұрыс. Бірақ онымен қатар Құран Кәрімде: «Аллаһ Таъала көп ант ішушіні ұнатпайды. Аллаһтың атын анттарыңа бөгет қылмаңдар», – делінген. Сондықтан болар-болмас әр нәрсеге ант бере беруден сақтану керек. Мұбада ант етілген болса, бұзбай сақтау шарт. Егер бұзылса дереу кәффаратын өтеу қажет. Егер бір игі істі істемеуге ант етілген жағдайда, әрине, оны әдейіге бұзып кәффаратын өтеу шарт. Аллаһ Таъала бізді еткен анттарына опалы құлдарынан ете гөрсін! Әмин.

ҚЫРЫҚ ТӨРТІНШІ ХҰТПА

ТҮРЛІ КӘСІПТЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Аллаһ Таъала 62-сүренің 9-шы аятында: «Намаз өтілген кезде жер жүзіне таралыңдар да, Аллаһ Таъаланың мархаметінен несібе іздеңдер. Аллаһ Таъаланы көбірек зікір етіңдер. Әрине, құтыларсыңдар», – делінген мазмұнда намаздан кейін дереу тарқап Аллаһ Таъаланың беретін ризығын іздей жүріп, Аллаһ Таъаланы естең шығармандар. Әрине мұратқа жетесіңдер, – деп кәсіп іздеуді ескертеді. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Шын мәнінде Аллаһ Таъала кәсіп иесі мүмин пендені жақ-сы көреді», – деген. Тағы бір сөзінде: «Кімде-кімнің жібін алып барып отын сатуы, адамдардан сұрағаннан қайырлы», – деген. Ислам дінінде еңбек етіп, халалдан ризық табу парыз. Ол үшін нағыз мұсылман әрі діни міндеттерін орындап, әрі кәсіп істеп, өзін және үй-ішін қамтамасыз етуге тырысады. Негізінен әркандай бір кәсіптің басын ұстап, жұмыс істеу адамның абыройын арттырады. Өйткені пайғамбарлар да кәсіп істеп өмір сүрген болатын.

Хазірет Омар, Аллаһ одан разы болсын: «Ризық табу жайында селсоктық етпе, жал-қауланып отырып алып Аллаһ Таъаладан ризық тілеме. Көктен алтын-күміс жаумайды. Кейбір дені сау, мықты адамдардың бос жүргенін көріп: «Бұлар неменемен шұғылданады?», – деп сұраймын. «Ешбір жұмысы жоқ», – десе, көзден түседі, оны есепке алмаймын», – деген екен.

Сондықтан құлшына тырысып, ыңғайы келген бір өнеркәсіпте жұмыс істеудің зор абырой екендігіне байланысты көптеген діни нұсқаулар бар. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтын игілігі мен сәлемі болсын: «Үй-ішінің мұн-мұқтажын қамтама-сыз ету үшін жұмыс істеген бір мұсылман, жаудың қарсысында кезек күткен жауынгермен тең сауап табады», – деген.

Дініміз бір жағынан еңбек етіп, күн көруге байланысты нұсқаулар бере отырып, екінші жағынан жок-жітікке қарасуды әмір етеді. Әрине, шынайы мұқтаж болған пақырларға көмек ету керек. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Көшеде қол жайып немесе үйлерді аралап есік қағып сұрап жүрген пақыр емес. Негізгі пақыр – қолында ешнәрсесі жоқ бола тұра арын сақтап отырған адамдар. Ел оны пақыр емес деп ойлайды. Міне, осындай адамдарды пақыр деуге болады. Міне, сондайларға көмек ету қажет», – деген.

Дұрыс жолдармен табыс табу үшін белсене кірісіп істеу керек. Әсіресе, жастарды өнеркәсіп әрі дін жолында тәрбиелеп, өзіне, елге пайдалы етіп оқыту қажет. Өйткені еліміздің дамуы, бейбіт өмір сүруі адамдарымыздың оқымысты әрі өнерлі болуына тығыз байланысты екендігі түсінікті.

Аллаһ Таъала біздерді діндар әрі өнеркәсіп иесі, абыройлы құлдарынан етс гөрсін! Әмин

ҚЫРЫҚ БЕСІНШІ ХҰТПА

ІШТЕГІ БАЛАНЫ ТҮСІРУДІҢ ЗИЯНЫ

Аллаһ Таъала 21-сүренің 68-ші аятында: «Олар Аллаһ Таъаламен бірге басқа тәңірге жалбарынбайды. Аллаһ өлтірілуін харам еткен кісіні орынсыз өлтірмейді де зина қылмайды. Кімде-кім бұларды істесе күнәға жолығады», – деп Аллаһ Таъаладан басқаға сыйынуға, жазықсыз кісі өлтіруге және зина қылуға тыйым салынғандығын, мүбада кімде-кім бұларды істесе күнәға жолығатындығын ескертеді. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Аллаһ Таъаланың құзырында ең зор күнә Аллаһ Таъалаға теңдес таңу, өйткені сені Ол жаратты. Сосын тамаққа ортақ болуынан қорқып баланды өлтіруің, көршіңнің әйелімен зина қылуың», – дейді. Негізінен кісі өлтіру зор күнә екендігін бәріміз білеміз. Әрине, бұл қылмыстың ең барып тұрған жаманы. Бұл қылмыстың тағы жаманы өз баласын өлтіру. Ананың құрсағындағы бір шиқі өкпенің немесе жаңа туған нәрестені өлтіру, не өлсін деп далаға тастау сөз жоқ тағы аянышты. Орасан зұлымдық. Заманымызда бөбек көбіпесе ананың құрсағындағы кезде әрқандай бір әдіс, не дәрі арқылы өлтірілуде. Өстіп ананың құрсағындағы бөбекті дүниеге келтірмей жою өкінішке орай ел арасында көбеюде. Дінімізде де, заң бойынша да бұл зор қылмыс. Өзін қорғаудан, сезімнен, әрекеттен мақрұм бір ет бөлшегін жою адамгершілікке де жатпайтын зор қылмыс.

Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бала түсіруді немесе бала өлтіруді Аллаһ Таъалаға ортақ қосу және көршінің әйелінің намысын кірлетуге теңеп отыр. Зинаның зор күнә екені мәлім. Алайда, бір көршінің, не бір достың касиетті ар-намысына сұғанақтық істеу екі еседен артығырақ күнә болады. Бірі зинаның күнәсі, екінші аманатқа қиянаттың күнәсі. Өйткені көршінің мал-мүлкі, жаны және ар-намысы көршіге аманат болып табылады. Бұл аманатқа қиянат істеу ең зор қылмысқа жатады.

Қадірлі жамағат! Іштегі баланы түсірудің діни және мінез-құлық тұрғысынан келтіретін зиянынан басқа әлеуметтің және денсаулық тұрғыдан да толып жатқан зияндары бар. Кім білсін, бұл бөбек бәлкім болашақта ірі бір ғалым, бір өнерпаз, не бір елдің бастығы болатын шығар. Тіпті қоғамның бір мүшесі болары талассыз ғой. Ғалымдарымыз, дәрігерлеріміз табиғатқа кнлігіп, уақытсыз түсірілген баланың салдарынан ананың денсаулығына болатын зиянды жариялап айтып жатады.

Аллаһ Таъала біздерді мұндай жаңылыс жолдарға түспеген, шынайы сезімді және білімді де мейірімді құлдарынан ете гөрсін! Әмин.

ҚЫРЫҚ АЛТЫНШЫ ХҰТПА

АХИРЕТ ӘЛЕМІ ЖАЙЫНДА

Аллаһ Таъала 30-сүренің 27-ші аятында: «Ол сондай Аллаһ жоқтан бар етіп, сосын қайта жаратады. Бұл Оған оңай. Әрі көк пен жердегі жоғары сипат Оған тән. Ол өте үстем, хикмет иесі», – делінген мазмұнда Аллаһ Таъаланың жоқтан бар етіп жараткандығы және Қиямет күні қайта тірілтетіндігі, мұның Аллаһ Таъалаға оңай екендігі, сондай-ақ бүкіл әлемдегі жоғары сипат Оған тән екендігі ескертіледі. Пайғамбарымыз Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Кісі өлген заман амалы кесіліп, токтап қалады. Бірақ үш амалы үзілмейді. Садақа жария, пайдаланатын ғылым, оған дұға қылатын игі бала», – деген. Бұл мүбәрак хадис әл-Бұхари, Муслим екеуінде де бар. «Садақа жария» деп – халықтың пайдасына жасалған тұрақты игілікті айтады. Мысалы, мешіт, медресе, жол, көпір, су, мүсәпірхана тәрізді. Пайдалы ғылым деп – халықтың пайдасы үшін басылған, жазылған кітаптарды айтуға болады. Мұндай жалпы халықтың пайдасына арналған құрылыстарды «уақыф» дейді. Бұлардан адамдар пайдаланған сайын сауабы жалғасып тұрады. Сондай-ақ жақсы тәрбиеленген адал әулеттің қайыр дұғалары да жалғасып отырады.

Негізінен өмір өліммен аяқталмайды. Дүниеге келгендегі мақсат тек қана ішіп-жеп, жатып, ұйықтап, нәпсінің қалауын істеу емес. Өйткені бұларды хайуандар да істейді. Аллаһ Таъала адам баласына ақыл, сезім беріп, артық жаратқан. Сондай-ақ пайғамбарларға кітап жіберіп, шындықты үйреткен. Адам баласы ақылдың, діннің жетекшілігінде өмірдің тек қана дүниедегі өмірмен шектелмейтіндігін, тағы өскелең бір тұрақты өмірге әзірлену үшін келгендігін білу керек. Өйткені бұл дүниедегі шолақ өмірге қош айтып, жер қойнына, қараңғы көрге кіруден ешкімнің құтыла алмайтындығына талас жоқ. Бұл дүниеге көз жұмып, көрге кіргеннен «Ахирет әлемі» басталып, дүниедегі өмірде істелген игіліктің рахаты немесе жамандықтың азабы басталады. Бұл көрден Қияметке дейінгі өмірді – «Барзах әлемі» деп атайды. Дүниедегі кезінде ізгі амал істеп, әзірлік көргендер қабірде сұрақтарға дұрыс жауап берсе, «барзах әлемі» мейлінше рахат өтеді де, қылмыстылар қабір азабына душар болып, қинаумен өтеді. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын,: «Қабір – жәннат бақшаларынан бір бақша, не жәһаннам шұңқырларынан бір шұңқыр», – деген.

Негізгі «Ахирет әлемі» деп Қиямет-қайым болған күнді айтады. Әркім қайта тіріліп, қабірлерінен тұрып «Ғарасат» майданы деп аталатын майданға жиналады. Бұл жиналысты «Махшар» деп атайды. Махшар

күні тым қорқынышты, орасан ауыр бір күн болады. Күннің ыстығы ми қайнатады. Әркім өз басымен әлек. Амал дәптерлері оқылады. Жақсы-жаман істелген істер таразыға тартылады. Дәптері дұрыс шығып, таразыда жақсылықтары ауыр тартқандар «Сират» көпірден өтіп, жәннатқа кіреді де, қылмыстылар тозаққа кіреді.

Ол қорқынышты күнде кісінің өз денесі өзіне айғақ болады. Мысалы, тіл: «Мен жалған сөйледім, ғайбат айттым, боқтадым» – десе, қол: «Мен нашарды ұрдым, пара алдым, құмар ойнадым» – деп, аяқ: «Мен зинақорлық, ұрлық істеуге, екі достың арасын ашуға жүрдім», – деп айтып береді. Негізінен Аллаһ Таъала ешкімге әділетсіздік істемейді. Әркім дүниеде не ексе, ахиретте соны орады. Сондықтан Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Дүние – ахиреттің егіндігі», – деген. Жұмақ та, тозақ та дүниедегі істеген істеріне сәйкес табылады. Ахиретке және ондағы жағдайларды мойындап, Құранның әмірлері, пайғамбардың жолымен ғибадаттарын мүлтіксіз орындап, өзіне, елге, жұртқа пайдалы іс істеген кісіге Аллаһ Таъала толық бодауын берумен қатар, артық сыйлық та береді.

Аллаһ Таъала біздерді Өз әмірі, Пайғамбарының сүннеті бойынша өмір сүріп, ахиретте зор бақытқа бөленген құлдарынан ете гөрсін! Әмин.

ҚЫРЫҚ ЖЕТІНШІ ХҰТПА

ӘДІЛЕТ ЖӘНЕ ИГІЛІК ЖАЙЛЫ

Аллаһ Таъала 16-сүренің 90-шы аятында: «Негізінен Аллаһ Таъала әділетті, игілікті және ағайынға карасуды бұйырады. Және де арсыздықтан, қарсылықтан, әм зорекерліктен тыяды. Сендерге насихат береді. Әрине, түсінерсіндер», – делінген түрде Аллаһ Таъала әділетті, әр жерде, әр істе ешкімнің хакын жемей қара қылды қақ жарған әділ болуды, игілік істеуді және ағайын-туыстарға көмектесуді әмір етеді. Екінші, арсыздыктан, абыройсыздықтан, шындыкка қарсы келіп бас тартудан, күш көрсетін, зор кеуделік жасаудан тыйғандығын уағыздайды. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Өзіне жақсы көргеніңді елге де жақсы көр», – дейді. Басқа бір хадисте: «Иманның ең абзалы – өзіңе жақсы көргенді елге де жақсы көруің, өзің жек көрген нәрсеңді оларға да жек көруің, өзіне жақсы көргенін туысына да жақсы көрмейінше иманды бола алмайды», – деген.

Аллаһ Таъала жоғарыдағы аятта ең алдымен әділдікті әмір етеді. Әділдік өте маңызды, аса күрделі қоғамдық мәселе. Тікелей айтқанда басқанын хақын өз хакымызбен тен көріп, оган құрмет ету, әділеттік істеу – діни міндетіміз болып табылады. Қандай бір жағдайда болса да әділдік қолдан жіберілмесе, онда Аллаһ Таъаланың әмірі орындалған болады. Екінші, «игілік істе» ден әмір етеді. Әрине, игілік те өте күрделі бір мәселе. Адамдарға жақсылық істеу, мейірімді болу, көмектесу, жанашырлык көрсету. Әсіресе, жакын ағайындарға кол ұшын беру – игілікке жатады. Сондыктан мұны орындау әрі діни, әрі адамгершілік міндетіміз екені даусыз.

Қадірлі жамағат! Әр күн жұма хұтпасында оқылатын осы аятта үш әмір, үш тыйым бар. Сондыктан кімде-кім Аллаһ Таъаланың бұл аяттағы әмірлерін орындап, тыйғандарынан тыйылса, дүниеахиретте бақытқа жетіп, рахат өмір сүреді. Сондай-ак мұның терісін істеген кісі екі дүниеде де оңалмайды. Өйткені ол Аллаһ Таъаланын әміріне, Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, нұсқауына қарсы келген болып табылады. Мұндай әділетсіз, ешкімге игілік істемейтін, ағайынды сыйламайтын, арсыз, киқар, тоң мойын адамды ел-жұрт та сүймейді.

Аллаһ Таъала біздерді әмірлерін орындап, тыйғандарынан тыйылған, екі дүниеде де бақытты болатын құлдарынан ете гөрсін! Әмин.

ҚЫРЫҚ СЕГІЗІНШІ ХҰТПА

ОТАН ҚОРҒАУҒА БАЙЛАНЫСТЫ

Аллаһ Таъала 8-сүренің 60-шы аятында: «Сендер де шамаларың келгенше әртүрлі күш, әрі ат байлаумен әзірлік көріңдер. (Заманға сәйкес техникалық құралдар дайындаңдар), Аллаһ Таъаланың дұшпанын, өз дұшпандарыңды қорқытасыңдар. Оларды сендер білмейсіңдер, Аллаһ Таъала біледі. Ал, Аллаһ Таъала жолында не нәрсе жұмсасаңдар, сендерге толық төленеді. Әділетсіздік көрмейсіңдер», – дейді.

Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оларға: «Шамаларың келгенше күш дайын-даңдар. Сақ болыңдар. Расында, ол күш ату құралы, сақ болыңдар ол күш ату, сақ болыңдар ол күш ату», – деп үш қайырып және: «Отанды сүю иманның жартысы», – деген.

Аллаһ Таъала жоғарғы аятта: «Күштеріңнің жеткенінше жауға қарсы күш-қуат даярландар», – деп тікелей әмір береді. Үнемі жауға қарсы әзір болып тұрыңдар. Отанның тәуелсіздігі, намыс-абыройы, қайтіп-қалайша қорғалатын болса, әрдайым барлық қуаттарыңмен дайын тұрыңдар. Сонымен бірге көрнеу жауды ғана емес, жайшылықта дос болып, іштей шалатын ірге жауды да назардан тыс қалдырмау керек. Оларды сендер тани алмайсыңдар. Бірақ Аллаһ Таъалаға бәрі мәлім. Бір сөзбен айтқанда, көрнеу-көмес жаулардың барлығын имендіріп, қорқыта аларлықтай ат, көлік, қару-жарақ, күш-қуатқа ие болыңдар деген ұғымда бұйрық беріледі.

Ендеше бұл бағытта барлық шаманың келгенінше экономикалық және техникалық, білім күшін толықтастырып, әрдайым жауға қарсы дайындық көруге тиіспіз.

Қадірлі жамағат! Бұл аятта техникаға байланысты өте күрделі ұғымдар бар. Жауға қарсы шаманың келісінше, ат жаратып, әзірлік көріңдер деген. О заманда ең жоғары дәрежелі соғыс құралы ат еді. Атты әскер ең мықты әскер еді. Сахабалар Пайғамбарымыздан, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Қуат не?», – деп сұрағанда: «Қуат ату», – деп үш қайырады. Бұл ату заманымызда ядролық қаруға айналды. Ал, бұл аятта жауды қорқытарлықтай әзірлік көру әмір етіліп отыр. Яғни, заманның жауының күш-қуат жағдайымен санаса отырып, соған сәйкес, соны қорқытарлықтай қаруланған тұ-рақты қорғаныс әскери күш әзірлеуді әмір етеді. Атап айтқанда, заманның жауы қандай түрде күш-қуат әзірлеген болса, ең соңғы дәуірдің құралы қандай болса, жау қайтып қорқытылатын болса, шамаларың келетін бүкіл мүмкіншіліктерді бірлестіре отырып, жауға қарсы күш-қуат дайындаңдар! – дейді. Әрине, жауды қорқытарлықтай күш-қуат әзірлеу үшін, мұндай қару-жарақты

жасау үшін техникалық ғылым-білімге, мықты экономикаға ие болу шарт. Сондықтан жауды сескендірерліктей әскери білім мен құралға ие болуды нұсқап, бір жолда жұмсалған шығынның Аллаһ Таъала есесін береді.

Мемлекетімізді, тәуелсіздігімізді және дінімізді қорғап, сақтау үшін әскери тұрғыдан әр уақыт мықты болуға мейлінше тырысып, шаманың келісінше еңбек ету – елеулі бір ұлттық әрі діни міндет екендігі даусыз. Өйткені Құран да, Пайғамбар да бұл бағытта солай бұйырады. Қорыта айтқанда, жаудың әпігін басарлықтай әскери күш-қуат керек болса, сол қарсаңда мызғымай қайрат көрсету шарт. Болмаса қауіп-қатерден бейбіт өмір сүру екіталай болатындығы түсінікті.

Аллаһ Таъала біздерді Өз әміріне сәйкес әрекет еткен құлдарынан ете гөрсін! Әмин.

ҚЫРЫҚ ТОҒЫЗЫНШЫ ХҰТПА

ДҰРЫСТЫҚҚА ҚОСЫП, БҰРЫСТЫҚТАН ТОСУ ЖАЙЛЫ

Аллаһ Таъала 3-сүренің 110-шы аятында: «Сендер адам баласы үшін игілікті әмір етіп, қарсылықтан тыятын, сондай-ақ Аллаһ Таъалаға сенетін қайырлы бір үммет болып шығарылдындар...», – делінген мазмұнда Мұхаммедтің, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бүкіл үмметіне игілікті әмір етіп, жаман істен тыятын әрі Аллаһ Таъаланы мойындайтын қайырлы үммет түрінде ортаға шығарылдындар. Яғни, сендердің міндеттерің дұрыстыққа косып, бұрыстықтан тосу болмақ деп ескертіледі. Пайғамбарымы, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сендерден біреу бір қарсылық іс көрсе, яғни шариғатқа оғаш бір жағдай көрсе сонда оның қолынан келетін болса, қолымен тыйып өзгертсін. Егер олай ете алмаса, тілмен айтып насихаттап өзгертсін. Ал, егер, оған да шамасы келмейтін болса, жүрегімен өзгертсін (оны жек көрсін). Бұл иманның ең нашары», – деген. Иманы мықты кісі бұзық іске шыдап тұра алмайды, – деген ұғымда...

Бұл аят пен хадис бойынша бір мұсылман бір мұсылманның әрқандай бір кателігін көрсе, оған көз жұмбай оны міндетті түрде тыюға, шамасы келгенше оны не оларды бұрыс жолдан тосып, дұрыс жолға қосуға тырысуы шарт. Егер ол дінге оғаш істі көре тұра шамасы келгенше соның алдын алып, одан тыюға кіріспесе, діни жауапкершілік міндетін орындамағандықтан істеушінің күнәсіне ортақ болады. Сондай-ақ ол қылмыстың салдарынан бір апат келсе, ішінде бірге кетеді. 8-сүренің 25-ші аятында: «Және сендерден жеке залым болғандарға ғана кесірі тиіп калмайтын бүліктен сақтаныңдар. Сондай-ақ Аллаһ Таъаланың катты азап иесі екенін біліңдер», – деп кесірдің кесапаты тек қана залым болғандардың өз бастарымен кетпей, «таудан тас құласа, етектегіні ала кететіндігі» ескертіледі.

Дұрыстыққа қосып, бұрыстыктан тосу – әрбір мұсылманның мойнына парыз. Қырық парыздын екеуі осы болып бекітілген. Яғни, игіліккс косу бір парыз. Діни білімі болмағандар діп жолына мал-жанымен, ықпалымен және баспасөз, радио, теледидар арқылы көмектессе, осы парызды атқарған болып міндеттен құтылады. Бұл парызды аткыруға байланысты көмектесіп, қоғам құрып, тұрақты және ұйымдасқан түрде жақсылыққа қосу, жамандықтан тосу жұмысын алып жүру діни міндет.

Осы сүренің 104-аятында: «Седерден жақсылыққа шақыратын, дұрыстыққа косып, бұрыстықтан тосатын бір топ болсын. Міне, солар құтылушылар...», – делінген түрде, бір Ислам қоғамы болуы

әмір етіледі. Сондықтан дін ережелерін жайып, дінге оғаш істердің алдын алатын бір ұйым болуы және оны әр мұсылманның міндетті түрде қолдап, көмектесуі шарт. Өйткені Аллаһ Таъала Құран Кәрім арқылы тұжырымды түрде әмір беріп отыр. 5-сүренің 2-ші аятында: «Жақсылыққа, тақуалыққа жәрдемдесіңдер...», – дейді.

Құран Кәрімнің әрбір сүресі, әрбір аяты тіпті әрбір сөзі біздерге үлгі боларлықтай аса терең мағыналы, дүние-ахиретімізге өте пайдалы, күрделі нұсқаулар береді. Айталық, 103-ші сүре ең қысқа сүрелердің бірі. Бірақ маңызы зор, ұғымы тым күрделі мазмұнды қамтиды.

Ардақты дінбасыларымыз: «Құранда басқа ешбір сүре түспей, осы сүре түскен болса да (адам баласының дүние-ахирет бақытын қамдауға) жетер еді. Өйткені бұл сүре Құран Кәрімнің бүкіл танымдарын қамтиды», – деген екен:

«Аса қамқор, ерекше мейірімді Аллаһ Таъаланың атымен бастаймын».

«Заманға серт. Негізінен адам баласы зиянда. Бірақ иман келтіріп ізгі іс істегендер, бір-біріне шындықты үгіттесіп, сабырды үгіттескендер зиянға ұшырамайды», – дейді. Демек, ғасырлар, дәуірлер, уақыттар бойы адам баласы зиянда болып, арманына жете алмай келе жатыр, әрі сөйтіп кетіп бара жатыр. Бірақ Аллаһ Таъаланың барлығына, бірлігіне сеніп, бұйырғанын орындап, тыйғанынан тыйылып, бұл шындықты бір-біріне өсиет етісіп, жалғастыра отырып, осы бағытта ақиқатты бір-біріне жалғастыру барысында шындықты мойындамай қарсы пыққан тоңмойындардан келетін әртүрлі қиыншылықтарға сабырлы болып, қеуде керіп бір-біріне өсиет етісіп, жалғастырып отырғандар зиянға ұшырамайды. Немесе тіпті түбінде мақсатқа бір жетеді. Басқа бір аятта: «Аллаһ Таъала сабырлылармен бірге болады», – делінеді.

Ал, бұл өзара өсиеттесу, уағыз-насихат етісуге өте-мөте жұмсақ әрекет ету керек те, ешкімнің көңілін қалдырмау қажет. Нағыз даналық жолмен, аса биязы сөзбен, шынайы сүйіспеншілікпен, шын пейілмен анықтап түсіндіруге тырысу керек. Ашу шақыру, ыза болу, қатаңдық істеу теріс әсер етеді. 16-сүренің 124-ші аятында: ««Адамдарды Раббының жолына даналық және көркем үгіт арқылы шақыр. Әрі олармен көркем түрде күрес», – деп бұйырады. Жылы сөйлеп, күресті көркем түрде жүргізу әмір етіледі.

Тақырыпқа байланысты мына өнегеге назар салыңыз. Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, екі сүйікті немересі Хасан мен Хусейн (Аллаһ олардан разы болсын) бала кездерінде жақсы дәрет ала алмаған бір шалды көріп, оған жақсы дәрет алуы үйрету үшін, алдымен Хусейн Хасанға: «Аға, мен дәрет алайын. Дұрыс па екен көріңізші?!», – деп дәрет алады. Ал Хасан Хусейнге: «Мен де

дәрет алайын, сен де көрші», – деп дәрет алады. Оларды көрген шал: «Сендер дәретті менен жақсы алады екенсіндер», – деп қайта дұрыстап дәрет алады. Діни ережені білмейтін біреуді «сен білмейсің» деп бетіне басып кемітпей, ыңғайын тауып үйретуге тырысу керек. Әркім білгенін жалғастырып, шамасы келгеншe насихаттауды өзіне міндет деп білуі шарт.

Қадірлі жамағат! Бұл «Әмір мағруф, нәһи мүнкәр», яғни, дұрыстыққа қосу, бұрыстықтан тосу міндетіне байланысты Аллаһ Таъала Құран Кәрімнің жеті жерінде кейде әмір, кейде ескерту түрінде нұсқау береді. Екеуі жоғарыда көрсетілді.

1. 41-сүре 33-аят: «Мен шын мұсылманмын» деп Аллаһ Таъалаға шақыра отырып, ізгі іс істеген кісіден сөз турасында жақсы кім бола алады»

2. 51-сүре 55-аят: «Үгітте, өйткені үгіт мүминдерге пайда береді».

3. 20-сүре 133-аят: «Үй-ішінді намазға бұйыр және өзің де оған көңіл бөл».

4. 31-сүре 17-аят: «Әй, ұлым! Намазды толық орында, дұрыстыққа бұйырып, бұрыстықтан тый. Басыңа келген ауыршылыққа сабыр ет. Рас бұлар маңызды істер».

5. 4-сүре 114-аятта: «Олардың өзара күңкілдерінің көбінде қайыр жоқ. Бірақ, кім бір садақаны, не бір игілікті немесе адамдардың арасын жарастыруды әмір етсе, ол қайырлы. Және біреу осыны Аллаһ Таъаланың ризалығын іздеп істесе, сонда оған жедел ірі сауап береміз», – деп баян етіледі. Бұлар осы мәселенің күрделі мәселе екендігін дәлелдеуге жетіп асады. Және бұл тақырыпқа байланысты толып жатқан хадистер бар. Мәселен, «Үмметім дүниені ірі көріп, Исламның айбаты жүректерінен шығады да, дұрыстыққа қосу, бұрыстықтан тосуды қалдырады. Діннің қасиетінен мақрұм қалып, бір-бірімен боқтасумен болады. Міне, сол уақытта Аллаһ Таъаланың назарынан түседі», – деген. Әрине, боқтау, боқтасу өте әдепсіздікке жатады. Бір хадисте: «Боқтау, бұзақылық, кісі өлтіру – күпірлік», – деген. Сондықтан иман айтатын ауыздан боқтық шығармау керек. «Боқтау және боқтық» аты да жайсыз ғой. Мүбәда байқаусызда ауыздан боқтық шығып қалса, дереу тәубе етіп, екінші қайтіп боқтамау шарт.

Аллаһ Таъала біздерді Өз әмірі бойынша жақсылықты үгіттеп, жамандықтан тыйған, өзі таза, аузы пәк иманды құлдарынан ете гөрсін! Әмин.

ЕЛУІНШІ ХҰТПА

РАМАЗАН МЕРЕКЕСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Қадірлі жамағат! Аллаһ Таъала ұстаған оразаларыңызды, істеген ғибадат-құлшылықтарыңызды қабыл айлап, келешекте де көптеген айт мерекесін құттықтауды нәсіп ете гөрсін! Әмин.

Қадірлі жамағат! Аллаһ Таъаланың біздерге берген сансыз нығметтері, ұшы-қиырсыз сыйлықтары бар. Міне, осы айт мерекесі үшін бір жерге жиналудың өзі нығмет. Аллаһ Таъала Құран Кәрімде 14-сүренің 34-ші аятында: «Аллаһ Таъаланың берген нығметтерін санап, санына жете алмайсыңдар», – дейді. Мысалы, жанымыздың бойымызда тұруы, тірі өмір сүріп, осы жиналысқа қатынасуымыздын өзі қандай зор нығмет десеңізші?!

Көзіміздің көруі, құлағымыздың естуі, тіліміздің сөйлеуі, жүрегіміздің ойлауы, сондай-ақ миымыздың әр нәрсені сезуі және ақыл-есіміз...

Біз жан-жағымызға көз жіберіп қарасақ осы айтылған нығметтерге ие бола алмаған, аяғын басып жүре алмайтын, қолымен ұстай алмайтын, баска да мүгедек, мұқтаж қаншама адамдарды көреміз. Міне, солардан ғибрат алып, өз халімізге шүқірлік етіп, Аллаһ Таъалаға ғибадат етуіміз шарт.

Аллаһ Таъаланың біздерге берген бұл нығметтері екі түрлі немесе екі тұрғыдан қарауға болады.

Біреуі – мадди, яғни заттай, материалдай көзге көрінетін нығметтер.

Екіншісі – мағнауи, руханн, яғни көмескі, бірақ бар екендігі анық нығметтер. Мысалы, осы тіршілігіміздің өзі (мадди-мағнауи) көрнеу-көмескі екі элементтен тұрады. Немесе екі түрлі элементпен тығыз байланысты екенін айқыи көруге болады.

Біреуі маддн (заттай) көзге көрініп тұрған деиеміз болса, екіншісі көмескі түрдегі жанымыз, акыл-есіміз болып табылады. Біз осыны білсек, Аллаһ Таъаланың барлығын да білеміз.

Біз тіршілігімізде көрнеу-көмескі екі нәрсеге мұқтажбыз. Ашып айтқанда, тамақ жеп, сусын ішіп, денемізді күшейтіп, өмір сүруге қандай мұқтаж болсақ, рухымызды азықтандырып, тәрбиелеп күшейтуге сондай мұқтажбыз. Деиеміз тамаққа сүйеніп өмір сүрсе, рухымыз сабаққа сүйеніп өмір сүреді.Сонымен көмескі дүниеміздің бір көмескі күштен нәр алуға әбден мұқтаж екендігі айқын.

Ислам діні мадди тұлға мен мағнауи элементкє тең қарап, екеуін бірдей тең тәрбиелеп өмір сүргізуді уағыздайды. Құран Кәрімде: «Ішіпжеңдер, ысырап етпеңдер», «Дүниедегі сыбағаңды ұмытпа», – делінген

түрде дүниеден заттай пайдалануды әмір етеді. Сонымен қатар орынсыз ысырап етпеуді де ескертеді.

Ал, енді екінші жағынан Аллаһ Таъала: «Мені еске алып зікір етсеңдер, Мен де сендерді еске аламын. Және шүкірлік етіп, қарсы болмандар», – деген. Әрдайым Аллаһ Таъаланы еске алып, әмірлерін орындап, қарсылық істемей, нығметтеріне шүкірлік етуді, рухани жақтан да мейлінше қамтамасыз болуды елестетеді.

Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Еш өлместей дүниен үшін еңбек ете отырып, ертең өлердей ахиретің үшін еңбек ет», – делінген түрде екі дүниені тең қамтуды уағыздайды.

Жанның тәнмен бірігіп тұрған шағындағы тіршілікті «хаят» деп атайды. Ал, жанның денеден айрылу құбылысын «мәут» деп атайды. Негізінде өліммен өмір түгемейді. Қайта мәңгілік тіршілік басталады. «Дұрысында ахиреттің анық тіршілік екендігін олар білген болса», – делінген аят о дүниеде мәңгі тіршілік бар екенін дәлелдейді. Және: «Кім бір тозаң түйірінің салмағындай жақсылық істесе ол оны көреді. Ал, кім бір тозаң түйіріндей жамандық істесе оны да көреді», – делінген аят пен Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Дүние – ахиреттің егіндігі», – деген хадисі бұл дүниеде не екенін о дүниеде соны оратындықты анық дәлелдейді. Сондықтан иманның негізгі шарттарының бірі – өлгеннен кейін қайта тірілуге сену екендігін әр мұсылман шынайы білуі шарт.

Қорытып айтқанда, адам баласы бұл дүниеде жақсы, жаман нендей іс істеп келген болса, о дүниеде соған орай мүкапат немесе жаза көреді.

Ол үшін дінге сеніп, иман келтірген мұсылманның бұл дүниедегі өмірінде діннің әмірін орындап, тыйым салған істерін мейлінше көз алдыға ұстап, міндетті түрде сақтануы керек. Аллаһ Таъала: «Адам баласын құрметті еттік», – деген аятта адам баласының құрметті жаратылғандығы байқалады. Сондықтан адам баласының бұл дүниеде ғана хайуан малша ішіп-жеп күн көргенді мақсат етіп, дінді мойындамай, діни әмірді орындамай, бостан-босқа өмір сүруі адамгершілік сипатына жараса ма? Әрине, жараспайды. Әсіресе, ақылы, сана-сезімі бар адамдар осыны жете түсініп, терең ойлауы шарт. «О дүниені кім көріп келіпті? Бара көрерміз», – деп шолақ ойлап, қате түсінбеу керек. Егер өлгендер топ-тобымен тіріліп келіп, о дүниенің жағдайына байланысты хабарды берсе, онда не баға қалар еді? Тіпті мойындағысы келмегендер: «Өзім барып көзбен көрмедім», – деп оған да нана кояр ма еді?

Қадірлі жамағат! Мақсатқа келсек, жылына бір рет жиналып оқитын рамазан айт намазы (мерекесі) Аллаһ Таъаланың біздерге ілтипат етіп берген зор нығметтерінің бірі, сондай-ақ ең бастысы болып табылады. Біздер намазға бір-бірімізді құттықтап, Аллаһ Таъалаға құлшылық ету үшін жиналамыз. Аллаһ Таъала ұстаған ораза, берген садақа, ет-

кен құлшылықтарымызды қабыл алсын. Аллаһ Таъала о дүниеге кеткендерімізді де жарылқасын! Әмин.

Ислам діні негізінен бес нәрседен тұрады. Бұны исламның бес шарты немесе бес парызы деп атайды.

Бірінші: Аллаһ Таъаланың барлығына, бірлігіне және Мұхаммед, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Аллаһ Таъала тарапынан жіберілген елші екендігіне сену. Яғни, «Аллаһ Таъаладан басқа ешбір тәңір жоқ, Мұхаммед, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Аллаһ Таъаланың елшісі» – деу.

Екінші: бұл сенім бойынша күніне бес уақыт намаз оқу.

Үшінші: жыл сайын рамазан айында ораза ұстау.

Төртінші: мал-мүлкі болса жылына бір рет зекет беру.

Бесінші: шамасы келсе өмірінде бір рет хажыға бару.

Бұл айтылған исламның бес парызын орындауды – (ғибадат) құлшылық деп атайды. Бүкіл дін ерсжелерін орындауды – (салих ғамал) дұрыс іс деп атайды. Ол үшін Құран Кәрімнің көптеген жерінде «Иман келтіріп, дұрыс іс істегендер», – делінген түрде тіркеліп айтылады.

Бұл ғибадаттар бірнеше сипаттан тұрады.

Айталық, намаз дененің әрекетімен, ораза денемен байланысты нәпсі тыпомен орындалатын болғандықтан екеуі де – «Бәдәни ғибадат», яғни дене ғибадатына жатады. Зекет – «Мали ғибадат» болса, хаж – әрі мали, әрі бәдәни ғибадат болып атқарылады.

Жоғарыда көрсетілгендей исламның бес парызының бірі – жылында бір рет рамазан айында ұсталатын ораза «Рамазан айының оразасы сендерден бұрынғыларға парыз етілгендей, сендерге де парыз етілді. Әрине, сақтанарсыңдар», – делінген аят бойынша бекітілумен қатар, Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Исламның бес парызының бірі – рамазан айында бір ай ораза ұстау», – деп бекіткен. Сондықтан біртұтас мұсылмандардың рамазан айында бір ай ораза ұстаулары парыз.

Аллаһ Таъала құлдарының істеген немесе істейтін әркандай құлшылықтарына мұқтаж емес. Бірақ әмірлерін орындаған құлдарын мархамет етіп, әлденеше есе артылтып мүкапаттандырады. «Кім бір жақсылық істесе, оған он есе болады», – делінген және садака жайындағы бір аятта жеті жүзге дейін артық мүкапаттандырылатындығы білдірілген. Ал, оразаның мүкапатына байланысты Аллаһ Таъала хазірет Елшісіне білдірген бір құдси хадисінде: «Аллаһ Таъала ораза Маған тән, оны Өзім мүкапатандырамын», – деп бір мөлшерлі шек білдірмей, оны міндетті түрде Өзім сыйлаймын дегені Аллаһ Таъаланың оразаны ерекше жоғары бағалап, өте қадірлегендігінің ашық дәлелі екендігі түсінікті. Және бір хадисте: «Кімде-кім рамазан айының оразасын Аллаһ Таъаланың әмірі болғандығына сене, сауабын үміт ете отырып

ұстаса, бүкіл өткен күнәлары жарылқанады», – деген. Бұдан басқа да бұл жөнінде көптеген хадистер бар.

Рамазан айының ең ірі қасиеті – отыз пара Құран Кәрім осы айда Мұхаммед, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, пайғамбарымызға түсе бастаған. «Рамазан айы Құран түсірілген қасиетті ай» – делінген аят және екінші артықша ерекшелігі – Қадір түні:

«Бұл айға тән Қадір түнінде ояу отырып, құлшылық істеу – мың ай құлшылық істегеннен артық», – делінген аят бұл айдың қасиетіне жетіп асады. Аллаһ Таъала біздерді рамазан айының қадірін біліп, қасиеттеріне сеніп, жете бағалай отырып ораза ұстаған, күнәсі кешіліп, мархаметіне бөленген, тозақтан аулақ, жәннаттық құлдарынан ете гөрсін! Әмин.

Біздер Аллаһ Таъаланың бағыштаған нығметтері мен мархамет еткен сыйлықтарын жоғары бағалап, толық сене отырып, солардың шүкіршілігі үшін ғибадат, құлшылық істеуге тиіспіз. Әсіресе, он екі айда бір келген рамазан айының зор қасиеттерін біліп, мойындай отырып, шын ынта, шын пейілмен ораза ұстап, Құран оқып, тарауих тағы басқа нәпіл намаздар өтеп, мүкапатқа ие болуға тырысуымыз шарт. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір хадисінде: «Амалдар ниетке байланысты», – деген. Негізінен бір істі қай мақсатпен атқарсаң, сол ниетіне қарай нәтижесін көресің. Істеген істі немқұрайды емес, ықыласпен орындау керек деген ұғымды білдіреді.

Ораза ұстағанда таңнан кешке дейін аш жүріп қана қоймай, Аллаһ Таъаланың әмірі екендігіне нақ сеніп, оразаны құрметтей, сауабын үміт ете, барлық тыйым салынған нәрселерден – өсек-аяннан, күншілдіктен, ғайбаттан, алдамшылықтан, өтіріктен, жанжал-төбелестен, ұрлық-зорлықтан, арсыздықтан, абыройсыздықтан, зинадан, намыссыздықтан, әсіресе, ислам діні бойынша кесімді түрде тыйым салынған, ауызға алынуы мүлде харам етілген, киімге тисе жумай намаз оқуға болмайтын «Нәжіс» деп саналған арақтан өте сақтануымыз қажет.

Бұл жерде жоғарыдағы айтылғандарды рамазан айынан басқа уақыттарда істеуге болатын шығар деген қате түсінік тумасын. Біздер Ислам дінін қабылдап, соған бойұсынғаннан кейін сол дін шариғатының бұйырмаған, тыйым салған нәрселерінен әрдайым міндетті түрде сақтануымыз, өте аулақ болуымыз шарт.

Ал, қауым! Араққа біраз тоқталып өтейін. Яғни: «Әй, иман иелері! Мұсылмандар! Арақ, құмар, тігілген тас (пұттар) және бал ашатын оқтар лас шайтанның істерінен. Одан сақтаныңдар, құтыларсыңдар», – дейтін ұғымдағы аят және Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, хадисі бар: «Әрбір мас ететін нәрсе – арақ, әрі арақ – харам», – делінген.

Және: «Кім Аллаһ Таъалаға, ахирет күніне сенсе арақ ішпесін, ал кім Аллаһ Таъалаға, ахирет күніне сенсе, тіпті арақ ішілген дастарханға

отырмасын», – делінген тағы басқа да хадистер бойынша арақтың мүлде харам етіліп, тұжырымды тыйым салынғандығын, сондай-ақ ғылыми тұрғыдан да денсаулыққа өте зиян және қазақ елінің әдет-ғұрпында болмағандығын естеріңізге сала отырып, өмір бойы арақты татпауларыңызды, мүбада татып жүргендер болса дереу тастап, тәубе етулерін ерекіпе өтінемін.

Аллаh Таъала біздерге тауфиқ, hидаят беріп, әмірін орындап, арақтан аулақ болған мықты құлдарынан ете гөрсін!

Жыл сайын аттандырып отыратын рамазан айы, сондай-ақ артық сыйлық айы. Бұл айда парыз ғибадат орындалса жетпіс есе, ал нәпіл ғибадатқа парыздың сауабындай сауап болады. Сондықтан мұсылмандар жылдық зекетін осы айда бергенді жөн көреді.

Негізінен алып қарағанда ислам жүйелі түрде қоғамдық көмектесуді, жетім-жесір, жоқ-жітікті үнемі сүйеп, әрдайым қорғап-қоршап қамқорлық жасап, қамтамасыз етуді әмір етеді. Онымен қатар дербес адамдар жеке түрде «зекет, ғұшыр» деген атаумен басқалай «Аллаh Таъала жолында пайдаландыру» және «өзара жақсылыққа, тақуалыққа көмектесу» деген жолдармен міндетті түрде өзара жәрдемдесуді уағыздайды.

Ол үшін рамазан айына тән «фітір садақасы» делінген ораймен жоқ-жітікке қарасу уәжіп болған.

Фітір садақасы – адам басына жарты сағ бидай немесе арпа, тары, құрмадан бір сағ. (сағ.: онқадақтық өлшеу). Осы заттардың бағасындай ақша берсе де болады. Фітір садақасы зекетке толарлық дүниелігі не ақшасы болғандарға уәжіп болады. Және фітір садақасы өзі фітір беруге шамасы келмейтін пақыр адамдарға беріледі. Фітір садақасы оразаның қабыл болуыпа, қабір азабынан аман болуға себепші болады. Әрі өзара көмектесіп, кембағалдарды қуантып, көңілін алудың бір жолы болғандықтан айт күндерінен бұрынырақ беріп қоюға болады. Айт күнінен қалдырмау керек. Шариғат бойынша фітір садақасы зекет берілетін жеті орынның біріне (жататын) пақыр-міскінге берілуі қажет.

Екі айт намазы да екі рәкағаттан тұратын уәжіп намаз. Екі айт намазы да күн біраз көтерілгеннен кейін, түстен бұрын оқылады.

Аллаh Таъала біздерді келесі ораза және мерекелерін нәсіп ете гөрсін! Әмин.

Ал, қадірлі жамағат, екі айт намазы да екі рәкағаттан тұратын уәжіп намаз. Екі айт намазының орындалуында айырмашылық жоқ. Рамазан айт намазының ниеті: «Ниет еттім рамазан айт намазын нағыз Аллаh үшін өтеуге, жүзімді қыбла тарапына қаратып, ұйыдым имамға, Аллаhу Әкбар!» – деп, алғашқы рәкағатында «Субханәкә»-дан кейін, екінші рәкағатта қырааттан кейін имам да, жамағат та үш рет тәкбір айтып қол көтереді.

ЕЛУ БІРІНШІ ХҰТПА

ҚҰРБАН МЕРЕКЕСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Қадірлі жамағат! Сіздар өте көңіл бөліп нақ ынтамен тыңдаңыздар! Бұдан екі ай он күн бұрын рамазан мерекесін өткізіп еділіздер. Ал, енді міне, Аллаһ Таъалаға сансыз шүкір, құрбан мерекесін қуанышпен құттықтау мақсатымен жиналып отырсыздар. Әрине, әрбір жиналыстың өзіне тән негізгі мақсаты, өзіндік себебі болады. Бәрімізге мәлім бүгін дүние жүзіндегі мұсылман елдері осы діни мерекені құттықтауға жиналуда. Әсіресе, исламның бес парызы болған хаж амалдарын орындау үшін төңіректің төрт бұрышындағы миллиондаған мұсылман Мекке қаласындағы Аллаһ Таъаланың үйі Қағбаны шыр айналып тауап етіп Аллаһ Таъалаға жалбарынуда. Аллаһ Таъала сіздерге де нәсіп етсін. Дұға-тілектеріңізді сол хажылардың тілектерімен бірге қабыл етсін.

Қадірлі жамағат! Келер жылғы осы құрбанға дейін кім бар кім жоқ. Былтыр осы құрбанда арамызда бар адамдардың бір қаншасы о дүниеге кеткен. Аллаһ Таъала олардың алдынан жарылқасын. Сондықтан араларыңызда қандай бір көңілсіздік өтіп, араздық жағдай туған болса, кек сақтаспай татуласып, табысып бұрынғыдай боп кетсеңіздер көп сауапқа ие боласыздар. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, үш күннен артық кек сақтаспауды уағыздаған. Сондай-ақ араларыңызға береке-бірлік кіріп, дүниелік істеріңіздің нығайып дамуына да дәнекер болар еді.

Қадірлі мұсылмандар! Бұл аз күндік шолақ өмірді бос өткізбей, әсіресе, осындай ірі қасиетті күндерде Аллаһ Таъалаға шын ықыласпен құлшылық істеп, пақыр-міскінге, жоқ-жітікке қарайласып, қолдан келгенінше қамтамасыз етуге тырысу шарт. Пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Адамдардың жақсысы – адамдарға пайдалысы», – деген.

Бұл құрбан шалу біздерге хазірет Ибраһим (ғ.с.)-нан қалған жол болып, шамасы келетін кісіге уәжіп, яғни міндетті бір амал. Сондай-ақ айт намазын өтеу жалпыға уәжіп. Аллаһ Таъала Ибраһим (ғ.с.)-ды сынамаққа: «Ұлың Исмайылды құрбан ет» – деп түсінде аян береді. Ұлы пайғамбар дереу орындау үшін баласына білдіргенде, баласы ықыласпен қабылдап Мина тауына апарып бауыздағанда пышақ кеспейді. Бұл ашық сынауға толған әке мен баланың ықыласына разы болған Аллаһ Таъала құдіретімен құрбандық қошқар жіберіп құтқарады. «Шын мәнінде ол ашық бір сынау еді. Оны ірі құрбандыққа ауыстырдық» (37/107) – делінген ұғымдағы аят осы оқиғаны дәлелдейді. Ибраһим (ғ.с.) сол құрбандықты көргенде қуанғаннан: «Аллаһ ұлық, Аллаһ ұлық.

Аллаһтан басқа ешбір тәңір жоқ және Аллаһ ұлық, Аллаһ ұлық, барлық мақтау Аллаһқа тән», – деп тәкбір айтады. Мұны – «Тәкбір ташрик» деп атайды. Сондықтан біздерге құрбан айының тоғызы арафа күнгі таң намазынан бастап, айдың он үші, айттың төртінші күнгі екінті намазына дейінгі жиырма үш уақыт намаздың парызының артынан тәкбір ташрик оқу уәжіп.

Заманымыздан мыңдаған жыл бұрынғы өткен атамыз хазірет Ибраһимнің (ғ.с.) осы сүннетін (жолын) орындау үшін миллиондаған хажылар отандары, мемлекеттері бір-бірінен ұзақ, әдет-ғұрыштары бөлек, өн-түстері ұқсамайды, киімдері бөтен, тілдері басқа бола тұра тек қана ақ түсті ихрамға оранған бойда аппақ болып теңіздей толқыған қалың хажы «Әміріңе әзірміз, әміріңе әзірміз», – деп улап-шулап, жылап-еңіреп Қағбаны айнала тауап етіп Сафа, Мәруаға жүгіріп, Арафатқа тоқтап, Минада шайтанға тас атып, құрбан шалады. Бұл ерекше айта қаларлық жағдай. Мұндай орасан зор жиналыс басқа ешбір дінде жоқ екендігі түсініікті. Бұл зор жиналысқа қатынасқан адамдардың жүрегі тас болса да бір жібіп, бойы балқымай қоймайды. Аллаһ Таъала нәсіп етсін.

Құран Кәрімнің ең қысқа сүресінің бірі – «Кәусар» сүресінде: «Әй, Мұхаммед, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, саған (пайғамбарлықта, Құранды, исламды, ғылымды, миғражды) ұжмақтағы Кәусар атты көлді бердік. (Соның шүкірлігі үшін) айт намазын оқып, құрбан шал», – делінген ұғымдағы аят бойынша және Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Шамасы келе тұра құрбан шалмаған кісі намаз оқитын жерімізге әсте жақындамасын», – делінген хадисі бойынша, шамасы барларға құрбан шалу уәжіп болған.

Сондықтан негізгі кажетінен артық ақша немесе мал-мүлкі барға уәжіп болған құрбан – қой мен ешкінің бір жасқа толғаны, сондай-ақ қойдың алты айлық марқасы бір жасындағыдай зор болса бір кісіге жарайды. Түйенің бес, сиырдың екі жасындағысы жеті кісіге жарайды. Дені сау семіз болуы керек. Мүмкін болган жағдайда қой мен ешкінің еркегі, түйе мен сиырдың ұрғашысы абзал. Соқыр, саңырау, ауру, қотыр, мүйізі түбінен сынған, жіліксіз арық мал жарамайды. Алайда туғаннан шұнақ, тоқал мал жарайды. Құрбанды айттың үш күнінде де шалуға болады. Түнде шалу мәкруһ. Сауапты уақыты айт намазы оқылмаған жерлерде, айт намазынан бұрын. Ал айт намазы окылатын жерлерде айт намазынан кейін. Білетін кісі өз қолымен бауыздау, білмейтін кісі бауыздалғанда жанында болып: «Иә, Аллаһ! Өз ризалығың үшін шалған құрбанымды достың Ибраһим (ғ.с.)-нан кабылдағандай қабыл ал! Егер әмірің болса, жолыңа жанымды да құрбан етер едім!», – деп

шынайы ықыласпен тілек тілеу керек. Басқа арнаулы бір құрбан батасы керек емес. Құрбан етінің ең азында үштен бірін пақырларға садақа етуге тиісті. Үй-ішімен өздері жесе де болады. Терісін садақа ету тағы жақсы.

Қадірлі мұсылмандар! Бұл жерде сіздерге ескерте кететін мәселе, айтып сойған малдың жағдайы қуанғанда, қысылғанда немесе тіпті қарапайымда Аллаһ Таъалаға арнап мал айтып сою дұрыс-ақ. Шариғатта мұны «нәзір құрбан» деп атайды. Құрбан деген сөздің мағынасы жақындасу болғандығы үшін, әрдайым Аллаһ Таъалаға жақындасу ниетімен арнап мал айтудың өзі өз алдына бір құлшылық. Сондай-ақ жоқ-жітікке қарасудың бір орайы болып есептеледі. Бұл малды ауыздан шығып айтылғаннан кейін орындау уәжіп. Оны орындаса жоқ-жітікке қарасқандығы үшін сауап табады да, орындамаса күнәһар болады. Бұған «Олар нәзірлерін орындасын» – деген аятта, айтқанын орындасын делінген әмір бар. Әрине еліміздің салты бойынша «Ақсарбас» деп аталады. Бірақ негізінен малдың түсі-түгі шарт емес. Құрбанға жарарлықтай дені-қарны сау болса бола береді. Бұл «нәзір құрбан» немесе айтқан мал Аллаһ Таъала жолына арналған пақырдың хақы болғандығы үшін, етінен иесі әрі садақа алуға болмайтын бай кісілердің жеулеріне болмайды. Мысалы, зекетке айырған малды немесе акшаны мал иесі өзі, не бай кісі жеу дұрыс емес. Нәзірді сойып, яки тиісті орнына беру керек. Егер мал иесі нәзірдің етінен жесе, жеген етінің бодауындай ақша, садақа беру шарт. Қазақтың салты бойынша айтқан малды (нәзір құрбанды) ауылдың аксақалдарын жинап алып, соларға сойып береді. Ол дұрыс емес. Мұндай жағдайда айтқан малы орындалмаған, мойнынан түспеген болып, күнәһар болады.

Қадірлі көпшілік! Бұл нәзір құрбанды ауызға алып атағанда, тек қана нағыз Аллаһ Таъалаға атау шарт. Аллаһ Таъаладан басқа әулие-әмбиеге немесе атақты біреудің ата-бабасының әруағына, солардан көмек тілей арнап айту дұрыс емес. Мұнда Аллаһ Таъалаға серік косқан болады. Серік қосу ең кешірілмейтін күнә. Онымен катар «Аллаһтан басқаға арналып бауыздалған малдың еті харам», – делінген аят бойынша, еті харам болады. Әрине нағыз Аллаһ Таъалаға арнап, Аллаһ Таъаланың атын атап бауыздаған малдың етін пақырларға таратып, бір нәрсе үміт етпеу шартымен сауабын өлгендердің әруақтарына бағыштау дұрыс.

Құрбан айт намазының ниеті: «Ниет еттім құрбан айт намазын нағыз Аллаһ үшін өтеуге, жүзімді кыбла тарапына каратып, ұйыдым имамға, Аллаһу Әкбар!», – деп, алғашқы рәкағатында «Субханәкәдан» кейін, екінші рәкағатта қырааттан кейін имам да, жамағат та үш рет тәкбір айтып кол көтереді.

ЕЛУ ЕКІНШІ ХҰТПА

НЕКЕ (НИКАХ) ЖАЙЫНДА

Мәдени бір уәделесу түріндегі неке бір тарапынан алғанда да ғибадат болып табылады. Өйткені отбасының ірге тасын орнатқан байламның неке екені даусыз.

Ал, отбасына дініміз зор мән берген. Сондықтан отбасы – адам баласы рахат көретін бір орта, әрі ұрпақтың жалғасуы үшін бір себепкер ұя, онымен қатар зина сияқты адам баласы мен қоғамды пәлекетке апаратын әр түрлі жамандықтардан тосатын қасиетті бір орын болып табылады.

Үйлену – Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сүннеті. Бір хадисінде: «Некелену менің сүннетім. Кімде-кім сүннетімді орындамаса менен емес. Мен сендердің басқа үмметтерден көп болуларынды қалаймын және көбеюлеріңмен қуанамын», – деп бұйырған.

НЕКЕНІҢ ДҰРЫС БОЛУЫНЫҢ ШАРТТАРЫ

Неке – ижаб және қабылмен орындалады. Үйленетін ер-әйел бірін-бірі, мәселен еркектің: «Сені әйелдікке алдым», – деуі – «ижаб» болады да, әйелдің жауап түрінде: «Сені күйеулікке қабыл еттім», – деген сөзі «қабыл» есептеледі. Бұл «ижаб, қабыл» сөзін балиғатқа толған ақылдары дұрыс екі ер немесе бір ер, екі әйелден тұратын куәлардың алдында бір-бірін естірліктей дабыстап айтулары қажет.

Шариғат бойынша некенің дұрыс болуы үшін қыз бен күйеудің «Лә иләһә ил-ләллаһ Мухаммадур Расулаллаһ», – деп айтулары оңды болады.

МАЗМҰНЫ

Хұтпаға байланысты бір екі ауыз сөз
Бірінші хұтпа. Аллаһ Таъалаға иман келтіру жайлы
Екінші хұтпа. Таухид – Аллаһ Таъаланы бірлеу жайында.
Үшінші хұтпа. Иман және амалға байланысты.
Төртінші хұтпа. Ғибадат және шариғат жайлы
Бесінші хұтпа. Періштелерге, кітаптарға, пайғамбарларға, ахирет күніне және тағдырға сену жайлы
Алтыншы хұтпа. Намаздағы шариғат үкімдері жайлы
Жетінші хұтпа. Намаздың мәні, маңызы туралы
Сегізінші хұтпа. Жұма намазына байланысты
Тоғызыншы хұтпа. Ұлы рамазан айы және басқа да қасиетті айлар жайлы
Оныншы хұтпа. Оразаның мәні, маңызы жайлы
Он бірінші хұтпа. Қадір кеші және тарауих, иғтикафқа байланысты
Он екінші хұтпа. Зекет туралы
Он үшінші хұтпа. Хажылыққа байланысты
Он төртінші хұтпа. Миғраж туралы
Он бесінші хұтпа. Мәулід туралы
Он алтыншы хұтпа. Пайғамбар, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мінез-құлықтары
Он жетінші хұтпа. Аллаһ Таъаланың және Пайғамбарымыздың, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әмірлері
Он сегізінші хұтпа. Аллаһ Таъаланы сүйген кісі Пайғамбардын, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жолын ұстасын
Он тоғызыншы хұтпа. Толық мұсылмандық жайлы
Жиырмасыншы хұтпа. Тәуекел және өзара кеңес жайлы
Жиырма бірінші хұтпа. Аллаһ Таъаладан қорқу, адамдармен жақсы қарым-қатынас жасау туралы
Жиырма екінші хұтпа. Әке-шешеге құрмет етуге байланысты

Жиырма үшінші хұтпа. Үйлену және бала тәрбиесі жайлы
Жиырма төртінші хұтпа. Туыстық қарым-қатынас жайында
Жиырма бесінші хұтпа. Кішіпейілдік және тәкаппарлық жайлы
Жиырма алтыншы хұтпа. Тазалық туралы
Жиырма жетінші хұтпа. Тағы тазалық жайлы
Жиырма сегізінші хұтпа. Аманатты қорғау жайлы
Жиырма тоғызыншы хұтпа. Арактың харамдығы жайында
Отызыншы хұтпа. Арак ішудің қоғамдық зияны жайлы
Отыз бірінші хұтпа. Құмар ойнаудың зияны жайлы
Отыз екінші хұтпа. Зинадан сақтану туралы
Отыз үшінші хұтпа. Көрші хақысы жайлы
Отыз төртінші хұтпа. Жетімдерге көмек ету жайлы.
Отыз бесінші хұтпа. Жаман ой, айыптау және жамандау туралы
Отыз алтыншы хұтпа. Біреуді мазақтау, жаман ат тағу жайлы
Отыз жетінші хұтпа. Таразыда, өлшеуде дұрыс болу жайлы
Отыз сегізінші хұтпа. Әркім еңбегіне қарай табысқа ие болады
Отыз тоғызыншы хұтпа. Сауда кәсібі жайлы
Қырқыншы хұтпа. Өнеркәсіп жайлы
Қырық бірінші хұтпа. Егіншілікке байланысты
Қырық екінші хұтпа. Ең зор күнәларға байланысты
Қырық үшінші хұтпа. Ант ішуге байланысты
Қырық төртінші хұтпа. Түрлі кәсіптерге байланысты
Қырық бесінші хұтпа. Іштегі баланы түсірудің зияны
Қырық алтыншы хұтпа. Ахирет әлемі жайында
Қырық жетінші хұтпа. Әділет және иғілік жайлы
Қырық сегізінші хұтпа. Отан қорғауға байланысты
Қырық тоғызыншы хұтпа. Дұрыстыққа қосып, бұрыстықтан тосу жайлы
Елуінші хұтпа. Рамазан мерекесіне байланысты
Елу бірінші хұтпа. Құрбан мерекесіне байланысты
Елу екінші хұтпа. Неке (никах) жайында